

841510031

733

МАХМЕТ ТЕМІРҰЛЫ



КУАН ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ
АЛҒАҢЫҢА



МАХМЕТ ТЕМІРҰЛЫ

*ҚУАН ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ
АЛҒАНЫҢА*

Қазақстан
Қарағанды 2002 ж.

Махмет Темірұлының бұл кітабына әр жылда жазылған өлеңдерімен бірге толғаулары да, дастандары да кірген. "Қуан қазақ азаттық алғаныңа" деген толғауында бұрын отарлық бұғауда болып, кейіннен тоталитарлық қысымды басынан кешірген халық үшін азаттық алудың қандай маңызы бар екенін айқын ашып береді. "Мешкей мешін" дастанында 1932-33 жылдары аштыққа ұшырап, тұтас құрып кетуге айналған қазақ халқының ауыр жағдайын шебер суреттеп көрсетеді. "Уызбай- Бикеш" дастаны бұрынғы өткен кезеңдегі бүкіл қазақ халқының, жастардың елге, жерге деген махаббатын қазіргі жастарға үлгі етіп көрсетеді. Қорыта айтқанда оқырманның отан сүйгіштік рухын көтере түсетін кітап.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.



МАХМЕТ ТЕМІРҰЛЫ

ТОЛҒАУЛАР

(БІРІНШІ ТАРАУ)

ҚУАН ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ АЛҒАНЫҢА!
/Азап пен азаттың жайында толғаулар/

Қуан, қазақ азаттық алғаныңа!
Жаңа жеттің аңсаған арманыңа.
Қорлық, азап, қырғынға душар болып,
Өлмей аман өмірде қалғаныңа.

Нұрын шашып еліме тұрған жайнап,
Аспан түстес төбеңде көкшіл байрақ.
Жер де, кен де, мал-мүлік өзіндікі.
Ұқсата біл, ие бол белді байлап.

Ерік тиді өзіңе енді бүгін,
Байлық қылып пайдалан жердің түгін.
Мыңғыртып мал өсір, зауыттар сал,
Еңбек етсең келмей ме бәрі тегін.

Өз жеріңнен көрсейші өзің пайда,
Қымтырылмай, қысылмай еркін жайла!
Сары қымыз сапырып, қазы шайнап,
Шұрқыратып құлының бие байла!

Ие қылмай дәл бүгін мал мен жанға,
Жармасатын жабысып адам бар ма?!
Жерді көркейт, өзің де көркейесің,
Еңбек етіп ерінбей қолыңа ал да.

Қуанатын күн туды, қуан халқым!
Бүгін ғана ашылды жүзің жарқын.
Сақауланбай қазақша сайрасаңшы,
Ұмыт болған жаңғыртып ата салтың.

Тілден, діннен жеркөніп, елден безіп,
Туған жерден кетпекпіз қайда кезіп?!

Өскен аймақ, еліңнен қымбат бар ма,
Іс қылмаймыз қалайша мұны сезіп.

Көз жіберіп, ойға алшы өткен күнді,
Басқа түскен қайғылы қара түнді.
Дос табылмай, дұшпаның басқа шығып,
Мазақ қылып, масайрап, шат боп күлді.

Ел едік ен далада ойнақ салған,
Мыңғырып ой, қырында мал жайылған.
Жазира байтақ өлке қызықтырып,
Патшаның екі көзі қанталаған.

Қысылмай, қымтырылмай еркін жайлап,
Жүруші ек көк шалғынға бие байлап.
Ағызып көзден жасты, зар еңіретіп,
Қоныстан атамекен шықты-ау айдап.

Қайран жұрт шарасыздан жерден безген,
Таба алмай жайлы қоныс, қанғып кезген.
Жапанда малы жұтап, ақ сүйек боп,
Қиын күн басқа түсіп, еңсені езген.

Патшаның жендеттері бізді қорлап,
Қырғын сап, бағындырды елді зорлап.
Қаптатып қара шекпен мұжықтарын,
Мақсаты - жер мен суға ие болмақ.

Қоштасып туған жермен елім ауып,
Қайғылы бастарына түсті қауып.
Келімсек көкмайсаға ие болып,
Сайрандап жерімізде салды сауық.

"Қайтеміз есептесіп мұныменен,
Халық қой аң сияқты бізден төмен", -

Ойлады осылай деп басқыншылар
Қазақты жеркенішпен "киргиз" деген.

Сырымдай, Кенехандай ерлер туып,
Исатай, Махамбетті намыс буып,
Босатып қазақ жерін қас дұшпаннан,
Айқаста шығам деген елден қуып.

Ісіне қатал тағдыр бар ма шара,
Ерлердің жүрегіне түсті жара.
Кенехан қайғы жұтып елден ауды,
Қазақтың кең даласы болмай пана.

Ерлерім азаттықты армандаған,
Не керек, мақсатына жете алмаған.
Қол жеткен көп адамды қанға бояп,
Азаттық неткен қымбат сенің бағаң!

Болар ма мұны ардақтап, бағаламай,
Бұл жолда құрбан болды ерлер талай.
Асылды қолға түскен құрметтейік,
Қорғайық жанды салып жалтақтамай! -

II

Дүр сілкінді дүние патша құлап,
Қуанысты халықтар жүрген жылап.
Бостандықтың сезіліп желі ескендей,
Бір бірінен мәз болды сүйінші сұрап.

Халқы үшін қайғырып, қамын жеген,
Ерлерім де желпінді елім деген.
Еркіндікке жол созып талпынады,
Сескенеміз дегендей енді неден.

"Қызыл" шықты қан түстес туын алып,
- Тенейміз! - деп, жүргенді қажып, налып.
Көпірме сөз, уәдеге нанып қалды
Азаттықты армандап жүрген халық.

Бұған қалай шаттанып, қуанбасын,
Кемсітпейміз дегенге адам басын.
Тиылар деп ойлады жарылқанып,
Еңіреп жүрген зар илеп көздің жасын.

Жасып қалған соққыдан әбден ығып,
Бас көтерді қазақ та жатқан бұғып.
"Алашым! " деп ту алып ұрандады,
Елін сүйген егілген ерлер шығып.

- Құтқарам, - деп құлдықтан туған елін,
- Жан пида, - деп елі үшін буды белін.
Басқа төнген қатерге қарамады,
Сескенбеді таянып тұрса да өлім.

Мал таланып, түңіліп шыбын жаннан,
Қорқауларға жем болып, ел тоналған.
Наразы боп, қылтиып бас көтерсе:
Ұрып-соғып қылышпен қан ағызған.

Адам-ау деп қазақты санамаған,
Обалына ешкімнің қарамаған.
"Киргиз" құрып жоқ болса болсын десіп,
Шалыс басса аяғын табалаған.

Мұндай қорлық халықтың жанын жеген,
Жан қалмады жасы ағып төгілмеген.
Көзі көрген саналы азаматтан,
Кім қалады елі үшін егілмеген?!

Қауіпке де қарамай тұрған төніп,
Жүрмейміз, - деп құл болып енді көніп.
„Алаш” туын көтеріп желбіретіп,
Риза болды ел үшін кетсе де өліп.

Ахмет, Міржақыптар ұран салып,
Жатпайды оянсын деп бүкіл халық.
Алаштын елін сүйген азаматы
Аттанды қолдарына қару алып.

Аямады қызылдар тірі жанды,
Сорғалатып ағызды қызыл қанды.
Басшы болған қазақтың көсемдерін,
Қамауға алып, теп-тегіс қырып салды.

Тектен-текке азаттық келді деме,
Терең ойлап ұқпаймыз мұны неге?!
Төгілді қан, бұл жолда шабылды бас,
Жеп-жеңіл боп келгендей білмегенге.

Азаттықты аңсадық талай ғасыр,
Той тойлаймыз бүгінде айран-асыр.
Егеменді еліміз келеді өсіп,
Мұнан қымбат не болмақ, мұнан асыл!

Артта қалды жат жұрттан көрген азап,
Жігерленіп, желпініп қуан қазақ!
Ие болған байлықты пайдаға асыр,
Құл бас болмас" дегізбей, болмай мазақ.

III

Көз жіберсем толғанып өткен күнге,
Қан жұтамын қайғырып тіпті мүлде.
Айырылып қазақша рух, қасиеттен,
Құр Қалқайып, қарайып қалды сүлде.

Зілзала ауыр күндерді бастан кешіп,
Ел бола алмай қиналдык өркен өсіп.
Қызыл қырғын сұмдыққа душар болдық,
Кете жаздап дүниеден мүлдем өшіп.

Ойыма алсам ұйқым жоқ, тамақ өтпес,
Жара түсті жүрекке өмірі өшпес.
Бір мың тоғыз жүз жылың отыз екі /1932/
Қаралы жыл қазаққа естен кетпес.

Зұлымдықпен ойланып барлық ісін,
Қам жасапты қазақты құрту үшін.
Есенгіреп кетемін есім ауып,
Қан жылаймын қайғырып, күйіп ішім.

Қазақтың зорлап тартып малын алды,
Қайран ел түк таба алмай нәрсіз қалды.
Жүдеген ақсүйек боп малдан жаман,
Жусатып қан шығармай қырып салды.

Жұрдай қып мал - мүліктен қылды тақыр,
Орнады ел басына заманақыр.
Салынған әрбір үйдің астын қазсаң,
Қазақтың аштан өлген басы жатыр.

Апат келіп, аштықтан қырылмаса,
Өсер еді ау көбейіп қазақ қанша!
Туған жерде көп халық өзі болып,
Жүрер едік аяқты алшаң баса.

Қазақ үшін жалғасып қаралы күн,
Жоқ боп жатты адамдар шығармай үн.
Қайда кетті?..
Не үшін?..

**Жан білмейді,
Жауап бермес, үндемес бұған ешкім.**

IV

**Бір кеткендер үйіне оралмайды,
Не болды? - деп қорқады, сұрамайды.
"Халық жауы" десе оны болып жатыр,
Үрке қашып маңына жоламайды.**

**Бұл сұмдықта арқаға жаман батты,
Суық ызғар денеге тиді қатты.
Жол бастайтын серкедей асылдарын
Қамауға алып, азаптап, атты, жапты.**

**Қаларлықтай жан сақтап таппай пана,
Соққы тиіп, көп жанға түсті жара.
Асырайтын әкелер айдауда өліп,
Жесір қатын күңіренді, жетім бала.**

**Қаралы күн, қайғыны көзбен көрдік,
Үн шығармай көз жасқа ерік бердік.
Ауызынды ашқызбай, жөн сұратпай,
Қинаса да қор қылып біздер көндік.**

V

**Қорыққаннан жалындық жауды мақтап,
Жүре алмадық еркімен аяқты аттап.
Өшіп жатып, өркендеп келеміз деп,
Лепірдік-ау жағынып, жарамсақтап.**

**Кейбіреулер сол зұлым заманды аңсап,
Ірітіп жүр ел ішін зарлап, қақсап.**

**Жалғыз тиын халыққа пайдасы жоқ,
Армандаған мақсаты - биік мансап.**

**Кейбіреу жақсы атанып, жылтырап кеп,
Жасырап арам ойын жалған сөйлеп.
Жамылған қой терісін алаяқтар,
Масайрап мәз болады халықты жеп.**

**Байқа қазақ, мұндайдың соңына ерме,
Ондайларға билікті бере көрме!
Елдің емес, өз қамын ойлайтындар,
Шаң қаптырып, қаратып кетер жерге.**

**Өз елінен, Отаннан жүрген жеріп,
Кейбіреуді көзіміз жүр ғой көріп.
Көтеріп ата данқын, ата салтын,
Қазақтық рухыңды сақта берік.**

**Жалтақтама, жасқанба асып - сасып,
Адымда алға аяқты алшаң басып!
Құлдық мінез қалатын уақыт жетті,
Сескенеміз қорқақтап неден жасып?!**

**Қуанағын күн туды, қуан қазақ!
Артта қалды қайғың да, көрген азап.
Ерікті ел боп, қолыңа билік тиді,
Ел бола алмай өзгеге болмай мазақ!**

VI

**Дүрліктірді батыстан дауыл тұрып,
Қаратпады жан-жаққа мойын бұрып.
Аман қалған аштықтан жас өрімді,
Соғысқа айдап апарып салды қырып.**

Сорлы елімнің соңынан қырсық қалмай,
Оты сөніп жоғалды үйлер талай.
Ұрпақ қалмай құрыған туыстардың,
Толтырарсың түгендеп орнын қалай?!

Өшіп кетпей дүниеден құрып мүлде,
Талмаусырап жеттік-ау осы күнге.
Қалай шат боп, қалайша қуанбайын,
Қасты тиған жарылқап жаңа өмірге.

Еңбек қылып ерінбей, буып белді,
Шира қазақ, ширайтын кезің келді.
Бар байлықты қоймадан қопарып ал,
Бұрқыратып шығарып, қазып кенді.

Айтқанменен жоқпыз деп күнде зарлап,
Не түседі ағызсақ жасты парлап?
Талаптанып, талпынып көрейік те,
Өркендейтін кәсіп қып, жанды қармап.

Байлық, бақыт келеді еңбекпенен,
Өскен елдер еңбекпен өркендеген.
Бақыт құсын қондырар еңбек қана,
Ештеңе жоқ теп-тегің көктен келген.
Біз бұрын да көрдік қой еңбек етіп,
Кен де қаздық, мал бақтық суық өтіп.
Ие болып, игілік көре алдық па
Жатпады ма бар байлық шетке кетіп?!

Болып келсе бар байлық өзгенікі,
Тапқан табыс, байлығың өзіңдікі.
Өзімдікі дегенде өршеленіп,
Ұстағайсың көңілді көтеріңкі!

Ойлайықшы, біз бұрын не көрмедік,
Жұрдай болдық рухтан - елдік, ерлік.
Құлдан жаман қорғалап күн өткізіп,
Қисық ісін өзгенің дұрыс дедік.

Қарсыласпай, үндемей шыдап бақтық,
Өлермер боп өзгенің отын жақтық.
Жан сауғалап, қорғалап жүргенінен,
Ойлансаңшы, біз қандай пайда таптық?!

Жұрдай болып айырылып тілден, діннен,
Жастарымыз түк сезбей мәнгүрттенген.
Өз қағынан жеріген құландай боп,
Қазақ сөзі, қазақша салттан безген.

Елдің қамын ойлайтын жан қалмады,
Ойлайтындар қорқақтап жан қармады.
Ұлттық рух, намыс жоқ - жолбикелер
Жарамсақтық пиғылдан бір танбады.

Аталардан асыл сөз қалған мирас,
"Шыдамның да шегі бар" дегені рас.
Қатты тисе қорлығы намысына,
Қандай халық болса да қарап қалмас.

Кім білмейді кешегі желтоқсанды,
Жоса қылып ағызған қызыл қанды.
Қазақ даңқы, рухы көтерілді,
Ар, намысқа пида ғып шыбын жанды.

Кеудемсоқтар біздерді халық демей,
Қорлап бақты жетімдей өскен өгей.
Ашу, ыза булыққан аспанға атты,
Токтатса да хайуанша қанмен бөгей.

Сүйреткенде ұстап ап бұрымынан,
Қазақ қызы талықсып шырылдаған.
Азаттыққа ұмтылған арулардың,
Жан дауысы кетпейді құлағымнан.

Қазақ үні жер жарып аспандаған,
Ел қалмады естіліп таралмаған.
Азаттық деп ұрандап алға ұмтылды,
Енді ешкімге сескеніп қарамаған.

Қиналған жан қамалап іші толған,
Бүкіл жұртқа қорқыныш түрме болған,
Қаһарынан халықтың теңселіп кеп,
Быт-шыт болып күйреді қызыл қорған.

Қорғалақтап, тұншығып, жатқан бұғып,
Ес жиды еркіндікке өлім шығып.
Азаттық, қандай асыл, қандай қымбат,
Бірігіп іс қылайық осыны ұғып!

Жүгінді өршеленіп өрге сүйреп,
Шаруанды түзетіп ал қалған күйреп.
Кезің сал шетте жүрген ағайынға,
Азайып туған жерде кеттік сиреп.

Әр жерде әркімдерден көрмей азап,
Жиналып бас қосайық бүкіл қазақ!
Біріксең тас түйін боп Отаныңда,
Өмірге қолың жетер сонда ғажап!

Қазақтан қазақ басқа дос таппайды,
Өгейсіп өзге болса, іш тартпайды.
Емес пе қаны бірдің, жаны да бір,
Жаны ашып, төнсе қауіп жай таппайды.

**Отаным жан тербетер алтын бесік,
Тілеймін көркейсін деп халқым өсіп.
Қол бұлғап көк байрағым шақырып тұр,
Келсін деп бауырларым тегіс көшіп.**

**Қойынды туыстарға айқара ашып,
Келгенін қарсы алайық шашу шашып.
Аздықтың құтылайық азабынан,
Көтертпей кеудемізді келген басып.**

**Бостандық Алла берген үлкен сыйлық,
Төгілген қан аралас жасты тидық.
Жолында азаттықтың құрбан болып,
Аянбай арпалысып жанды қидық.**

**Қадірін еркіндіктің білген адам,
Басады нығыз аттап алға қадам.
Құлдық не?
Азаттық не?
Біле алмаса
Өмірде жан болмайды мұнан надан.**

**- Азаттық бізге әкеліп не берді? - деп,
Ұнатпай кейбіреулер жүр күнкілдеп.
Өткенді қайта оралмас армандайды,
Даттайды жаңа өмірді күнде өсектеп.**

**Шаттанатын күн туды, шаттан қазақ!
Азаттық алғаныңа мақтан қазақ!
Көре алмайтын күндестей жауың да бар,
Етек-женді түрініп, сақтан қазақ!**

**Отаным Қазақстан гүл жайнасын!
Құлпырып орман, көл де құс сайрасын!**

Молайып ет те, нан да, өссе өндіріс,
Көрмейді азаттықтың кім пайдасын?!

VII

Таба алмай туған жерден қазақ пана,
Зарлады жан ұшырып кеше ғана.
Жазылмай жанын қинап келе жатыр,
Атомның бомбасынан түскен жара.

Аямай ажалға айдап, сыртқа теуіп,
Төбеден қауіпті дерт тұрды төніп.
Өмірдің жерге біткен бәрі сөніп,
Бұлақтар сылдыр қаққан қалды кеуіп.

Қорлыққа жан төзбейтін жүрдік көніп,
Жоқ болды көп үйлердің оты сөніп,
Соғыстай бейбіт күнде бомба жарып,
Адамға ажал қауіп тұрды төніп.

Халық қой деп қазақты елемеген,
Желілерге апарып көгендеген.
- Қалай өлер екен, - деп осы халық,
Көктен, жерден у сеуіп төпелеген.

Ел тілегін жарылқап, құдай беріп,
Бар азаптан құтылып, алдық ерік.
Қанат жайып Отаным өркендесін,
Тәуелсіздік жемісін халқым көріп!

Күн нұрымен түрленіп тұрған жайнап,
Аспан түстес төбемде көкшіл байрақ.
Қазақстан - Отаным дербес ел боп,
Қуанышқа бөленді бүкіл аймақ.

Әнұраным аспандап естілді асқак,
Дұшпандарын ежелгі тұрды жасқап.
Жаңа жолдың, жаңа өмір салтын құрып,
Елімді Назарбаев шықты бастап.

Ел жаңа, өмір жаңа, қоғам жаңа,
Азаттық аясында таптық пана.
Байлыққа, қазынаға ие болып
Жұмсайтын халқым бүгін өзің ғана.

Қорлаудың, кемсітудің бәрін көрдік,
Болыппа қазақ үшін мұндай теңдік?!
Теңдесіп тереземіз басқалармен,
Ел болып егеменді қатарға ендік.

Халық деп бұрын бізді елемеген,
Білгендер өздерімен тең демеген.
Қазақ кім?
Қазақстан деген жер не?
Шет елде бұл ұғымды жан білмеген.

Құрметті бүгінгідей қашан көрдік?
Жат жұртқа жан ашымас тізгін бердік.
Итеріп орға жығып, құлатса да
Құл болып, қорғалақтап соңына ердік.

Орнатып басымызға қара түнек,
Қайғырды қиянаттан халқым жүдеп.
Азаптың қара бұлты айықпады,
Зұлымдық еңсе басып, кеткен үдеп.

Қапаста демі бітіп, ел тұншығып,
Жасқанып бас көтермей жүрген бұғып.
Қамаған темір торға қыбырлатпай,
Көрмепті ешбір қазақ сыртқа шығып.

**Зарлатып қысымға алса, қалай жүрсін.
Қалайша еңселі боп, қатарға енсін?!
Кенестің көп құлының бірі болған,
Қазақтай бейшараны қайдан білсін!**

**Алып тастап арқадан құлдық жүгін,
Ерікті ел боп отырмыз міне бүгін.
Жар салып Елбасымыз таныстырып,
Естіді бүкіл әлем қазақ үнін.**

**Біріккен ұлт бас қосқан үлкен залда,
Танырқасып қарады бір адамға.
Қазақтардың Елбасы деген кезде
Деп ойлады: - Мұндай да халық бар ма?!**

**Қырандай бой қанатын алған қомдап,
Түйдек-түйдек түсірді сөзді сомдап.
Ұл туса дәл осындай бол дегендей,
Отырды риза болып бәрі қолдап.**

**Қазақстан дегенде Қазақ елі,
- Осы ғой - деп ойлады - өскен жері.
Жер бетінде көрінбей қалай жүрген,
Жол бастаса мынандай кемеңгері.**

**Тәнті болып сүйсінді естіген жан,
Кейбіреулер қарайды болып аң - таң.
Мұндай халық өркендеп өсер, - дейді
Ел бастайтын данышпан ерді тапқан.**

**Тыңдаушыға ұққызып сөздің мәнін,
Баурап алды өзіне жұрттың бәрін.
Көрмеген, естімеген адамдарға
Білгізді Қазақ деген елдің барын.**

Қазақтың мекен-жері шексіз аймақ,
 Алтайдан Атырауға жеткен бойлап.
 Еркімен сайран салып, өніп, өсіп
 Масайрап кең далада жүрген жайнап.

Арқада орда салып Абылай хан,
 Қазақтың тарап жүрген басын қосқан.
 Жат жұртқа елді, жерді бермеймін деп,
 Беттетпей талай жаудың жолын тосқан.

Намыспен ерлік жолын қуған сара,
 Еңіреп ел бағына туған дара.
 Етегін ел жаңылып басқан кезде,
 Болыпты жерді қорғап, елге пана.

Нұрсұлтан Абылайдың жолын қуып,
 Қорғап жүр ел намысын белді буып.
 Арқаға көшіп келіп, орда салды
 Ежелгі хандар тұрған жерге жуық.

Құрметтеп хан көтерген Абылайды,
 Мекенде қоныс тепті жанға жайлы.
 Жат жұртқа таңыстырып өз Отанын
 Қазақтың бар әлемге атын жайды.

Таршылық жанды жеген қиын күнде,
 - Тәуелді болмайық,- деп, - енді ешкімге.
 Жан салып жасап жатыр бар амалын,
 Құртам деп жоқшылықты жоқ қып мүлде.

Жаңа өмір, өділетті қоғам құрып,
 Келеміз жақсылыққа бетті бұрып.

**Талпынбай, талаптанбай, еңбек етпей
Молшылық келер деме қарап тұрып.**

**Құл боп жүріп айттық-ау азатпыз деп,
Өмір сүріп жатырмыз ғажап біз деп.
Айырылсақ та салт-сана, тілден, діннен,
Келе жатқан өркендеп қазақпыз деп.**

**Жан сауғалап жүрдік қой жатты сыйлап,
Қалай соған жағам деп жанды қинап.
Көтеретін еңсені уақыт жетті,
Дос, дұшпанды айырып, есті жинап.**

**Болдық қой қорғалақтап бұғып, жасып,
Адымда алға аяқты алшаң басып!
Гүлденсін туған жерің, дос сүйсініп,
Рухы дұшпандардың кетсін қашып!**

**Отаным тәй-тәй басқан жас нәресте,
Қорғайтын оны өсіріп біз емес пе?!
Көтеріп ұлттық рух, намысынды,
Туған ел көркейсін деп түс егеске!**

**Бүгінде тәуелсізбіз, азат елміз,
Шаттанып басты биік көтеріміз.
Жол ашық, мақсат айқын, үміт алда
Жалтақтап енді неден бөгелеміз?!**

**Күн туды қуанатын, қуан қазақ!
Төбеміз көкке тимей түр ғой аз-ақ!
Тағдырың не қылсаң да өз қолыңда,
Келешек өмірлерің болсын ғажап!**

Жайсаң жан туралы толғау
(Ермек Мақанұлына арнаймын)

Жас жігіт шықты үйінен белді буып,
Талпынып көрейін деп өнер қуып.
Артында ата-анасы қала берді
Жері де көзге ыстық өскен туып.

Арманы - көкте самғау бала жастан,
Мақсат жоқ өмірінде мұнан асқан
Қол бұлғап бәріне де кете барды.
Жылаған шешеге де қарамастан.

Бой бермей қиындықтың тұсауына,
Көңілі үшқан құсқа ұқсады да
Шегініп алған беттен қайтар емес.
Келеді тәтті ойлардың күшағында.

Өзіне серік болған бала жастақ
Арманы жетелейді алға бастап
Тамсанып, қызықтырып келе жатқан
Көп заттың оқу оқып сырын ашпақ.

Қарамай жердің бөтен, алысына,
Адамның жаттығына, танысына,
Жастықтың жалындаған лебі өседі
Жат жұртқа іркілместен барысында.

Ешбір жан болмаса да жүрген демеп
Жырылып елден жырақ кетті бөлек
Жасқанып жас болса да сескенбейді
Қайсарлық бойға біткен елден ерек.

Ақ құба, жауырынды, орта бойлы,
Салмақты мінезі бар терең ойлы.

Сабақтан басқа затқа көңіл бөлмей
Оқуға ынта салып ниет қойды.

Қазақтан жат өлкеде жалғыз өзі,
Тігілді бұған қарап көптің көзі,
Іркілмей не сұраса жауап берер
Салмақты сабыр сақтап айтар сөзі.

Зерделеп ұстаздары айтқан жайды
Аландап жан-жағына қарамайды,
Мақсаты - тереңірек біле түсу
Бұл ойдан шегіншектеп тартынбайды.

Білімге ниеті ауып, құштарланған,
Көргеннің маңайында бәрі де ақ-тан
Сүйкімді мінезіне таңғалады
Дегендей жұмбақ болған не қылған жан.

Келгені қалың орман, орыс жері
Ежелгі Ресейдің нағыз төрі
Бәрі де осы арадан табылғандай
Керегі армандаған көптен бері.

Қымсынып қиындықтан қорқып саспай,
Елінен жырақ кетіп жүрген жастай,
Қазақтың осы келген қай баласы
Алыстан ұшып жеткен қарлығаштай.

Білімге, өнерге елтіп келген шөлдеп,
Кездескен қиындықты бүктеп жеңбек.

Бойында таудай талап, асыл арман
Жапаров Мақанұлы аты Ермек.

Айтқанын ұстаздардың тегіс ұғып
Отырды құрдастардан үздік шығып

**Білімнің дариясына бойлай берді
Сусындап тереңінен жатқан тұнып.**

II

**Жас қыран шықты аспанға қанат қағып,
Зуылдап көз ілеспей жұлдызша ағып
Көрінбей көкжиектен асып кетті
Із қалып болар-болмас сағымданып.**

**Оралып қас қаққанша келіп қалды,
Аспанда айқыш-ұйқыш өрнек салды.
Ұшағын қалай еркін менгерді деп
Сүйсініп қылығына жұрт таң қалды.**

**Ұшағы дегеніне еркін көніп
Ойнайды жалт-жұлт етіп төңкеріліп,
Ұстазы, достары да сүйсініп жүр
Жүр ғой деп өзіне-өзі еркін сеніп.**

**Қуанды үмітті бұл ақтады деп,
Ұстазы келістіріп баптады деп
Тегінде қасиеті бар бір жан екен
Қанжардай қын түбінде жатпады деп.**

**Сынады ұшақтардың талай түрін,
Анықтап еркін білді оның сырын
Сүйсінді күнде өрлеп өскеніне
Жігітке жайнап тұрған бір жас өрім.**

**Атағы, абыройы арта берді
Толықсып күн-күн сайын кемелденді
Қолынан іс келетін жігіт қой деп
Ермекке басшылардың бәрі сенді.**

Әр істі алуан-алуан бастан кешіп,
Жұрт жүрді "Нағыз ұшқыш осы" - десіп
Рас қой "бейнет түбі - зейнет" деген
Зорайып мыңбасы боп шықты өсіп.

Өстім деп мен-менсініп панданбайды,
Сыпайы сөз сөйлейді біліп жайды.
Біреуге қажет шаруа бола қалса,
Береуге қолдың ұшын тартынбайды.

Кішілер сыйлайды оны, ағасындай,
Үлкендер туған іні, баласындай
Қария көпті көрген адамдар да
Әдейі кенеседі баласынбай.

Жүрсе де абырой ап бөтен жерде,
Өссе де білім алып бөтен елде,
Отанын, туған елін аңсай берді
Ойынан шығармады оны мүлде.

Алыстан шақырғандай қолды бұлғап,
Алатау күлімдейді мен мұңдалап
Туған ел ер жігітке қандай ыстық
Гүлденген астанадан тапты тұрақ.

Сағынып, ансап, шөлдеп келді көшіп,
Отаны құшақ жайды алтын бесік.
Жатсынбай жақын жүрген адамдарды
Достасты қолда барын бөліп жесіп.

Ақ көңіл мінезімен көпке жақты,
Тамаша сырласатын жандар тапты.
Үй-іші думандатқан жиын болып
Ағылып жақын-жуық келіп жатты.

Көрмеді біріне де қабак түйіп,
Пайдасы бәріне де жатыр тиіп.
Мәзірін алдарына жайып салып
Қонақты құрметтейді басын иіп.

Қасында сүйген жары Мейізі бар,
Ойы жоқ ол тұрғанда еш аландар.
Достың да, жақынның да бабын тауып,
Алдына дастарқанын жайып салар.

Болады көрген жанның көңілі жай
Сыйдан да, мінезден де мін таба алмай
Амалсыз ақ-таң қалып ойланады
- Қосылып екі асыл жан жүр - деп қалай.

Кем болмай Құдай берген несібесі
Бөбектер жайнап өсті, кіріп есі,
Бөледі қуанышқа тұрмыс құрып,
Бойжетіп Алмагүл мен Ақбөпесі.

Мәз болып немерелер ойынына,
Сүйеді қысып алып қойынына
Айнагүл, Димаштары асыр салып
Еркелеп асылады мойынына.

Жүреді көрген жанды ішке тартып,
Сүйкімді көпшіл болған мінезі артық.
Жатсынбай алысты да, жақынды да
Тигізген шарапатын жұртқа шарпып.

Жаксылық іс істеуден бір тартынбай,
Ішінде құрбы-құрдас жүр жарқылдай.
Өзгеден көзге ерекше көрінеді.
Мейрімді жаны жомарт Атымтайдай.

Тәтті арман орнап қалған көңілінде,
Мазалар естен шықпай өмірінде.
Отанға бір қызмет етсем дейді
Қарамай істің ауыр жеңіліне.

Білмейді абыройлы іс мұнан артық
Өн бойын билеп әбден алды тартып,
Зәредей пайда тисе еліме деп
Арманның құшағында кетер балқып.

Асыл ер туған елдің қамын жеген
Осы оймен қоғам құрды "Отан" деген
Ұл, қыздар отаншыл боп өссе дейді
"Ел болып келешекте кемелденген".

Жанындай сүйіп өскен бала жастан
Отаны - туған жері Қазақстан.
Тілейді күшейгенін қанат жайып
Нық басып күштілермен қатарласқан.

Қарттың тілегі (Толғау)

Жегілдім деп жетпістің жетегіне,
Көңіл бөлмей өмірге кетемін бе.
Туған жерді нұрланған көрсем деймін,
Бұл дүниемен қоштасып өтерімде.

Басымды иіп сұмдарға келмей көнгім,
Зорлық, азап, абақты-бәрін көрдім.
Ерікті ел боп, билікті қолына алған,
Отанымның келеді сәнін көргім.

Өткен жолым артымда тайғақ соқпақ,
Өмірменен қоштастым талай тоқтап.
Қарлығаштай қайырым жасайын деп,
Ел намысын ішімнен жүрдім жоқтап.

Қауқарым жоқ болғанмен арым таза,
Жастайымнан қайғырдым кетіп маза.
Жүрегіммен мұндастым ел мұңымен,
Демеу болар болмады басқа шама.

Бала күннен көргенім қуғын-сүргін,
Қан қақсатқан халықты қаралы күн.
Қорлық көрген кәрі-жас жасын төгіп,
Қысылатын ішінен шығармай үн.

Ойландырар, толғантар дархан далам,
Тағдырына әрқашан болам алаң.
Қанды көзін қызартып қорқаудай боп,
Дұшпан бар ма жұтынып ұмтылмаған.

Өніп өскен мекенді ата-бабам,
Ойраттар да өрт салып ойрандаған.
Қыз шешеден айырылып, мал төлінен,
"Ақтабанда" кім налып, жыламаған?

Не кешпеді басынан, не көрмеді,
Көк түтін қып кім оны өртемеді?!
Қара жүрек басқыншы басып алып,
Қек алатын ерлері бар демеді.

Ел қорғаны көсем қып Абылайды,
Көк жал бөрі Қабанбай, Бөгенбайды.
Дүркіретіп атой сап, жауды қуып,
Кең өлкені ие боп қанат жайды.

Далам менің батырлар өмір сүрген,
Қандары ағып, тамшылап тері сіңген.
Ие болған жері ғой жан аямай,
Білек күші, найзаның ұшыменен.

Басқыншыны беттетпей қуып шығып,
Ұрпағына қалдырған мұра қылып,
Жау жайласын деп пе екен туған жерін,
Қарсы келген адамды тегіс қырып.

Жендеттері патшаның қанды балақ,
Ғадеттенген үйреніп жұртты талап.
Бас салды ғой жыртқыштар көз қызартып,
Шып-шып шыққан халықтан қанды жалап.

Туған жерім, кең далам, дарқан далам,
Қалай жүрем мен оған болмай алаң.
Жаны ашымас жауға да мекен болып,
Жер қалды ма бүлініп тапталмаған.

Бірдей қылып халықты теңеймін деп,
Жетімдерді жеткізіп жебеймін-деп.
Қызылдар да қырғынға салып бақты,
Айта алмадық біріміз "көнбейміз"-деп.

Қарсы келсе атылды, торға түсті
Жендеттері жентектеп қанын ішті.
Жыртқыштығы қорқаудан асып түскен,
Адам естіп көрмепті мұндай кепті.

Сорлап қалған бәрінен біздің халық,
Қайғырмайын мен қалай бұған налып.
Аштан қырды әдейі құрысын деп,
Қолындағы қорегін тартып алып.

Бұғаулады ел-жұртты тұншықтырып,
Жан-жағына қаратпай мойын бұрып.
Кең даламды толтырды өлексеге,
Топалаң келіп тиген қойдай қырып.

Сөндірді отын лапылдап, тұрған маздап,
Ойы болып қазақтың көрін қазбақ.
Әуірімдеп қалдық-ау ақырында,
Біржолата өмірден өше жаздап.

Ауызымды ашсам жалындап шер шығады,
Ішке толып мұң мен зар тұншығады.
Армандадым азапты жылдар бойы,
Түсер ме деп біздерге күн шуағы.

Жеткендеймін бүгінде арменыма,
Қаралы күн артымда қалмады ма?!
Аспан түстес туымды желбіретіп,
Қуанамын еркіндік алғаныма.

Құлпырса деп тілеймін дархан далам,
Тағдырына боламын әлі де алаң.
Арамзалар артымнан қалмай-ақ жүр,
Қыр көсетіп халқыма қоқандаған.

Иығымыз тіресіп тұрсақ бірге,
Жем болмаймыз жаутандап біз ешкімге.
"Бірлік түбі-тірлік"-деп, текке айтпаған
Сенімменен қарайық келер күнге.

Келе жатыр етегін елім жиып,
Ынтымаққа, бірлікке көбісі ұйып.
Қуанышы, қызығы алдында тұр,
Оны көрмей кетемін қалай қиып.

Разымын бүгінде тағдыр саған,
Бостандықты әпердің сыйлап маған.
Естіп, көріп елімді біліп жатыр,
Бұрын бізді ешбірі танымаған.

Тапшы болса ішер ас, керек бұйым,
Мұның бәрі уақытша болса қиын.
Тәуелсіз ел болудан не қымбат бар,
Қадірлейік өмірдің берген сыйын.

Ер туып, басшы болып елім десе,
Отаным-жан сап қорғар жерім десе.
Тек қана білімдіге билік беріп,
Пышырап жүз, руға бөлінбесе.

Мен үшін қазақ деген бір-ақ ел бар,
Атанған Қазақстан бір-ақ жер бар.
Отырған қырық рудың басын қосып,
Данышпан Нұрсұлтандай асыл ер бар.

Жейтұғын елдің қамын ерлер өсіп,
Наданның қалса деймін үндері өшіп.
Бірлікпен бүкіл қазақ басын қосып,
Жиналып кең ордаға келсін көшіп.

Иргесі отанымның болып берік,
Ерекше сән-салтанат бітсін көрік.
Әлемге тарыдай боп кеткен тарап,
Түгелдеп туыстарын алсын теріп.

Еңбек пен үмітіміз кетпей текке,
Береке берсін құдай жиын көпке.
Қайғысыз шат-шадымен өмір сүрер,
Сенемін сәулелі күн келешекке.

Бақыттың төбесінен бұлты көшіп,
Жазатын жан жарасын самал есіп.
Қазаққа қазақ жері толса деймін,
Байлығы, ғылымы да қатар өсіп.

Ашынғаннан шығады ашы даусым

/Осы жыр-толғауымды туған ел-жұртым
Мәмбет аруағына арнаймын/

Ассалаумағалайкум, туысқандар,
Жиналған ақ ниетпен ғазиз жандар,
Сыйласақ ата салтын, аруақты,
Біздерді жәрдем беріп, құдай қолдар.

Бүгін де әңгіме көп, айтылар сыр,
Бас қостық қала, дала, ой менен қыр.
Кездесу амандықпен бір ғанибет,
Бұл өзі ел бірлігін танытып тұр.

Амантау Арқаның жаннат жері,
Жанында жайлы қоныс "Шошқакөлі".
Мекендеп, қанат жайып өсіп-өнген,
Ертеден қоныс қылып Мәмбет елі.

Бір жағы Изенді мен Құланөтпес.
Жатады Тоқа, Темеш болып шектес.
Мал жаны, құдандалы аралас боп,
Құратын сауық-сайран естен кетпес.

Дұшпанын бірақ бүктеп жерге тыққан,
Мәмбеттен алып батыр Жандар шыққан.
Маңына жау жақындап келмейді екен,
Сескеніп естігенде атын сырттан.

Мәмбетке әуелден-ақ дін орнаған,
Бірі де арамдыққа жоламаған.
Бастаған түзу жолға қажы, молда,
Өзгенін ала жібін аттамаған.

Мұстафа¹ молдалықпен Арғын асқан,
 Бір адам қарсы келмей кәрі-жастан.
 Және де өзі болған әділ қазы,
 Маңынан ұры-қары бәрі қашқан.

Дәретсіз өмірінде жер баспаған,
 Күндіз-түн құлшылық қып көз ашпаған.
 Өтіпті Тоқтауылдай тақуалар,
 Тек қана әділдікке жол бастаған.

Болыпты елге сыйлы Ысқақ молда,
 Шарифат, әңгіме айтса сөзге жорға.
 Сағынып жұрт іздесіп жүреді екен,
 Жырақтап елден алыс шықса жолға.

Ел жүрді мол дәулетте қаздай қалқып,
 Байлығы мал мен басы тасып, шалқып,
 Сеніммен жаз жайлауға көшетін жұрт,
 Дүниесін сыйғыза алмай артып-тартып.

Көшкенде кіретұғын елдің сәні,
 Жайлауда жадырайтын адам жаны.
 Бұл елден ойын-сауық үзілмеген,
 Көкке өрлеп әншілердің салған әні.

Әндерді шарықтаған "Қанатталды"
 Хамзе мен Кеншінбайлар шырқап салды.
 Думан боп жатушы еді ауылымыз,
 Өзіне жинап алып бүкіл маңды.

¹ Мұстафа - Нұра бойын жәйлаған ел арасында тәуіптік әрі ғажап көріпкелділігімен аты шыққан діндар.

Кенеттен ауыр қайғы бізге жетті,
Көшіріп елімізді тентіретті.
Туысын тани алмас күйге жетіп
Шашылып тарыдай боп тарап кетті.

Артында ұя болған үйі қалды,
Шашылып кереге, уық, шиі қалды.
Алғызбай пісіп тұрған егінін де,
Таба алмай бір үзім нан өзек талды.

III

Тірінін бастарынан кетпей хауіп,
Жөнелді жұрт күніреніп жерден ауып.
Тоқтады өлмей тірі қалғандары,
Қойнынан "Өріктісай" қоныс тауып.

Бұл жерде біраз халық өмір кешті,
Дүниеге сәби келіп, жастар өсті.
Ел болып, етек жиып, жаңа ауыл боп,

Бұйыртқан бір құдайдың дәмін жесті.
Жайғасып орын теуіп жүрген көпті.
Тағы да мазалаған хауіп жетті.
Құртпақ боп, қысымға алып бұл ауылды,

Көшіріп тоз-тоз қылып тентіретті.
Қалдырмай паналайтын бір жанды ақыр,
Бұл күнде ауыл орны болған тақыр.
Тек қана қолды жайып, дұға оқитын,

Қоршаған қасиетті аруақ жатыр.

ӨЛЕНДЕР
(ЕКІНШІ ТАРАУ)

Нұра самалы

Нұраның бетке тисе самалы есіп,
Кетеді жаным жай боп, көңілім өсіп.
Өсірген ер жігіт пен аруларды
Жерім ғой алтын ұям, алтын бесік.

Әркім - ақ туған жерді жыр етеді,
Тыңдатып таңғажайып сыр етеді.
Жасымнан күліп, ойнап өскен өлкем,
Шалқытып қиял-ойды тербетеді.

Бал дәурен балалықты өткізген жер,
Бойға күш, ойға сана жеткізген жер.
Нұраның күміс сулы өзені ғой
Дәл соны мен жырламай кім жыр етер.

Көңілімді хош етесің Нұра менің
Бойында асыр салып өстім сенің.
Ерекше көрінесің қымбат маған,
Байқалып көрінбейді кем-кетігің.

Ырысы тасып, толып селдеткен жер
Құлпырып қыз бен жігіт ержеткен жер.
Бикеш пен Қолаңшақтай аруларды
Махаббат бесігінде тербеткен жер.

Атады нұрға толып алтын таны,
Жадырап сая тауып адам жаны.
Гүлденсе бүкіл тоғай шешек атып
Анқыған жұпар иіс жүрсен маңы.

Мөп-мөлдір суы қандай сылдыр қаққан,
Көрініп түйір тасы түпте жатқан.

Аптапта шомылып кеп сүнгігенде
Сүйсініп бүкіл денең жанға жаққан.

Қыз сұлу, жігіттері көркем туған,
Бәрі де жастайынан өнер құған.
Тән түгіл жан дүниесін кір шалмайды
Адамның таза сумен бетін жуған.

Асады арнасынан өзен толып,
Суында қаз қанқылдап, үйрек қонып.
Нұраға мен де үлесті қоссам шіркін,
Құятын көп жыраның бірі болып.

Тұрғандай құрақ, талы бір күй шертіп
Сыбдырлап сыбырлайды бетті желпіп.
Бойымды, көңілімді билеп алып,
Тербеліп әуеніне кетем елтіп.

Суында жұрт шомылар шабақша ойнап,
Мәз болып емін еркін салып ойнақ.
Құмары қанша түссе қанар емес,
Сүңгиді сүйсініп кеп терең бойлап.

Жайқалып құрақ талы өскен биік,
Желектей желбіреді етке тиіп.
Жанымды жадыратып жібереді,
Самалы соғып майда бетті сүйіп.

Үнатып мекендеген қазақ жұрты,
Ежелден біздің Нұра елдің құты.
Қыста күйлі, жазында семіреді
Болыпты тіпті сирек малдың жұты.

Таршылық, жоқшылықты ойлатпаған,
Жерсін ғой артық баған.
"Арық ат алты күнде жалдаңар" - деп
Сүйсініп Асан Қайғы текке айтпаған

Мекендеп қалың қазақ өзен бойын,
Өткізген сауық-сайран, ойын-тойын.
Қаптатып үйір-үйір жылқы өргізіп,
Жүріпті әрең санап сансыз қойын.

Жер еді малға жайлы, жанға қорған,
Кезеңге қилы-қилы душар болған.
Қызылдың ойран салған қырғынында
Арнасы қан аралас жасқа толған.

Халық үшін қайғы болмас онан ауыр,
Езіліп есіме алсам кетер бауыр.
Сұмдық күн жан түршігер артта қалып,
Басталды жұрт аңсаған жаңа дәуір.

Бұл күнде көңілсіз боп тұрса жүдеп,
Ертең-ақ гүл жайнайды бәрі түлеп.
Отаным іргелі ел боп өсе берсін
Кеудемде мықты орнаған осы тілек.

Өсірген, мәпелеген анаң қандай,
Нұра да көрінеді маған сондай.
Құлпырып кезді тартып тұрса деймін
Көрген жан сүйсінетін қағып таңдай.

Сүйкімді жанға жайлы самалы есіп,
Жүрерсің күліп әлі-ақ көңілің өсіп.
Қиындық қара бұлттай тұрған төніп,
Ығысып күн нұрынан кетер көшіп.

Бала көздің жанары

Әкенің көзі көрмейді,
Зағи боп қыршың жасында.
Көңіліне қайғы енбейді,
Баласы жүрсе қасында.

Күші қайтқан кез емес,
Отырды құрып амалы.
Қолынан оның түк келмес,
Не айла енді табады?

- Құлыным менің өсер - деп,
Артар үміт балаға.
Ақыры ертіп жетектеп,
Шығатын болды далаға.

- Әке, анау мынау - деп
Көргенің баян етеді.
Қызық-қызық хабар кеп,
Құлағына жетеді.

Құлпырып, жайнап күн санап,
Ермегі өсіп ержетті.
Оқуға қылып зор талап
Бет алып шықты мектепті.

Бетінен сүйді баласын,
"Болсын деп құтты талабы"
Салып ап дәптер, кітабын,
Жүгіре басып барады.

Ұмытып көздің қайғысын,
Әке қарап жатпады.
Үй маңында шаруасын,
Өзі қарап баптады.

Қуат көріп Ермекті,
Түрленіп кірді ажары.
Шығарған түріп түнекті,
Бала - көздің жанары.

Көл қайғысы

Сұнқылдап құсын сыймай тұрған тұнып,
Көл едін бойламайтын салған құрық.
Қалыпсың шаңың шығып, тақыр болып,
Балығын бал татыған кеткен құрып.

Жайылған маңайыңда малың қайда?
Құрақ жоқ сылдыраған басы майда.
Жыртылған, қазылған ор төңірегін
Бөгет көп саған құяр терең сайда.

Талай жыл өтіп кеткен мен көргелі
Қоға жеп, суға түсіп мен келгелі.
Көктемде іші-тысың у да шу боп
Қызықты құс базар бет кетер еді.

Қайғыңды сұлу көлім тұрмын ұғып,
Тастапты суды құртып тақыр қылып,
Дәл менің самайдағы ақ шашымдай,
Бетіңнен жатыр екен сорың шығып.

Жүргенде арып-ашып мен айдауда,
Түсіпсің мүсәпір боп сен байлауға.
Төбеде шырылдаған торғай да жоқ,
Шама жоқ шаңды жұтып құс сайрауға.

Көл едін қаз қанқылдап, аққу ұшқан,
Бет жүзің көрінбейтің жүзген құстан

Сайда жоқ, сала да жоқ су құятын,
Бөгелген жер жыртылып әрбір тұстан.

Сағынып келсем елге қойнымды ашып,
Кетіпті туған жердің сұрқы қашып.
Шаң басса жер мен көкті бұрқыраған,
Елімді келімсектер кеткен басып.

1957.

Көбетей тойы

Қуанайық қуанар кезең келді,
Сүйсіндіріп отырған бүкіл елді,
Болып па еді бір кезде мұндай ерік
Өз атымен атайтын ел мен жерді.

Іштен тынып сөйлемей, аузыңды ашпай,
Жасқанып біз жүрдік қой жаңсақ баспай.
Еркіндікке не жетсін тынысың кең
Жан-жағыңа қарайтын жалтақтамай.

Күн кештік-ау бүкшиіп құлдан жаман,
Мұң зарына еш адам қарамаған.
Уландырып аспаннан бомба жарып,
Халық қой деп қазақты санамаған.

Бір сөз айтсаң төбеңнен шокпар ұрып,
Көтере алмай кеудені жаттық бұғып,
Мұрша болмай қарауға жан-жағыңа
Бас көтерсең жіберген жерге тығып.

Енді, міне, бүгінде ерік алып,
Дос, дұшпанды анықтап тұрмыз танып.

**Көбетей деп аталып өз жеріміз
Қуанышқа бөленді бүкіл халық.**

**Ежелден мекен қылып қазақ елі,
Данқты көп адамның туған жері.
Атақты Айнабеков Қайып туып
Атанған Айтуғанов Еңбек ері.**

**Сескенбей қиындықтан етіп еңбек,
Қияға қыран құстай құлаш сермеп
Хайролла, Тұяқ сынды асыл жандар
Ғылымның шың құзына шықты өрлеп.**

**Әркімді өз ісімен тамсандырған,
Жәкеш пен Жақамайлар ерекше жан.
Сүйсініп қолыма алып оқи бердім
Кітапты шежіре қып олар жазған.**

**Бір тұтас халық болып соңына еріп,
Аулына ыдыратпай берген көрік.
Сөбит пен Еділдерге ел риза
Ақылмен ел басқарған, іске берік.**

**Ауылымыз дін жолына қадам басып,
Көркейді ажарланып, мешіт ашып.
Көтеріп ел еңсесін келе жатыр
Бір кезде қорғалақтап қалған жасын.**

**Міне, біз жұрт бас қосқан тойға келіп,
Отырмыз естен кетпес қызық көріп
Тәуелсіз Қазақстан жайнай берсін
Халқына қошаметтеп берген ерік.**

**Күш кіріп, қуаттанып тұла бойға,
Кездесіп біз отырмыз тойдан тойға**

Байлыққа, жерімізге ие қылған
Бәріміз ризамыз бір құдайға.

Бұрыңғы артта қалып көрген азап,
Күн туды қуанарлық, қуан қазақ!
Тағдырың өз қолында не қылсаңда
Келешек өмірлерің болсын ғажап!

Түркістан - түркілер төркіні

Күншығыста туып өскен ер халық,
"Көк бөрілі түркілер" деп атанып,
Дос сүйсініп құшағына енгенде
Дұшпандары тітірепті жасқанып.

Сырттан еш жау қарсы келіп батпаған,
Өздері де қамсыз қарап жатпаған.
Ер-тұрманын, бес қаруын сай қылып,
Қарсы келсе табанға сап таптаған.

Еркін жайлап Алтай, Балқан арасын,
Ие қылған бүкіл түркі баласын.
Осыншама кең өлкені меңгерген
Ерлігіне таңдай қағып қаласың.

Түркістаным гүл бақша боп жайнаған,
Бау-бағында бұлбұл құстар сайраған.
Таңғажайып сарайларды салғызып,
Бұл өлкені Ақсақ Темір жайлаған.

Бір кездерде тұманданып тірлігі,
Ақырында әлсіреді бірлігі.
Куәсындай өтіп кеткен күндердің
Түркістан боп қала берді кіндігі.

Ерлік данқы ұмытылып, құлдырап,

**Талай көрген соққыларға мойымай
Түркістаным өшпей, көшпей тұр бірақ.**

**Жинап жатқан бүкіл түркі баласын,
Бүкіл әлем Түркістанға қарасын.
Туыстарға танып келген төркінін
Сүйсініп те, қуанып та қаласын.**

**Бір-бірлерін туыс қой деп танымай,
Тарап кеттік бар әлемге тарыдай.
Езгісінде сорлап келдік өзгенің
Жан ашитын ешбір жақын табылмай.**

**Жасты тыйып, күлім қағып уанып,
Міне бүгін тұрмыз біздер қуанып
Түркі жұрты, бірлесейік достасып,
Қолымызға көк бөрілі ту алып!**

Сенгеніміз Нұрсұлтан

Кезең келді қас, досты айыратын,
Ер де, ел де ерекше сыналатын.
Шын қамқоршы халыққа осы адам - деп
Тұра басып атайтын ердің атын.

Қиындықтан қорғалап жасып қалмай,
Өршеленіп келеміз өрге қарай
Көк байрақтың астында басты қосып,
Еріктіміз не қылсақ жалтақтамай.

Бұрын ешкім білмейтін қазақ атын,
Бәрі совет халқы деп саналатын.
Бет түзейтін намазда құбыласындай
Тек Мәскеуге табынып, бағынатын.

Бәрімізге бір Алла болып пана,
Есті жиып келеміз енді ғана
Отаным деп, елім деп соғып жүрек,
Қимылдайтын кез келді жанды сала.

Басқа түскен таршылық, қиын күнде,
Тізе қосар күн туды болып бірге
Ел тағдырын шешетін - тек өзіміз
Қыпылықтап қарамай енді ешкімге.

Шөккен нардай секілді жүктері ауып,
Ауыртпалық, жоқшылық болды қауып
Қандай ер - деп халық та елендеп тұр,
Тығырықтан шығарар жолды тауып.

Еліміздің кеткен жоқ бағы тайып,
Кенін қазып келеді, малын жайып.

Молайтып ел ырысын өсірем деп
Аянбай жан салып жүр Назарбаев.

Көш бастар кемеңгер жоқ мұнан артық,
Сөкпейік кетпедік деп байып, шалқып.
Қандендер көре алмайтын кара ниет
Етектен жүгізбей жүр жұлқып тартып.

Олардың көксегені кара басы,
Туған жер керек емес отандасы.
Халыққа қарайласпас қиналса да
Жылаған көзге ілінбес қанды жасы.

Көбісі "пысықтардың" жұртты құртқан,
Іші арам, құр жылтырар түрі сырттан
Әуелі өз қарыны тоймай қалса
Жағасын туған елдің түтіп жыртқан.

Сестеніп, есін жиып, алса байып,
Тақырға отырғызып, кетер тайып,
Мансапқор, ұяты жоқ арсыздардан
Жолатпай манымызға сақтанайық.

Мен үшін қазақ деген бір-ақ ел бар,
Атанған Қазақстан бір-ақ жер бар
Көш бастап келе жатқан тар кезеңде
Қажырлы Нұрсұлтандай асыл ер бар.

Зиялылар бас қосқан жиындарда,
Сөйлер сөзден іркіліп, тартынған ба?
Паш етіп жүр әлемге қазақ атын
Жаны жайсаң дәл мұндай адам бар ма?

Өскен жан жақсы, жаман бәрін көріп,
Жасынан құрметтеді халық сеніп,

Біз түгіл шет жұртқа да абыройлы
Тізгінді ұстатайық соған беріп!

Басқаға өзім дауыс бере алмаймын,
Үлгілі іс ешбірінен көре алмаймын.
Ордамды ойран қылып кете ме деп
Өзгенің біріне де сене алмаймын.

Әке мен Бала

Әке:

- Әй балам-ай, ұнамайды жүрісің,
Жырқ-жырқ еткен мағынасыз күлісің.
Не табыс жоқ, не намыс жоқ ұялған,
Қуыс кеуде тірілердің бірісің.

Еңбек десе ат-тонды ала қашасың,
Бейнет қылмай аяқты алшаң басасың.
Ойлансаңшы, қанша қаға бермексің,
Таусылмастай әке-шеше қалтасың.

Бала:

- Ой, әкем-ау, айтпасаң да білемін,
Күліп, ойнап қатарыммен жүремін.
Шығын шықпай ақшам түгел болсын деп
Армандаған сол ғой жалғыз тілегің.

Әке:

- Ақша емес қой балам менің тілегім,
Өзіңсің ғой қуат қылар тірегім.
Қатарға еніп, балам адам болсын, деп,
Бір Құдайдан күндіз-түні тіледім.

Жұбайланып көрсенші, бір көсіліп,
Балапандай балаларды өсіріп.

Шулап жүрген немеремді аймалап,
Жатсам деуші ем ортасында шешініп.

Бала: - Әке оған алаңдама, жасыма,
Ұлың жүр ғой ойнақ салып қасында.
Кәрілер-ай жай жүруді білмейді,

Риза боп ішіп-жеген асына.
Әке: - Әзірше мен жан шықпаған тірімін,
Көрмеймісін нұсқасы жоқ түрімнің.
Ол дүниенің есігі кең ашылып,

Соған кіріп кететіннің бірімін.
Мазақ қылып кәрілерге күлесің,
Үлкендерді жазғыруды білесің.
Соның бәрі еңбекпенен есейіп

Алып болған өмірдегі үлесің.
Еңбек етсен сен де соның біріндей,
Дер кезінде бұлғақтамай, сүрінбей,
Ардақты адам, аяулы жан болар ең,

Жұрт көзіне жексұрын боп көрінбей.
Місе қылмай шешен берген тамағың,
Нәр аларың ертелі-кеш арағың.
Оны ішпесең өрт сөндірген адамдай,

Тұнжырайсың, ашылмайды қабағың.

Бала:

- Мен істеймін жаным сүйіп жаққанын,
Не шаруам бар жұмысында басқаның.
Ырысыңды шайқап төгіп кеткендей

Жаның күйіп неге сонша қақсадың?

Әке:

**- Туысың жоқ дара туған баласың,
Біз өлгенде ертең жалғыз қаласың.
Бүгін саған керегіңнің бәрі бар
Ертеңгі күн оны қайдан аласың?**

**Жалғыздық тек жарасқан ғой құдайға,
Жалғыз жүру адамдарға ұнай ма?
Жұбайланбай, бала көрмей өткізсең,
Бұл өмірге келгеніннен не пайда.**

**Өзің едің сенген жалғыз баламыз,
Қызық көрмей біздер кетіп барамыз.
Жынды суды қуалаумен сен кетсең,
Енді біздер қайда қанғып қаламыз.**

**Кемсендеп кеп әке өксіп жылады,
Бажырайып бала қарап тұрады.
Санасы бар адам болса ұққандай,
Бекіп қалмай естісе анық құлағы.**

Сот алдында.

/1951 жылы Қаз ССР жоғарғы сотының алдында қаймықпай батыл сөйлеген Жекен Қалиұлының сөздері/

**Қан тамып қылышынан қызылдардың,
Үрейін алған кезі бүкіл жанның.
Босанып аман-есен шыққаны жоқ,
Жазықсыз абақтыға қамалғанның.**

**Кеткендер үй ішіне қайтып келмес,
Сәулені, кең дүниені қайта көрмес.
Ілігіп жендеттердің қармағына
Есті алса айтқанына қалай көнбес.**

**Түнілген зәресі ұшып шыбын жаннан,
Жемтігі жыртқыштардың бір топ адам.
Қарсы сөз айта алмайды бас көтеріп,
Сорлылар қояндай боп қорғалаған.**

**Сотпенен прокурордың түсі суық,
Бәріде тас мүсін боп қалған суып.
Тұтқынға адам-ау деп қарамайды,
Тұрсада бет-жүздерін жаспен жуып.**

**Буынып сөз-сөйлеуге белді бекем,
Сескенбей сотқа қарап тұрды Жекен.
"Тастайын шындықтың бетін ашып
ойлады- сұрқиялар недер екен".**

**Ала алмай ажыратып доспен қасты,
Қылдыңдар достарыңды аяқ асты.
Не үшін сүйенерім кеңес елі
Не үшін соттайсындар мендей жасты.**

Еліме, Отаныма жау емеспін,
Адамға қара ниет қас боп өстім.
Жолында әділдіктің жан пидағып,
Келеді қарсы тұрса кескілескім.

Көсемге, партияға жүрсем сеніп,
Мен қазір не сұмдықты тұрмын көріп.
Соттайсың зар еңіретіп жазықсызды
Дәттерің жан ашымас неткен берік.

Араша түсер десем адалды ақтап,
Ақ істі қара дейсің әбден даттап.
Арамдар қара құрттай қаптамайма
Адалды жіберсендер тегіс соттап.

Қозғалтпай аяқ, қолды мықтап байлап,
Тұрсындар аямастан өлімге айдап.
Жеңгендей қасарысқан қас дұшпанды
Масайрап тұрсындарғой гүл-гүл жайнап.

Сенбендер тектен текке өлеріме,
Әлі көп аларымда, берерімде.
Үзбеймін күдерімді келешектен
Сенемін еділдіктің женеріне.

Шын досқа неге көз салмайсың?

Жан-жаққа жасырын көз тастап,
Шығасын ерте-кеш ойқастап.
Қасыңа жымыып келемін,
Қысылып айта алмай сөз бастап.

Тыңдашы, қалқатай, шынымды,
Ұға алмай кеттің ғой сырымды,
Тек маған қабағың қатулы,
Кімдерге көңілің бұрылды?

Мен сені қалтқысыз сүйіп ем,
Алдыңа басымды иіп ем,
Таянсам мұз болып суисың,
Отыңа лаулаған күйіп ем.

Сен маған жақтырмай қарайсың,
Бұйығы бір жанға балайсың.
Әуессің жалт еткен жандарға,
Шын досқа неге көз салмайсың?

Не болды сәулем білмеймін

Не болды, сәулем, білмеймін,
Тиышсыз халде қалыппын.
Жарқырап жарқын күлмеймін,
Қараңғы бәрі жарықтың...

Көрініп кетсең жалт етіп,
Шыққан күндей боласың.
Сен дегенде ес кетіп,
Көңілімнен шықпай тұрасың.

Ұнатамын

Ұнатамын сұлу затты,
Қадірлеймін бас иіп,
Әуелден ол жаралды артық
Адам оған еріп, балқып,
Құрмет етіп сүйер қатты.

Жасап қолдан сондай затты,
Ләззат алғым келеді.
Кетсе де ертең қолға түспей,
Көмескі боп көрген түстей,
Күткен үміт қандай тәтті.

Шаттанамын

Жасырмай бұл айтар сырым,
Білсін мұны бар адам.
Көп қызыққа мен батамын,
Көп балаға мен атамын,
Шырқайды олар жанның жырын.

Өмір көркі деймін осы,
Қараймын да мен оларға.
Сөзін естіп шаттанамын,
Бойын көріп мақтанамын,
Бала шіркін-көңіл хошы.

Оқушы ойы

Мектеп-менің анық сүйген анашым,
Көз алдымда шамшырақтай жанасың.
Тұла бойға бір ыстық қан енеді,
Көрген сайын мектебімнің қарасын.

Маған алғаш ашты өмір есігін
Тербеткендей ақыл-ойдың бесігін.
Адамдықты, адалдықты ұққан жер,
Қымбат маған барлық заттар есімің.

Алғаш менің қанат қаққан мектебім,
Көкірекке өнер болды сепкенің.
Жыл артынан жылдар зулап өтсе де,
Шықпай естен ұяладың, кетпедің.

Әлпештедің, мәпеледің балаңдай,
Шәлкестікке, тентектікке қарамай.
Саған қалай борышты мен болмаймын
Сүтін еміп, еркелеген анамдай.

Баяулаған естілмей кейде талып,
Сүйкімді әнді құлағым қалды шалып.

Баурайында төбенің қой өргізіп,
Бара жатқан қойшы екен әнге салып.

Шошып ұшып дауыстан пырылдаған,
Төбесінде боз торғай шырылдаған.
Өзі де мээ, өргізген төлі семіз,
Көптен таныс бұл адам бұрын маған.

Мандайынан сүйгенге есіп майда,
Шаттанады таза ауа, қоңыр жайда.
Ерте тұрған өзінен еш адам жоқ,
Тірі жанда оянып бұл манайда.

Қара түннің көрпесін қолмен түріп,
Таң шапағын қарсы алды бұрын тұрып.
Жайған қойын қаптатып әуенімен,
Саспай айдап барады тауға бұрып.

Жібергендей далаға дабыл ұрып,
Қарай қалды төңірек мойын бұрып.
Жүргеніне сүйсініп таңданады,
Тәтті ұйқыға таңдағы бермей ырық.

Дүр сілкінді шоқтанған бұтасы да,
Тасқа өскен жабысып қынасы да,
Қиқулайды көлдегі қаз да оянып,
Көңіл бөлмей енді жай тұрарсың ба?

Гүмпілдеді көлдегі әуіпілдегі,
Ырғақты іздеп "әуіпілдек" әніндегі.

Естимін де елжіреп тыңдай берем,
Жоқпа деген ой келіп өннің шегі.

Тыраулаған тырналар ұшып көкке,
Есіттіре созады даусын көпке.
Бытпылдаққа қосылып көкек даусы,
Бір әсем саз туғызды төңіректе.

Аққу ұшты айдыннан сыңғырлаған,
Жайлап қағып қанатын мамырлаған,
Сипатына сұлудың басын иіп,
Көк құрақтар шайқалып сыбдырлаған.

Басқа күйге көңілім тоймағандай,
Өзге әуен әлі аз деп ойлағандай,
Жылқылары кісінеп, сиыр мөңіреп,
Қосылды кеп оркестр ойнағандай.

Сауыншының шелегі сылдыр қағып,
Құйылып тұр аппақ сүт бұлақша ағып,
Домбыраға қосылып шырқағандай,
Өндеткені құлаққа кетті жағып.

Арқасында салбырап әрген бұрым,
Әкетеді үйіріп жанның сырын.
Таң қаламын өзім де таңдай қағып,
Байқай алмай жүргенмін қалай бұрын?

Ағып тұрған қолынан бал ма, сүт пе,
Көрген жанды қалдырар бір үмітте.
Қызыл беті таңменен таласқандай,
Тұра алмайсың бетпе-бет көз тігіп те.

Қара жерді таспадай тіліп, басып,
Тракторлар жөнелді қырдан асып,

**Көкжиектен күміс күн күлімдеді
Мейірленіп әлемге нұрын шашып.**

**Жұтқан сайын таза ауа, жұпарыңды.
Қандырамын тоймайтын құмарымды
Сүйсінемін, сүйемін, дала сені,
Бір өзіңнен тапқанға тұрағымды.**

**Әсем дала, кең дала, дархан дала,
Сұлулықтың иесі өзің ғана.
Алтын арай нұрына бөлендім мен,
Дүниені оянттып атқан жана.**

Құштарлық

Құшып жүрмін қиялды нелер тәтті,
Армандаумен күн батып, таңым атты,
Көп нәрсеге өмірде құштарлықпен,
Толқытты ойлар, өзімді мазалатты.

Ұмтыламын шықпақ боп шың басына,
Байқайын деп өзімді, түсіп сынға.
Басы түгіл маңына жанаса алмай,
Қала берем малтығып, батып мұңға.

Түсе қалам теңізге тереңді іздеп,
Маржан алғым келеді тізбек-тізбек.
Маржан түгіл басымды зорға алсамда,
Түңілу жоқ өзімде күдер үзбек.

Болар ма еді серігім күмбірлі күй,
Іздемесем өмірден өзге бір сый,
Балқып, еріп, мәз болып кетпес пе едім,
Басқаны ойлап, қынжылып, мый қатырма

Тамылжыған әсерлі ән іздеймін,
Көзді тартып қуантар, сән іздеймін.
Бірі соның барады-ау жанаспастан,
Қалғанымды аңырып бір сезбеймін.

Жақсылықты өмірден көп іздеймін,
Қолға түсіп қалар ма-деп іздеймін.
Маған алыс бәрі де болып жатыр,
Жетпесем де күдерді бір үзбеймін.

Ақын емес, адаммын ақын жанды,
Құмарлық бой балқытып, есімді алды.

**Тәтті армандар мазалар ұйқы бермей
Мазасыз атырамын ұзақ таңды.**

**Ұстай алмай қаламын бірін берік
Манайымнан кеткендей бәрі жеріп
"Суға кеткен тал қармар" дегендейін,
Тәтті қиял қалады болып серік.**

**Құғаным асыл арман жетпесем де,
Әйтеуір сол үмітім өшпесін де.
Тербетіп жас баладай әлдилейді,
Ақыры жалғыз тастап кетпесін де.**

Болмасын соғыс

Ана жан-ай сағындым ғой папамды,
Өлі қорғап жүр деймісің Отанды.
Неге мұнша кешігеді хабарсыз,
Қайтып елге жолдастары оралды.

' Келеді'-деп күнде айтасың, келмейді,
Ең болмаса хат сап, хабар бермейді.
Бір көрсем деп шыдай алмай жүрмін ғой,
Қалай менің бұл күйімді білмейді.

Қалған екен деймін бір күн әкем кеп,
Қуанышпен көз алдымда күлімдеп.
Сүйіп алып, құшқандайын болады,
Көтеріп ап, айналайын күнім деп.

Жабысып кеп мойынынан құшамын,
Құшырланып қатты-қатты қысамын.
Балапандай бауырына алып тартады,
Мейірленіп жая түсіп құшағын.

Қуанғаннан тұра берсем айғай сап,
Бола қапты жым-жырт тыныш бәрі сап.
Әкем көзден ғайып болып жоғалған,
Іздеп едім жан-жағыма қарай ғап.

Бұл көргенім елестеген түс екен,
Жетім еткен қай қатыгез күш екен,
Өмірінде шықпайтұғын есінен
Біткен жара болған ауыр іс екен.

Бала мұңмен анасына қарады,
Шешенің де іші өртеніп барады.

**"Өлді" деуге қимайды да алдайды,
Жұбатуға қандай айла табады.**

**Босады ана тоқтата алмай көңілді,
Мөлт-мөлт етіп жасы көзден төгілді.
Не айтарсың сұм соғысқа мейірімсіз,
Қиып кеткен талай қыршын өмірді.**

**Шыққан күндей жеңіс те кеп жарқ етті,
Жадыратып, қуандырып жер-көкті.
Ана толды, бала да өсті ержетіп,
Жыл артынан зулап ағып жыл өтті.**

**Ұмытар ма бала жетім өскенін,
Зор үміттің өспей жатып өшкенін.
Сүйген жарын күтуменен жас ана,
Ұмытар ма, бастан қайғы кешкенін.**

**Енді соғыс еш адамды шарпымай,
Қайта жорық шерулері тартылмай.
Бейбітшілік туы көкте желбіреп,
Кешсін өмір қуанышпен, халқым жай.**

Алыстан сәнді көрінген,
Шоқтанып өскен көк терек.
Шықпайсың ешбір көңілден,
Еске алсам кетем елжіреп.

Жапырағың сыбдырлап,
Сыр айтып бірге тұрушы ең.
Биік басың бұлдырап,
Көңілінді бізге бұрушы ең.

Аспанда жұлдыз жымындап,
Сәулесін шашып алтын Ай.
Ақырын сөйлеп сыбырлап,
Қалқашым күліп тұрар жай.

Саяна алып жасырып,
Пана боп бізге тұрушы ең.
Жасырған сырлар ашылып,
Көңілге саят құрушы ең.

Өтсе де жылжып талай жыл,
Ыстықсың маған, көк терек.
Сенде де бар ғой терең сыр,
Ал маған тағы не керек?...

Аққулы көлде

Қалмаймын аққу көрсем бір сүйсінбей,
Мен түгіл қарағандай күн күлімдей.
Айдында мойны әсем иіледі,
Арудың жарын құшқан білегіндей.

Келуге ерінбеймін көлге жаяу,
Тек қана жүрсе аққулар маған таяу.
Болады денем күйге бөленгендей,
Сыңғырлап даусы естілсе ұшқан баяу.

Көлдердің көзді тартар сәні емес пе?!
Бойынды балқытқандай ән емес пе?!
Сүйсініп сипатына қарап тұрса,
Бәріде көрген көздің көні емес пе?!

Сезгендей тұрған мені көзім сүзіп,
Танданып келеді әне баяу жүзіп.
Артында көгілдірі тізбектеліп,
Маржандай жібек жіпке қойған тізіп.

Ғанибет мұндай көлде дем алғаным,
Сеземін қиял тербеп, ой салғанын.
Үстінде қаз қаңқылдап, үйрек самғап,
Көремін шық-шық еткен қасқалдағын.

Әуілдек қиналады неге сонша?
Сүйтеме көріктінің бірі болса?
Орынсыз жанын сонша қинар ма еді,
Тілегі өзі келіп басқа қонса?

Сұлулық бір бойына тұрған сиып,
Аққуды атады екен қалай қиып?
Көркіне көгілдірдің тенелер ме,
Қасына сан құсты әкеп қойса жиып.

Ей, адамзат!

**Ей, адамзат, перзенті табиғаттың,
Жер-Ананың қойынынан орын таптың.
Бесігінен тербеліп, қанат қағып,
Бар әлемге өмірдің отын жақтың.**

**Жас баладай талпынып қаз-қаз басып,
Кең дүниеге ұмтылдың көзіңді ашып.
Талай қиын асудан аса бердің
Бір орында тұрмадың, тоқтап, жасып.**

**Алға жылжып ақырын өрлей бердің,
Қырғын соғыс, арпалыс бәрін көрдің.
Анасы боп ардақтап өсірдің сен,
Аты шыққан әлемге талай ердің.**

**Өмірде салғандар көп өймен өрнек,
Қандырып ел сусынын жүрген шөлдеп.
Гөмер мен Горацийдің алтын сөзін
Кім жібермек жөк қылып бәрін өртеп.**

**Біздерге Омар Хайям, Фердаусидің
Бағасын білесің ғөй берген сыйдың.
Шекспир, Гете, Бальзак мұраларын
Құрметтеп алтыннан да сақтап, жидың.**

**Пушкин мен төгілді сөз Лермонтовтан,
Ұйытып тындаушысын, қалдырған таң.
Низами, Науай мен Абай сөзі,
Тарихтың ұзақ жолы бастырмас шаң.**

**Аңсаумен бейбіт күнді өнер қуған,
Өмірде осылардай дана туған.**

Қайсының қабырғасы қайыспайды
Көргенде сәбилерді жасын жуған.

Тарихтың беттерін көрсек ашып,
Халық күшін көреміз жатқан тасып.
Жел өкпелі есуас бүлдіргіштің
Талайын желкесінен қойған басып.

Адамзат, байқаймысың бұл күндерді,
Соғыстың қара бұлты кеп түнерді...
Сән берген, өмір берген, ақыл берген
Сен қалай өртетпексің туған жерді?!

Сауыншы қыз

Қысқы гүн. Аязданып бұлтсыз аспан,
Сықырлап зәрін төгіп, ызғар шашқан.
Мал қора айлы түнде жарқырап тұр,
Төбесін ақ шатырдан қырау басқан.

Жігітке бұл жер ыстық көрінеді,
Көз салса, көңлі нұрға төгіледі.
Ентігіп екі өкпесін алып ұшып,
Келеді андығандай әлде нені.

Қызарған екі беті аяз қарып,
Таныс қыз келеді эне, қалды танып.
Жарқын жүз көрінгендей билеп оны,
Балқытып тұла бойын барады алып.

Бетіне қарады да жылы күліп,
Жігітке тоқтамады мойын бұрып.
Біле алмай не айтарын қапелімде,
Ақырын бір орында қалды тұрып.

**Ойлады:"сүймей ме-деп-мені мүлде,
Кім білсін көңілі оның әлде кімде.
Құр күліп, мазақ етіп жүрген шығар,
Келгізіп, дәмелентіп күнде-күнде.**

**Естілді сауған сүті құлағына,
Саумай сүт оған мойын бұрады ма?
Жігітті балқыттырып тұрған әлде
Ақ сүттің аққан тасып бұлағы ма?**

**Сауды сүт күндегіден екі есе артық,
Күлімдеп масайрайды көңілі шалқып.
Екеуі әзілдесіп қайтты үйге,
Түбінен жас жүректің сырлар тартып.**

Қойшыға

Жадыратқан жанымды,
Көктемнің шуақ күні еді.
Өсіріп қуат, әлімді,
Самал жел беттен сүйеді.

Бүйірі шығып бұлтиып,
Қозылар асыр салады.
Жатқанын жайлап жүр жиып,
Ауылға беттеп барады.

Егіздеп өскен қойына,
Қойшының тойып көңілі шат,
Қуаныш толып бойына,
Табады ләззәт, рахат.

Қойдай боп өсіп төлдеген,
Өрбісе шіркін өленім.
Ренжу, қажу білмеген
Бақытты жанмын дер едім.

Өсіре бер төлінді,
Шын бақытты өзіңсің.
Тандап жай, шүйгін жерінді,
Кенейе берсін өрісін.

Бағбанға

Көрсем көркем паркті,
Тоғай боп өскен ағашы.
Шақырып тұр ғой халықты,
Жұпар боп аңқып ауасы.

Неткен шебер қол еді,
Баладай күткен бұтақты.
Құмартып әркім келеді,
Гүлдерін сәнді ұнатты.

Отыршы, досым, дем алшы,
Саялатшы жаныңды.
Сөзіме менің ой салшы,
Айтып берші барыңды.

Болса шіркін еткен іс,
Көзге түсіп парктей.
Жыр етер ем жетсе күш,
Еңбекті жазып, дәріптей.

Еңбегін жанған, бағбаным,
Шаршама да жалықпа.
Ылғи да алғыс алғаның
Қызмет етіп халыққа.

Туған жерім

Туған жерім-шексіз жатқан даласың,
Қыран да ұшып болжай алмас шарасың.
Күн-күн сайын құлпырасың жасарып,
Таңғажайып тамаша боп барасың!

Бауырында өсіп, қанат қақтым, түледім,
Бір өзінде ұялады жүрегім.
Әлпештедің саяңа алып анамдай,
Сені сүймей кімді сүйсін түлегің?!

Әлі есімде өткен жастық күндерім,
Жиған тандап жұпар иіс гүлдерін.
Желдей жүйіткіп, жалаң аяқ жүгіріп,
Көк шалғыннан балдай жидек тергенім.

Содан бері өтті міне талай жыл,
Түлей түсіп түрленеді ой мен қыр.
Күндер өтсе, жас баладай толасың,
Ауыз айтып жеткізе алмас неткен сыр.

Шалқытасың көңілімді хош етіп,
Жас бөбектей әлдилетіп, тербетіп.
Дариядай толқынды егін, бау-бағы,
Тұрғандай-ақ бәрі бірдей әндетіп.

Бара қалсам егіншінің қосына,
Шаттық лебі шалқиды кеп жосыла.
Бойым балқып билеп мен де кетемін,
Еңбектің шат әуеніне қосыла.

Қойшысымын ауылдың,
Өсіріп төлін қой баққан.
Аяз, боран, дауылдың
Өкпесін тесіп жол тапқан.

Ыстыққа балқып жазында,
Суыққа қатып шыңдалған.
Бейнетгің көбін, азын да
Есепке алмай қырланған.

Жайып жүрген төлдерім
Жырым да сол, әнім де.
Демеймін тоңдым, шөлдедім,
Өсірсем аман бәрін де.

Өн салып жүрсем далада,
Қосылып жел де кетеді.
Нажағай ойнап аспанда,
Қарсы алып жарқ-жүрк етеді.

Бәрі де кәрі достарым
Тұманы да, сағым да.
Мен болсам келдім тосқаның,
Болайық бірге тағы да.

Соға бер жүрек талмашы

Соға бер, жүрек, талмашы,
қажыма да, шаршама.

Ауыр деп ойға алмашы,
Көтерсең жүк қаншама.

Тасқындатшы ыстық қан,
Өзеннің аққан суындай.
Ұрлықшыл уақыт қалсын таң,
Сокқанына қажымай.

Көштің алды

(Баян-Өлгіден келген қазақ ағайындарға)

Көктемнің хабаршысы-қарлығаштай,
Қаймығып, қиындықтан қорқып, саспай
Алыстан аңсап келген бауырларға,
Қалай жатам қуанып қойнымды ашпай!

Дүниенің жақсы-жаман бәрін көрген,
Өз қаным ғой, туыс қой, іздеп келген.
Қарсы алдық-ау қанқұйлы жандарды да,
Төрде отырып текемет тілгілеген.

Ұмытпаған жерлерін атамекен,
Шын перзент, нағыз қазақ өздері екен.
Ел салтын елде жүріп білмей келсек,
Ұстаған қазақ жолын берік бекем.

Жүрсе де жат өлкеде елден ауып,
Төнсе де бастарына талай қауіп,

Қазақтың ата салтын сақтай білген,
Өмірдің, адамдықтың жолын тауып.

Бұл өзі гибрат алар біздерге үлгі,
Мәнгүрт боп жүргендерге осы күнгі.
Бойында қаңға сіңген намысы жоқ,
Білмеимін, менсінбейтін тіл мен дінді.

Үлкенді, ата-анасын сыйламайтын,
Айылын бұзық істен жинамайтын.
Үркетін үлгілі істен кей жастар бар,
Жанын да еңбек етіп қинамайтын.

Қуанам келгеніне көштің алды,
Сергітіп, қыздырады бойда қанды.
Бас қосар бүкіл қазақ тозып кеткен,
Алдына ұлы көштің соқпақ салды.

Елге кеп ел қосылса құт демей ме,
Елінен ел кеткенде жұт демей ме.
Қосылса басыңа бас, асыңа ас,
Мұны бір жақсы ырымға теңемей ме?

Ой тастап сәулелі күн келешекке,
Бел буған жүрмейік деп енді шетте.
Өсірмек өз ұрпағын өз жерінде,
Бұл жаққа келген емес тектен текке.

Дәл бұған ешбір істі теңгермейтін,
Намыс пен даналықты көргендеймін.
Бет бұрып мекеніне оралғанын,
Жау жеңген ерлік істен кем демеймін.

Қуанам енді ұлы көш басталар деп,
Бар қазақ келген елді қарсы алар деп.

Еңіремей өзгелердің тепкісінде,
Бірлесіп ел болуға ой салар деп.

Жалтақтап көп тобырдың соңына еріп,
Жүрміз ғой аз болған соң қорлық көріп.
Пайдасын өзіміз-ақ көрмейміз бе?-
Халық боп егеменді алсақ ерік.

Басына бауырлардың құт орнасын,
Көңілін лайым тек кір шалмасын.
Жаяйық дастарханды ақ ниетпен,
Бөтенсу, жатсынуды ойға да алмасын.

Семізді деуші едік қой қонақ жесін,
Ұмытқан қазақ жолын жан демесін.
Еншіміз бөлінбеген бар емес пе,
Айымыз қолда бардың енді несін?!

Қуанып қандастарға тілек тілеп,
Дүрсілдеп атша тулап соғар жүрек.
Қосылып елдегі де, шеттегі де,
Бас қосып бір-біріне болсын тірек.

Қайтеді жүзге , руға бөлінбесек,
Тату боп қолда барды бөліп жесек.
Тыңдайық ел басқарған даналарды,
Орынсыз арттарынан ертпей өсек.

Қор болмай ешбір жанға, болмай мазақ,
Бас қосса тоз-тоз болып кеткен қазақ.
Ұмыт боп көңілім жай табар еді,
Жан төзбес бастан кешіп көрген азап.

Даланың бетті сүйіп самал желі,
Сайрандап өз жерінде қазақ елі.

**Бір өссін шаттықпенен бауырларым,
Гүлденіп Сарыарқаның сары белі.**

**Уа, қазақ, кезің келді сестенетін,
Жолың ба әділ істен сескенетін.
Көтеріп шаңырағыңды жаңа отау боп,
Тап қазір осы ұлы істі ескеретін.**

**Асыңды аузыңа сап ешкім бермес,
Қарманған, деуші еді ғой, қарап өлмес.
Ел болып өскендерден кембіз бе біз,
Талпынса іс болмайды қолдан келмес.**

Тілімнің ұшырарсың киесіне

**Менің тілім-қастерлі қазақ тілі,
Ата-бабам жеткізген сақтап мұны.
Сом алтындай асылдың асылы еді,
Тұрғанына қынжылам кетіп құны.**

**Қиын дауды екі ауыз сөзбен шешкен,
Сөйлегенде іркілмей желдей ескен.
Ел бірлігін сақтаған тіліменен,
Би, шешендер шығарма өмірі естен.**

**Менің тілім жауға да өрт боп тиген,
Жалынынан шарпылып лаулап күйген.
Дұшпандары сескенсе дір-дір етіп,
Түсінген жан құрметтеп басын иген.**

**Шешілмейтін шиенің жігін тапқан,
Сараңды да жібіткен тас боп қатқан.
Ашыққанда тойынар азық болып,
Шөлдегенде зәм-зәм боп сусындатқан.**

Данышпанның көкейде әдемі ойы,
Осы тілмен сөйленген өмір бойы.
Ақын-жырау төгілтіп сөз асылын,
Әсем әнмен басталған ойын-тойы.

Ақыл алып үйренген үлкендерден,
Халық едік сөзді ұғып, қадірлеген.
Айтқанына ағаның қарсы келмей,
Абыройлы аталар бата берген.

Сол батамен бұла боп өсіп едік,
Талай қызық дәуренді кешіп едік.
Тілден балды тамызып, масайрасып,
Қолда барды бөлісіп жесіп едік.

Қажып қалған қалжырап қайран тілім,
Айта алмайды өзінің зарлы мұңын.
Жетім өскен баладай жаутандайды,
Қатарға енбей әлі де жүр ғой бүгін.

Ана тілін кейбіреу біліп жүр ме,
Қазақша айтсаң құлаққа іліп жүр ме.
Басқа тілде сөйлесіп мәз болады,
Мазақ етіп өз тілін күліп жүр де.

Білімділер ел бастап тәуір деген,
Әлі де аз тілімнің қамын жеген.
Тойғанына қарнының құр мәз болып,
Өзге тілде өзеуреп шүлдіреген.

Қалғанымен сәл уақыт бағы тайып,
Бас көтерер ертең-ақ, қанат жайып.
Көзі ашылмай бықсыған оттай болса,
Жарқыратып сәулесін лаулатайық!

**Қасиетті, қастерлі қазақ тілі,
Келе жатыр алдынан туып күні.
Судан шыққан балықтай болар әлі-ақ,
Мойын бұрмай, менсінбей жүрсе мұны.**

Кім десеңдер өз тілін қорлағандар?

-Адамдық қасиеті болмағандар.

Бұларды қандай жан деп білгің келсе,

-Намыссыз, қансыз болып сорлағандар.

Түбінде оралып бас иесің де,

Қадірін біліп өзің сүйесің де.

Адаспай мезгілімен бетті түзе,

Тілімнің ұшырарсың киесіне!

Үш арыс

Ежелден құтты қоныс біздің Нұра,
Жері жоқ жамандайтын ала-құла.
Дем алып саясында, суында ойнап,
Жастары ақ сазандай өскен бұла.

Жақсы адам туады екен жақсы жерде,
Ақын да, ел данасы кемеңгер де.
Шалқытып қиял, ойды тербетпей ме,
Ауасын тоя жұтып сіміргенде.

Нұраның бой жеткенде қызы қандай,
Көз тартып түзу өскен өрім талдай.
Әдепті сөйлескенде жігіттері,
Аузынан шыққан лебіз шекер балдай.

Өткізген бар өмірін еліне арнап,
Туыпты бұл өңірде талай саңлақ.
Бір сырлы, сегіз қырлы шеттерінен,
Бір құдай жаратқандай өзі тандап.

Масайрап, күлім қағып сай-саламыз,
Біз бүгін үш арысты еске аламыз.
Халықтың абзалдарын ардақтамай,
Өмірде мұнан қымбат не табамыз.

Бәрі де туған еді ел бағына,
Мерт болды-ау, әттең дүние-ай дер шағында.
Құрметтеп басымды иіп, тәжім етем,
Абдолла, Кәрім, Сәйділ аруағына.

Абдолла

Қалайша атамаспын Абдолланы,
Халқы үшін шықсын деген шыбын жаны.
Бақытқа туған елін бөлеймін деп,
Төгіліп сан шайқаста аққан қаны.

Оны айтсам Сәкен келіп түседі еске,
Екеуі жан аямас дос емес пе?!
Төрінен Сарыарқаның самғап ұшып,
Қос қыран ел қамы үшін түсті егеске.

Абдолла жігіт еді жалындаған,
Бой бермей бәйге атындай арындаған.
Дұрыс жол жұрт аңсаған осы ғой деп,
Ұранға ере шапты дабылдаған.

Кім білген оның түбі дерт боларын,
Дүниені күйдіретін өрт боларын.
Жолымен әділдіктің жүремін деп,
Білмеді қапылыста мерт боларын.

Ақыры жазықсыз-ақ тартты жаза,
Елінің шымбайына батты қаза.
Есінен өмір бойы шығармайды,
Өз ұлын жаны жайсаң, ары таза.

Кәрім

Сарқылмас тұла бойға біткен дарын,
Таңғалтып тамсандырған жұрттың бәрін.
Еске алып ескеретін орны бөлек,
Білімнің дариясында жүзген Кәрім.

Күш, жігер асқан ақыл бойын кернеп,
Талпынды биік құзға құлаш сермеп.
Кездескен қиындықтың бәрін жеңіп,
Ғылымның шыңына да шықты өрлеп.

Көп еді істер ісі ойына алған,
Шөл дала гүлденсе деп армандаған.
Сол кездің даңқы шыққан ғалымдары,
Құрметтеп оны ерекше бағалаған.

Жарқ етіп көрінгенде жаққан шамдай,
Жұрт қалды қайран болып, қағып тандай.
Секілді аққан жұлдыз сөне қалды-ау,
Жарқырап сөуле шашып ұзақ тұрмай.

Басқаға бір өзінен бәйге бермей,
Жүйіткіді тосқауылға тіпті көнбей.
Суырылып дара шыққан жүйрік еді,
Мерт болды қапылыста Құлагердей.

Табиғат басын иіп мейірімді ана,
Паш етті сырлар ашып нелер жаңа.
Өмірде ұмытылмас аты қалды,
Біз түгіл оны іздеп жүр Бетпақ дала.

Шығатын жүзден емес, мыңнан ғана,
Қалатын көрген адам таң-тамаша.
Халқының мәңгі есінде сақталады,
Өмірге жиі келмес мұндай дана.

Нұраның бір түлегі Сәйділ аға,
Асыл ер ойы теңіз жетпес баға.
Талпынып жастайынан білім іздеп,
Өзінің қатарынан шықты дара.

Тындасаң сусындаушы ең әңгімесін,
Адамды балқытатын алып есін.
Өткенді, жаңаны да сөйлегенде,
Көзіңе елестетер тарих көшін.

Жалықпай талаптанып, өнер қуып,
Адамдық, жақсылыққа болды жуық.
Қыр, сырын дүниенің терең білген,
Мұндай жан келе бермес қайта туып.

Адам ғой көп тоқыған, көпті көрген,
Тамсанып не айтса да төгілдірген.
Іркіліп сұрағына қысылмайтын,
Асыл сөз ағылатын кемеңгерден.

Жан еді үздік туған алғыр ерен,
Ғылымға құштар болған түбі терең.
Шынжырлап аяқ, қолға кісен салды,
Не керек жайғызбады құлашты кең.

Бұл қысым жасытпады асыл жанды,
Жүйріктей өршеленіп өрге салды.
Тер төккен жан аямай еңбегінің,
Өлмейтін өмір бөйы ізі қалды.

Бірі артық дей алмаймын бірі кем деп,
Өнердің бәрі шықты шыңына өрлеп.

Бітіпті бойларына таудай талап,
Арманы, қиял-ойы бойды тербеп.

Бұл ерлер елге бақыт тіледі де,
Бүкіл жұрт мұны жақсы біледі де.
Өтсе де уақыт зулап шаң баспайды,
Елінің сақталады жүрегінде.

Баянды бақыт қонсын қазағыма

Сарыарқаға кеп қалды ордам көшіп,
Жаңа өмірдің алдынан самалы есіп.
Байтақ далам түрленіп, қайта жасап,
Қазақ жері гүлденсін алтын бесік.

Бұл өлкеге құт қонған хандар жайлап,
Көкте торғай, тоғайда бұлбұл сайрап.
Мыңғыраған малы өсіп кең жайлымда
Асыр салып жастары жүрген ойнап.

Ұлытауда Алаша, Жошы жайлап,
Бұлағында отырған бие байлап.
Малмен қоса жайылып құлан киік,
Құт береке болыпты бүкіл аймақ.

Атырауға Алтайдан қанат жайып,
Халықтың дәулеті өсіп, жүрген байып.
Төсіне Сарыарқаның орда тігіп,
Қонысын тапты міне жаңа лайық.

Көкшеде мекен теуіп хан Абылай,
Ел қорғап, жорық қылған талай-талай.
Бірігіп тас түйін боп бүкіл халық,
Еретін хан соңынан бірі қалмай.

Жан салып жау келсе де қай жағынан,
Құтылған ойраттардың ойранынан.
Көтеріп бастарына әділ ханды,
Құрметтеп қасиеттеп ел бағынған.

Басынан туған елім не кешпеді,
Бодан болып қыз туып, ұл өспеді.
Патшасы да, қызыл да қырғын салып
Еңсе түсіп, өзгемен теңеспеді.

Көтергенмен нарықтың ауыр жүгін,
Қуанар да толғанар күнім бүгін.
Тәуелсіз ел болудан не қымбат бар
Ойланғанда келешек істің түбін.

Азаттықты аңсаған Кенехан да,
Қырық бөлініп үйқысы қысқа таңда.
Ел мен жердің сүйетін ерлерімнің
Алыспаған бұл жолда бірі бар ма?!

Асыл ғой баға жетпес егемендік,
Өмірде болыппа еді мұндай теңдік?!
Ел болып қатарласып басқалармен
Көз ашып кең дүниені жаңа көрдік.

Жерімізге өзіміз ие болып,
Еркімізбен отырмыз көшіп, қонып.
Жердің асты, үсті де мол қазына
Сарқылмайтын мәңгілік жатқан толып.

Рахатын солардың халық көріп,
Гүлдеп өсіп еліме кірер көрік.
Бар қиындық бүгінгі артта қалып
Еңбегінің жемісін жүрсін теріп.

**Құдай берген тәубә қып мұндай сыйға,
Харекет қып, талпынып есті жина!
Қолға түскен асылдан айрылмайық
Қылсақтағы бұл үшін жанды пида.**

**Келе жатыр жазымыз жаңа шығып,
Бәйшешектер гүлденер жатқан бұғып.
Жана өмірге бет бұрды саналылар
Оның жолын келешек терең ұғып.**

**Сұмдардың түсіп бақтық азабына,
Қалмайық енді ешкімнің мазағына!
Ақордам сәні кіріп жайнай түссін
Баянды бақыт қонсын қазағыма!**

Желтоқсан лебі

Алатаудың бауыры
Тұнжырап тиыш тұр еді.
Намыстың күшті дауылы,
Тыныштықты түреді.

Жер шайқалып кеткендей,
Қазақ жері сілкінді.
Құлақты жарып өткендей
Естіді әлем қатты үнді.

Дүрлігіп тұрды бар халық,
Көтеріп басын шошынып.
Бостандықтың үні анық
Кетті көпке қосылып.

Әділеттік пен зұлымдық,
Бетпе-бет келіп шабысқан.
Туғызып қасірет бір сұмдық,
Қызылдар шашты қызыл қан.

Қазақтың ару қыздарын,
Шашын жұлып сүйретті.
Ер жүрек өжет ұлдарын,
Күрекпен ұрып күйретті.

Әділдікті жоям деп,
Дүлей күштер айқасқан.
Жауыздық көріп жерден көп,
Тітіркенді көк аспан.

Алатаудан шығандап,
Қазақтың даусы естілді.

Дүниеге ұран сап,
Бұрып алды көңілді.

Ақиқаттың нұрынан,
Жауыздық та жасқанды.
Қоғам жаңа құрылған,
Желтоқсаннан басталды.

Қазақ еді ежелден,
Байлық пен жердің иесі.
Жазықсыз қанның төгілген,
Жібермеді киесі.

Шайқалып кетті теңселіп,
Қызылдың темір қарғаны.
Әділдік жеңді еңсеріп
Қара күш қайтып оңбады.

Азаттық туы тігіліп
Еліміз дүр сілкінді.
Жаудың белі бүгіліп,
Көрдік жарық бұл күнді.

Қиындық аз күн болды деп
Түседі неге енсеміз!
Теңесіп көппен қатар кеп,
Біз де әлі-ақ өсеміз.

Еркіндік елге әкелген,
Желтоқсанның лебі еді.
Көк байрақты көтерген
Бәрін де халық жеңеді.

АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

(ҮШІНШІ ТАРАУ)

Табынамын Абайға

Мектепке кірген күннен босаға аттап,
Жырларын Ұлы Ақынның көрдім жаттап.
Кездескен газеттен де, журналдан да,
Қиып ап Абай сөзін жидым қаттап.

Баулыды адамдыққа көзімді ашып,
Күш берді шаршағанда қажып, жасып.
Сәулелі келешекке жол сілтеді,
Кеудеме шыққан күндей нұрын шашып.

Тұмар қып содан бері тағып келем,
Өзіме ақыл берер серік көрем.
Мен үшін күнде жана көрінетін,
Жай тапты жүрегімнен тамаша өлен.

Білуге бәрін тегіс келмей шамам,
Оқуға дүркін -дүркін қолыма алам,
Теңіздей жете алмайтын түбі терең,
Ойына данышпанның қайран қалам.

Қайғырған қазағым деп жаны шығып.
Біз неге іс қылмаймыз Абайды ұғып.
Айырмай жақсы-жаман, дос-дұшпанды,
Сескеніп қиындықтан жүрміз бұғып.

Тек қана аяғыңды баспай жаңсақ,
Жол ашық не істесек, қайда барсақ.
Еркіндік қолымызға тиіп-ақ тұр,
Өмірден сыбаға, үлес алып қалсақ.

Жалтақтап, ырысыңды жатқа бермей,
Көрейік жалқаулықтың соңына ермей,

**Келе ме көктен түсіп керегіміз,
Тер төгіп, еңбек етіп, бейнет көрмей.**

**Шаттанып, шабыттанам Абай десе,
Марқайып, масайраймын көңілім өсе.
Қол созған батысқа да, шығысқа да,
Маңайлап, келе алады кім тендесе.**

**Шынғыстан қанат қағып, ғарышқа ұшқан,
Халықты кім кемітер Абай шыққан,
Дүниеге аты әйгілі болып отыр,
Болмай ма адам тәнті сөзін ұққан.**

**Түседі Абайды айтсам, Мұхтар еске,
Екеуі серттескендей бөлінбеске.
Қосылып қыранның қос қанатындай,
Шарлаған жер-дүниені жан емес пе!**

**Қазақтың күңгірттенген бетін ашып,
Жарқырап, Абай шықты нұрын шашып,
Әлемнің сахнасында күлімдеп тұр,
Бүгінде Абай, Мұхтар қолтықтасып.**

**Артынды сөз қалдырған өмірі өлмес,
Дүниеге мұндай адам қайта келмес.
Маржандай тізген теріп сөзі асыл,
Таппасың сом алтынды бұғам тендес.**

**Зорайып, абыройы күнде өседі,
Даттаған қайтып келмес күн кешегі.
Айтылған ғибратты сөздерінен,
Желпінткен жақсылықтың желі өседі.**

**Өлеңі халыққа арнап кеткен жазып,
Түсінсен, жадыратқан жанына азық.**

Әділдік, түзулікке жол сілтеген.
Аспанда жарқыраған Темірқазық.

Тұратын бұлттан асып, көкке тиіп,
Ақынның шыққан өрлеп шыңы биік.
Паш еткен бар әлемге қазақ атын,
Табынам аруағына басымды иіп.

Мағжан

Мағжан, Мағжан,
Ерекше туған,
Бір бөлек жан.
Жұлдыздай ағып,
Жарқырап жанып
Түнекті жарып самғаған.

Мағжан, Мағжан
Кеудесі толы арман.
Қатерден қорқып таймаған.
Елім деп еңіреп,
Намысы кернеп,
Өліммен де ойнаған.

Күйдірген жанын,
Кеудесі жалын,
Сақтаған адамдық арын.
Өтсе де таяқ еттең,
Қайтпады алған беттен,
Төксе де жендеттер ағызып қанын.

Достары сүйген,
Дұшпаны күйген,
Жалындаған сөзінен.

Жанынды тербеп
Түсіріп өрнек
Ағылды жырлар өзінен

Жанымдай сүйіп, Басымды иіп,
Аруағын сыйлап келемін.
Жүргенде де айдауда,
Аяқ қолым байлауда,
Жұртқа айттым Мағжан өлеңін.

Болды ғой көпшіл,
Мінезі өршіл,
Түркінің ыстық қаны бар.
Көк бөрідей
Күлтегіндей
Сақтаған таза ары бар.

Қорлыққа көнбей,
Залымға сенбей,
Іздегені әділдік.
Қайнатқан қанын,
Қинаған жанын,
Халқы көрген зәбірлік.

Адаммын деген,
Ел қамын жеген,
Ерлер болса осындай.
Белдерін буып
Елге кеп жуық,
Еңбектенер шошынбай!

Мағжан, Мағжан!
Ерекше жан,
Сөздері оқ боп атылған
Тигенде жауға

Айткызған тәубә,
Кем болмай түскен жасылдан.

Мағжан, Мағжан
Ерекше жан
Дос сүйсініп бас ұрған
Тербетіп жанды,
Өлмейді мәңгі
Асады талай ғасырдан.

Қайғырамын қан жұтып
/Жан досым Бүркіт қаза болғанда/

Құрбы едік жастан бірге өскен,
Жан емес сен дескен,
Мінезі көпке сүйкімді,
Адамдықтың желі ескен,
Бірге боп қамау, түрмеде,
Өткіздік күндер жан кешкен.
Армандады көрсем деп
Өзгемен елін теңескен
Жайсаң жанның бірі еді
Халқын ойлап қам жескен.
Құрметтейтін ерлерді
Азаттық үшін күрескен.
Қадірлеп туған өз ұлтын,
Топасқа қарсы тілдескен
Елін сүйген ер еді,
Намысын қорғап сөйлескен.
Еңкеймей еркін тұратын,
Пасыққа қарсы беттескен.
Азапты көріп аяусыз,
Өтті талай белестен.
Сонда да жүрді қажымай,

Арсыздарға көнбестен.
Ақылы мол теңіздей,
Қиын істі тез шешкен
Өлімге қимас жан еді,
Сұм ажал қалай кездескен?
Қайғырамын қан жұтып,
Қалғанға сені көрместен,
Күндерім еске түседі,
Сырласып бірге кеңескен.
Жан аямас дос едік,
Шығармаспың сен естен?!

Ғалымның арманы
/Қаныш Сәтбаевтың
100 жылдық мерейтойына/

Зілдей тас иығына алған теңдеп,
Ерінбей ғалым шықты қияға өрлеп.
Алысқа назар салып, көз жіберді
Сүйсініп кең өлкеге жатқан көлбеп.

Тұлғасы шың басында таудай болып,
Секілді алып қыран тұрған қонып.
Сарқылмас кеннің көзі - деп ойлады -
Бұл жердің сай-саласы жатқан толып.

Жотасы Ұлытаудың мұнарланып,
Көрінді ұшар басы бұлттар шалып,
Кең жайып етек - жеңін маңайына
Байлықты қоймаларға қойған салып.

Самалы Сарыарқаның бетке тиіп,
Тұрғандай әсер берді құшып, сүйіп,
Күлімдеп тәжім етіп тау, тасы да
Құрметтеп сыйлап тұрды басын иіп.

Төңірегі адыр-бұдыр, ойлы, қырлы,
Ғалымға ақтара ашқан терең сырды.
Еміренбей бедірейіп жатқан дала
Құшағын айқара ашып, жайып тұрды.

Құпия көп дүниенің сырын ашып,
Қаныш тұр тау басында көңлі тасып,
Сары дала шетсіз-шексіз сағым құған
Қойнына бар асылды жатыр басып.

Көргенде Жезқазғанға қолын сұғып,
Байқады мол қазына жатқан бұғып.
"Халқым бір қарық болып қалса, - дейді
Жарқырап мыс та, алтын да сыртқа шығып".

Толғанып ойға кетіп, көзін жұмып,
Қозғалмай, қыбырламай қалды тұрып.
Асаудай бұғауланып түсалмақшы
Келген жер өмір бойы бермей ырық.

Игеріп ала білсек жердің кенін,
Байлыққа бөлер еді-ау қазақ елін.
Еңбегім - деп ойлады - пайда әкелсе
Арманым орындалар сонда менің.

Адамға қиял құған ұқсады да,
Ғалым тұр ауыр ойдың құшағында.
Сүйсініп ашқан сырға қуанса да
Бір сезім тұншықтырып қысады да.

Күн болмай істен, ойдан дамылдаған,
Бойынан арман қиял арылмаған.
- Халқыма бір жақсылық жасасам- деп
Өмірі ұйқы көрмей арындаған.

Арқаның байтақ сары даласында,
Тау, жота, толған сайдың саласында.
Таусылмас жатқан тұнып қазына бар
Жетерлік бүкіл қазақ баласына.

Не керек ойлағандай түспей пайда,
Бар байлық кетіп жатыр әлдеқайда.
Ырысын туған елдің өсірмесе
Еңбектің кеткені ғой еш боп жайға.

Қожамыз бәрін істеп өзі ұнатқан,
Ағылып табысымыз кетіп жатқан.
Жерінен кен атқылап шыққанменен
Масайрап халқымыз жоқ пайда тапқан.

Осы ойлар тұла бойын уландырып,
Өзіне селт еткізіп алды бұрып.
Тезірек түссе ғой деп армандады
Қылқынтып ел мойнына түскен құрық.

Ғалым да азаттықты армандаған,
Ойынан жатса, тұрса бір қалмаған.
Қастерлеп асыл ұлын тойлап жатыр
Жеткізген еркіндікке жаңа заман.

**Өссін қазақ өркендеп қанат жайып
/2000 жылдың басында туған сәбилерге сый-
лық берген Еркін Жекенұлы Калиевке
арнаймын/**

**Бөбек даусын естісем інгәләған,
Қуанышты бір сезім кірер маған.
Нәзіктікпен жан тербер әуеніне
Тыңдаймын да сүйсініп елтіп қалам.**

**Бар екенін білмеймін ненің күші,
Жып-жылы боп кетеді адам іші.
Бетке қарап күлімдеп жымиғанда
Елжіремес, егілмес қандай кісі.**

**Нұр тарайды көзінен күлімдеген,
Жылағаны, күлгені бәрі де өлең.
Тәй-тәй басып жүргені қандай қызық,
Сөз сөйлесе жүрегім елжіреген.**

**Ата болып жүргендер ақ ниетте,
Тенемей ме баланы бауыр етке,
Жаннан артық көрмейме бөбектерін
Қай баласын теуіпті қазақ шетке.**

**Атасымен бүлдіршін немеренің,
Тек солармен шаттыққа кенелемін.
Бәрі де адам болсын деп бәйек болам
Өмірге мұнан артық не беремін?!**

**Дүниеге келген соң адам болып,
Үй ішінде бөбектер жүрсін толып,
Бала болмай үйіңнің сәні бар ма
Гүлденбейсің теректей қалған солып.**

Баланың да басынан бағы көшіп,
Сәби үні сиреп барады өшіп.
Тербетілмей құр қансып қалып жатыр
Бөбек жатқан іңгәләп ағаш бесік.

Таба сала баласын тығып тастап,
Дағды боп тұр сәбиден үркіп кашпақ.
Ұрпақ өссін дегенді ойына алмай
Елді құртар сұмдыққа жүр ғой бастап.

Ойласаңыз баласыз өмір бар ма?
Бар асылдың асылы бала ғана,
Көңіліңді көтеріп жібермей ме,
Кездессең де қиындық қандай тарға.

Қуанышым бойымды кетті кернеп,
Жыр жырлармыз бесікті қайта тербеп.
Саналы ерлер құрметтеп бөбектерді
Сыйын тартып, көңілімді отыр демдеп.

Сүйсінемін Еркіннің ерлігіне
Қамал бұзған батырдан кемдігі не?
Қалай ғана шаттанып қуанбаспын
Тамаша сый тарту ғып бергеніне.

Ел көшше де, отырса, бірге қонса,
Бірге күйіп ыстыққа, бірге тонса,
Қазақ халқы шарықтап өсер еді-ау
Дәл осындай қамқоршы ер көп болса.

Сүйсіндірген ісімен бүкіл елді
Кім сүймейді риза боп мұндай ерді?
Бұрын бала туғанын ұнатпаса
Енді тілеп жүргенін көзім көрді.

**Қалып еді бөбектің үні шықпай,
Қызық жоғын баласыз ешкім ұқпай.
Жас сәбилер көбейер деп ойлаймын
Оны өлтіріп еш әйел інге тықпай.**

**Есікті ашып күлімдеп жаңа ғасыр,
Құрметтеп түр бөбекті - адамды асыл
Шілдеhana көбейіп елімізде
Той боп жатсын әр үйде айран-асыр.**

**Маскара әдет-баланы өсірмеген,
Бала өсіріп қызықтап көсілмеген.
Сәбилерсіз халықта келешек жоқ
Түйін еді бұл өзі шешілмеген.**

**Басшылар да мұны ойлап елемеген,
Дәл мұндай сыйлық беріп демемеген
Халқым-ау ұл-қызынды өсіре бер
Бөгеліп тоқырайсын енді неден?**

**Қуанарлық іс боп тұр таңғажайып
Сәбилерге сыйлығы болды лайық,
Бөбектердің қатары күнде толып
Өссін қазақ оркендеп қанат жайып!**

Алаштың ахаңы
(Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 120 жыл)

Қамалған елін,
Сынатын белін,
Ерте-ақ білген ер еді.
Халқы үшін өлсе,
Бейнетін көрсе,
Өкінемін демеді.
Ұлты үшін бастап көп істі,
Жан аямай кірісті.

Ашылмай түнек,
Жұрт жатты жүдеп,
Атар таң, сәуле білінбей.
Оятып елді,
Талпынып көрді,
Үйқысыз көзі ілінбей.
Маса да болды ызындап,
Жаны да күйді шыжылдап.

Қауіпті төнген,
Алдымен көрген,
Данышпанның өзі еді,
Дабыл да қақты,
Жұлқынып бақты,
Өртеніп ел деп өзегі.
Қайғымен кетті-ау арманда,
Көргені қорлық жалғанда.

Қырылып өліп,
Зор қатер төніп,
Халқы да құри жаздады.

Айрылып діннен,
Жанылып тілден,
Аз болмады азғаны.
Ойланар бүгін күн туды,
Ел болуға бел буды.

Күн нұрын шашып,
Ырысы тасып,
Көркейсін енді туған жер.
Алтындай сақтап,
Сөзінді жаттап,
Кез келді көпке күлімдер.
Ардақтысың асыл ер,
Халқы үшін туған кемеңгер.

Белінді буып,
Намысын қуып,
Таппадың уақыт жатарға.
Азаттық үшін,
Жұмсалды күшің,
Қоспақ боп жұртты қатарға.
Өткіздің өмір азаппен
Тағдырың бір боп қазақпен.

Көздерін ашты,
Тәй-тәйлап басты,
Құл болған қазақ кешегі.
Болса да қиын,
Тапшы боп бұйым,
Еркіндік желі еседі.
Әйгілендік әлемге,
Қуанам мұны көрем де.

Еңселі ел боп,
Өзгемен тең боп,
Есін жиып келеді.
Еңбегі жанды,
Бостандық алды,
Осы еді гой керегі!
Халықтың болып қалауы,
Желбіреп тұр жалауы.

**Тіледі елдің бірлігін
(Бұқар-Жыраудың 325 жылдық
мүшел тойына)**

**Қабыл ал жиналған жұрт сәлем бердім,
Алдына басымды иіп бүкіл елдің.
Өлеңмен ақ жүректен шашу шашып,
Ту қылып тілегімді ала келдім.**

**Мен қалай қуанбайын, шаттанбайын,
Бас қосып жиналғанда бар ағайын.
Данышпан Бұқардай ғып ұл туғызған,
Елінен, жерінен де айналайын!**

**Жиналып, басын қосып, кәрі-жастың,
Бірлікке бүгін халқым қадам бастың.
Сүйіндік, Қаржас елі масайрандар,
Осы той бәріне ортақ алты алаштың.**

**Кеп тұрған баласымын Қуандықтың,
Заманын аңсамаймын жуандықтың.
Ғарышқа қазақ даңқы өрлесін деп,
Қолыма аспан түстес ту алыппын.**

**Тұрғам жоқ ескі әдетпен ру қуып,
Рушыл, жүзшілдікке келмен жуық.
Білгеннің ата жөнін сөкеті жоқ,
Қай жерде, қандай елде өстің туып.**

**Бірлікпен тігілсін деп қазақ қосы,
Жыраудың көксеп кеткен арманы осы.
Сыйласын өзін өзі қазақ жұрты,
Болғандай бірі туыс, бірі досы.**

Еліне бақыт тілеп армандаған,
Шешетін ел тағдырын ер тандаған.
Халқына қорған болған ханды ұнатып,
Бұқар да Абылайлап ұрандаған.

Сүйгені туған жері, елі емес пе,
Ақылы тасқын бұлақ кең емес пе.
Бұқар мен Қазыбектей ұлдар шыққан,
Сары-Арқа баға жетпес жер емес пе?!

Ұйықтамай тілегені-елдің қамы,
Бұлт баспай шықса деді атар таңы.
Бас қосып бүкіл қазақ отау тікті,
Тілегі осы еді ғой аңсығаны.

Ас кетер ала болсақ ауыздағы,
Күншілдік жабыспасын сор боп тағы.
Ер туып елді билер өсе берсін,
Жарқырап өркені өсіп, жанып бағы.

Бұхардай туған бала дана болсын!
Әділдік жүрген жері сара болсын!
Ақылмен Нұрсұлтандай елді бастап,
Халқына жел өткізбес пана болсын!

Ел болып, билік алып егеменді,
Тілегін халқымыздың құдай берді.
Торлаған қара түннің бұлты ыдырап,
Ақыры әділдіктің күші жеңді.

Тіріліп өлгеніміз, сөнген жанып,
Аханды, Шәкендерді жүрміз танып.
Жүсіпбек, Міржақып пен Мағжандарды,
Оқитын болды тегіс, сүйіп халық.

Өркені өсіп, бақ қонып, өссін қазақ,
Ұмыт болып бұрынғы көрген азап.
Бір ордаға жиылып басын қоссын,
Тарыдай боп дүниеге кеткен тарап.

Сәкен тойында

Қойныма қуанышым сыймай тасып,
Мен тұрмын өлеңменен шашу шашып.
Арналған ұлы ақынға мерей тойдың,
Халыққа жіберейін бетін ашып.

Сүйсініп Сәкен жырын оқып келем,
Еліктеп мен де ақынға жаздым өлең.
'Жаннатта жаны болсын жақсы аға'-деп,
Бас иіп аруағыңа сәлем берем.

Ерекше кесек тұлға Сәкен ақын,
Сұлулық, әсемдікке табынатын.
Әні бар, тартып берер күйі де бар,
Өзінен бәрі соның табылатын.

Ардақтап туған жерін жандай сүйіп,
Елі үшін ұйқы көрмей тартқан күйік.
Жандарға мен-менсінген кеуде керіп,
Көрмеген өмірінде басын иіп.

Шабытпен елді, жерді жырлап өткен,
Елжіреп бауырында ой тербеткен.
Құбылтып тау ішінде салған әні,
Әдемі саз әуенмен бізге жеткен.

Халқының ер болған соң қамын жеген,
Ел-жұрты еркелетіп қадірлеген.
Қан жауып, қара түнек тұрған шақта,
Құрбан боп зұлымдыққа кетті неге.

Жан едім Сәкенге ылғи қызығатын,
Орын ап жүрегімнен тұрды жақын.
Өткіздім азап жолын мен де бастан,
Құмартып оқимын деп "Қызыл атын".

Түрме бар Алматыда түсі суық,
Маңына келе алмастай адам жуық.
Қазақтың терең ойлы асылдарын,
Кіргізген бұл қапасқа қойдай қуып.

Сәкен де осындайдың болды бірі,
Шықпайтын бұл апаннан ешкім тірі.
Сұмдардың азаптаған соққысынан,
Өзгеріп адам шошыр кеткен түрі.

Ғазиз-жан ес-тұсы жоқ жатыр талып,
Жендеттер жентектеген ортаға алып.
Ыңырсып қиналса ол мәз болады,
Зұлымдық істеріне мейірі қанып.

"Өзіне сол керек"-деп табалап тұр,
Құзғындай жемтік көрген қамалап тұр.
Тағы да жан жерінен қаппақ болып,
Шынжырлы төбеттердей абалап тұр.

"Айтқанға мұндай итті көндіреміз,
Басына қатер бұлтын төндіреміз.
Көрейік мықты болса-дейді олар-
Қайраты өрт болса да сөндіреміз".

Қолданып не сұмдықтың қолда барын,
Қор қылып есіл ердің төккен арын.
Азаптың неше түрлі жолын тауып,
Кетірген ақырында оның сәнін.

Есінен тандыратын кезек ұрып,
Жыртқыштай қанды балақ алар бүріп.
Әдемі қияқ мұртын мазақ етіп,
Қорлайтын жанын қинап талдап жұлып.

Соншама өшікті екен бұған неге,
Азаптың салып бақты бәріне де.
Хайуаннан қайуандығы асып түсіп,
Қинаған ши жүгіртіп тәніне де.

Қазірде бұл сұмдықты көп жан білмес,
Күн болған жұрт жадырап, адам күлмес.
Сене алмай бір-біріне үрке қарап,
Сырласып екі-үш адам қатар жүрмес.

Ол кезең әділдіктен безген заман,
Адамды адам-ау деп санамаған.
Жазықсыз талай боздақ құрбан болды,
Олардың обалына қарамаған.

Ұлылық бір бойына тұрған сыйып,
Алғандай жақсылықтың бәрін жиып.
Көркіне көрген адам тамсанатын,
Атты екен оны қалай көзі қиып?!

**Асыл азамат
(Даулетбек Әкімбекұлының 70 жылдығына)**

**Шарасыздан өлімге адам көнген,
Талай абзал жангдардың нұры сөнген.
Қара жердің қойнына қимайтынды
Қап-қараңғы апарып көрге көмген.**

**Дәулетбекті әкетті-ау ажал шіркін,
Хикая еді онымен өткен бір күн.
Күлімдеген келбеті көз алдымда
Есіме алып іздеймін дүркін-дүркін.**

**Адам еді ақ көңіл аңқылдаған,
Еш адамнан жатсынып тартынбаған.
Кездескенде қуана құшақ жайып
Амандасып, жөн сұрап жалпылдаған.**

**Әңгімеге қызғанда кетер шалқып,
Алушы еді үйіріп ішке тартып.
Алысты да, жақынды бірдей көріп
Көпшіл болған сүйкімді мінезі артық.**

**Сөйлесе сөз бұлақ боп ағып жатқан,
Тыңдағанда жүректен орын тапқан.
Өн бойынды еріксіз билеп алып
Тілінен бал ағызып сусындатқан.**

**Аландамай жан-жаққа мойын бұрып,
Қалатынбыз кездессек дүкен құрып.
Сұқбаттасып, сырласып, мәз-мәйрам боп
Орнымыздан кетуші ек зорға тұрып.**

**Адам еді ерекше жөні басқа,
Толған екен бүгінде 70 жасқа.**

Ұмытқан жоқ аталап немерелер
Шара бар ма оны іздеп сағынбасқа?!

Шаттанғанда қолына домбыра алып,
Көтеретін көңілді әнге салып.
Қонағына құрметін аямайтын,
Разы боп кетсін деп мейірі қанып.

Қоңырлатып, тебіреніп салған әні,
Естіледі құлақтан шықпай әлі.
Әңгімеге, ән-күйге тербетіліп,
Рахатқа бататын адам жаны.

Ұшып кеткен құстай боп қайтып қонбас,
Үнірейіп әлі тұр орны толмас.
Бір көруге зар болды дидарласып,
Жақын-жуық, ағайын, құрбы-құрдас.

Отырғанда әр істі еске салып,
Тындаушы едім жалықпай құмарланып.
Қауқылдасып бір жасап қалушы едік,
Бірімізді біріміз іздеп барып.

Сырласатын бүгінде ешкім болмай,
Жаутаңдаймын адасып қалған жандай.
Дәулетбектей адамдар қайдан келсін,
Құрметтейтін Мақа деп жаны қалмай.

Келешекте өмірге үлкен тірек,
Балалары гүл жайнап өссін түлеп.
Тамамдайын сөзімді қолды жайып,
Өзіне-иман, ұрпаққа-бақыт тілеп.

**Әулиедей пір тұтамын қадірлеп
(Мұхтар Әуезовтың 100 жылдық
мерейтойына)**

**Әділдік пен теңдік үшін алысқан,
Абақтыда, қапаста отыр данышпан.
Мейірімі жоқ қорқаулардың найзасы
Жүрегінен қан ағызып шанышқан.**

**Жан-жағына мойынын да бұрғызбай,
Қойды тығып бір орыннан тұрғызбай.
Із-түз қалмай сөніп қалар түрі бар
Қара түнде ағып түскен жұлдыздай.**

**Дер шағы ғой ойменен кен қазатын,
Сом алтынды тастан аршып алатын.
Кеткен, келер өмір жолын өрнектеп,
Бұрқыратып тыным алмай жазатын.**

**Зұлымдықтың жеңіп тұрған кезі еді,
Онайлықпен құтылмасын сезеді.
"Қалады-ау"-деп көп ойларым іске аспай
Күрсінуге өртенеді өзегі.**

**Міне бүгін азап шегіп, қамауда,
Шамасы жоқ алды, артына қарауға.
Бойындағы қасиетін не қылсын
Дайын отыр быт-шыт қылып талауға.**

**Жан аямас жатқандарды қамалып,
Қандалаға қаны шығып таланып.
Еңбек етіп жүрсе дағы елі үшін
Жазықсыздан "халық жауы" саналып.**

Құртсақ дейді ебін тауып қалайда,
Жауыз жандар адамдыққа қарай ма?!
Жасайтыны: кісі өлтіру, қиянат
Бұғау салып шынжырлатып талайға.

Тіміскілеп соңынан еш қалмады,
Не қылса да құрту болып арманы.
Жасып қалмай көрген қорлық, қысымға,
Көтеріліп тек биікке самғады.

Дархан дарын тежеуге ешбір көнбеді,
Тасып жатты асыл сөздің өрнегі.
Қанден итгер етегінен тартқанмен
Шыңыраудан шыңға қарай өрледі.

Үшып шықты тіпті биік алысқа,
Шарықтады қанат қағып ғарышқа.
Атақ, даңқын бар әлемге паш етті
Озып шығып қатарынан жарыста.

Шолпандай боп дара туып шығыстан,
Әлемдегі ойшылдармен ұғысқан.
"Абай жолын" бүкіл халық қастерлеп
Ұлы ақынмен анық біліп танысқан.

Оқығанда Әйгерім мен Тоғжанды,
Барлық қазақ қыздарына таң қалды.
Аналардың анасы-ау деп сүйсініп
Құрмет тұтты Зере менен Ұлжанды.

Қазақ елін бұрын ешкім білмеген,
Көңіл бөліп, көзіне де ілмеген.
Дүниені Абай болып аралап
Ешбір адам қатарға өніп кірмеген.

Естімеген ат-жөндерін бұрын көп,
Сүйсінді енді: "Мынау Абай елі"-деп
Мұндай халық өмір бойы өлмейді
Ұлдары бар жүрген елдің қамын жеп.

Білді бәрі қазақ деген ел барын,
Шағаратын өлең, жырмен мұң, зарын.
Отар болып еңіреп келген елдерге
Естіледі тағдыры ұқсас бір сарын.

Сөйлеп кетті шет елдегі тілдерде,
Ұнап жатыр оны оқып көргенге.
Қасиетті кітаптардың бірі боп
Тарап кетті алыстағы елдерге.

Ақтарғанда кітаптардың сөресін,
Таныс атқа көңіліңді бөлесін.
Алып қойған биік жерге қадірлеп
Бәрінде де "Абай жолын" көресің.

Жарқыратқан ел өмірін бұлыңғыр,
Тегіс білді Мұхтар атын ой мен қыр.
Кітаптары алтынменен түптеліп
Гете, Шиллер, Байрондармен қатар тұр.

Мұхтарды айтсам Абай тұрар қасында,
Бірге жасап кетер талай ғасырға.
Сүйсінбеспін мен қалайша шаттанып
Бүкіл әлем тойлап жатқан асылға.

Ерекше, үздік асып түсіп қалыптан,
Мұхтар шықты қанат қағып халықтан.
Әулиедей пір тұтамын қадірлеп
Қазақ елін бар әлемге танытқан.

ДАСТАНДАР
(ТӨРТІНШІ ТАРАУ)

Мешкей мешін

Алғы сөз

Түнертіп қайғылы ой қара түндей,
Келеді көптен бері бойды керней.
Жеңілсін ауыр салмақ түскендей боп,
Көңілден мұн тарамас айтып бермей.

Мен жырлар қанды жылдың аты мешін,
Кетірген ойран салып елдің есін.
Боздақтар сол кезеңде жан тапсырған,
"Тірілер ескермеді" - деп жүрмесін.

Көкейін көп адамның өртеді де,
Сырқырап тұла бойы дертеді де.
Сұмдық жыл бір мың тоғыз отыз екі
Тұрады бір зарлы күй шертеді де.

Бұл жылда жатыр толып қайғымен шер,
Елес боп көз алдымда жан түршігер.
Халықты қан шығармай қырып салған
Еститін нәубет пе еді, көзбен көрер?!

Сезілер жан тозбестей ана шері,
Бір талшық нәр таба алмай аққан тері.
Жан берсе жас бөбегін құшақтап жатып,
Болар ма аштан өлсе оның көрі?!

Өлсе де ана емшегін аймалаған,
Қалып тұр қандай үміт жас баладан.
Дұшар боп ел аштықтың обасына
Кесел ғой біздің жұртқа кеп тараған.

Индетті бастан кешкен ел біледі,
Сүйегін шанмен басқан жер біледі.
Көк шыбын үймелеген тән сасығын
Таратқан алып ұшып жел біледі.

Бұл өзі болған опат, ауыр жара,
Айрылған иесінен жылап дала.
Булығып нелер абзал үн шығармай,
Қоштасқан кең дүниемен таппай шара.

Аруақтар көз алдымда елестейді,
Ұмыт боп, естен шығып ескірмейді.
"Тірілер, біздерге де дұға оқы" - деп,
Ентелеп, қаптап келіп дес бермейді.

Шама жоқ тірілтуге не қыласың?!
Тек қана жаныңды жеп қиналасың.
Жазықсыз жан тапсырған бейбақтар-ай,
Қан болып көктен жауды сенің жасың.

Жетеді өлгендердің үні толып,
Мұн-зарын айтқандай боп, құлақ шалып.
Рухы риза боп қалар ма екен,
Қанды жас мен де төктім қалам алып.

II. Жалғыз атты жолаушы

Жолаушы келе жатыр жалғыз атты,
Мүлгиді есі ауғандай жүрмей қатты.
Білмейді өңі екенін, түсі екенін
Көргені соққы болып жанға батты.

Қаладан шығып еді өзі ғана,
Аңсатып, сағындырып өскен дала.

Жүрегі алып-ұшып лүпілдейді
Аман сау жүр ме екен деп ата-ана.

Естіген елде аштық басталды деп,
Талайлар қара жерді жастанды деп.
Көмусіз қалған шіріп сасық дене,
Жер түгіл былғайды екен аспанды деп.

Келеді енді міне көзі көріп,
Көмілмей сай-салада жатқан өлік.
Беттерін кейбірінің жасырғанмен,
Алады бәрін жинап қалай теріп?!

Жылжиды ескі сүрлеу жолға түсіп,
Топшылап барар жерін оймен пішіп.
Жан-жағы құлазыған меніреу дүние,
Тек қана қарқылдайды құзғын ұшып.

Жұтаған аксүйек боп малдан жаман,
Әр жерде сасып, шіріп жатқан адам.
Кейбірі жан шықпаған шала жансар,
Құлайды алға ұмтылып басса қадам.

Байғұсқа өзінде жоқ не береді?
Таянды демесін деп "елемеді".
Көзіне шүңірейген көзі түсіп,
Жолаушы жаны шошып жөнеледі.

Теңселді кетердей боп аттан ауып,
Мең-зең боп басы айналып ауық-ауық.
Болар ма бұл қырғыннан - деп ойлады-
Шығатын амал қылып жолын тауып".

Аяндап біраз жүріп қырдан асты.
Кеудені шерлендіріп қайғы басты.

Үстінен бір топ жанның шыға келіп,
Сескеніп түстерінен жаман састы.

Барады бәрі мұны көзімен жеп.
Бұйырып: "жылдамырақ аттан түс"- деп,
Мойынын жан-жаңғына бұрғызбайды,
Ұстаған екі-үшеу шаужайдан кеп.

Құтылу қиын болды аман-есен,
Бермейді сөзге парық қалай десен.
Бәрінің кеудесіне ұялаған
Жалғыз ой: "Аударып ап атты жесем".

Аяғын тұрған аттың байлап жатыр,
Пышақтарын қылшылдатып қайрап жатыр.
"Өзін де тіл алмаса жыға сал" - деп
Қарт адам бұйрық беріп сайрап жатыр.

Болама ерегісіп көптен күшті,
Жығылып атпен бірге қоса түсті.
"Құдайым бізге нәсіп берді ғой" - деп
Адамға толып кетті аттың үсті.

Айрылды қуанғаннан бәрі де естен,
Мәз болып ат етіне бөліп жескен.
Тындатып ақсақал шал бұйрық берді,
"Қалғанын қақтандар - деп - пісірместен.

Жігіттің өзіне үлес бер - деп айтты,
Бұйырған сен де ырзықты көр - деп айтты
Шырағым, жөн сұрасып отырайық
Қасыма таяуырақ кел" - деп айтты.

Отырды шал алдында жөнін айтып,
"Бетім - деп - келе жатқан елге қайтып.

Калада жүруші едім оқу оқып,
Алмақ боп білімді бір зорайтып.

Ақыры келіп жетті суық хабар,
Еститін оқиға ма адам нанар?
Ел қалмай быт-шыт болып босып кеткен
Бір үзім жерлерді іздеп нан табылар.

Бар еді әке-шешем, жалғыз інім,
Келемін не болды деп көрген күнін?
Мінген ат астымдағы мынау болды
Жетуге үйімді іздеп артқан сенім".

Айтқан соң әңгімесін бастан аяқ,
Мүсіркеп жас жігітті барады аяп.
"Жетерсің өліп қалмай аман болса,
Деді - шал - келіп қапсың елге таяп".

Сүйгені еске түсіп еліндегі,
Арманы - аман көру көңліндегі.
"Қанша жыл оқысан да күтемін" - деп,
Жас төгіп айтқан серті тегін бе еді?

III. Қарияның хикаясы

Ей, балам, жақын болдың алыс емес,
Танытты екеумізді құрған кеңес.
Немере шешен менің қарындасым,
Қу аштық не істетіп, не жегізбес.

Біздерге ашыққалы көп күн болды,
Келеміз көтере алмай ұзақ жолды.
Бұл жерге көз қарайып әзер жеттік,
Жаяулап артқа тастап талай жонды.

Адам ек елу шақты елден шыққан,
Сұм ажал соның көбін бүктеп жыққан.

Қалдық біз ақырында он бес адам,
Ешкім жоқ жәрдем берігі, сырды ұққан.

Асан ғой, жиян жан-ау, сенің атың,
Жететін аулымызға жазған хатың.
Айтайын бұл нәубетті түсіндіріп,
Сұмдардың елге істеген қиянатын.

Кең қолтық ел едік қой далбандаған,
Мал бағып сары далада сайрандаған.
Етін жеп, сусын қылып сүтін ішіп,
Қиындық болар-ау деп ойланбаған.

Мал болды - байлығымыз, барымыз да,
Мақтаньш, ұят, намыс, арымыз да.
Анаңдай емшек беріп асыраса,
Біз қалай теңгермейміз жанымызға.

Типыл ғып жинап алды соның бәрін,
Бермесең ат ойнатып, төгіп зәрін.
"Халықта аша тұяқ қалмасын" - деп
Көрсетіп, қамшы үйіріп, бұйрықтарын.

Орнатты ел ішінде ақыр заман,
Не болар дүниеде мұнан жаман?!
Ертеңгі қырылғанға қарамайды,
Бас алып, шаш ал десе өңшең надан.

"Бұл бұйрық орталықтан келген - дейді -
Қол қойып Голощекин берген" - дейді.
Алдына мал түскенге масаттанып,
Ырғалып белсенділер көлбендейді.

Қорқытып қолдан бәрін тартып алды,
Еңіреп шал, кемпір мен бала қалды.

Баға алмай бабын тауып жиған малды,
(Хайдаға асыра алмай қырып салды.

Өмірдің сәні қашып, құты кетті,
Қырылар адамның да жұты жетті.
Халықты қасқыр тиген қойдайқылып,
Бір талшық нәр таптырмай тентіретті.

Келеміз жерлерді іздеп егін еккен,
Орнығып бір орында қоныс тепкен.
Ел бар деп ашықпаған тамағы мол,
Хабарды медеу қылып бізге жеткен.

Барғанмен олар бізге не береді?
Демеймін енді халық кенеледі.
Көп үйден тұяқ қалмай кетті құрып,
Жоқ орын қайдан келіп тенеледі?

Шал жылап қан аралас жасын төкті,
"Құдайым беріп тұр - деп - мұндай кепті.
Күші бар өлмей тірі қалғандары,
Андай боп өрттен қашқан елден кетті".

Кетерде дорбасының түбін қарап,
Қолына бірнеше құрт алды санап.
Қалғанын бөліп беріп қош айтысты,
Деді де: "Әрі сусын, әрі тамақ".

Әдет қой бөлісетін соңғы дәмін,
Ортаға салатұғын қолда барын.
Қазақтың дархандығын сақтап қалған,
Сұм аштық кетірсе де соның сәнін.

IV. Жетім қалған жас бала

Жылжыды елге қарай жаяу қалып,
Шал берген бар үлесті қолына алып.
Ақседеу, қалың боздың арасынан
Құлағы бір дыбысты қалды шалып.

"Бұл не?" деп елегізіп тыңдап тұрды,
Дыбысқа талмаураған құлақ түрді.
Біле алмай адам ба әлде аң екенін,
Аяғын аңдып басып, таяп жүрді.

Қалың шөп басын қырқып мал шалмаған,
Тірі жан аяқ басып таптамаған.
Пысқырып жайылатын жылқы бар ма,
Қой бар ма қаптай өріп пырылдаған?

Құрыған мал да, жан да типыл болып,
Тойып жүр өлексеге күзғын қонып.
Сары дала сұрқы қашып жүдеп кеткен,
Қалғандай өмір өшіп, бәрі солып.

Сескеніп әлденеден Асан тұрды.
Жалтақтап жан-жағына мойын бұрды.
Аңдыған бұғып жатып аштар ма әлде
Жасырған құлық қылып ішкі сырды.

Кешегі тартып алып, атын жеген,
Оқиға не ойлатпас көзі көрген.
Қалжырап көз қарайып бара жатса,
Тартынар аш адамдар енді неден?

Бір нәрсе дәл алдынан қыбыр етті,
Құлаққа талмаусырап дыбыс жетті.

Көргенде бір қараны қимылдаған
Денесі сескенгеннен дір-дір етті.

О, сұмдық! бір жас бала емшек емген,
Шешесін аймалайды аштан өлген.
Емшекті сорады да ыңырсыды,
Кезеріп еріндері - қатты шөлден.

Ойы жоқ "шешем менің өлді" - деген,
Анасын өліп жатқан пана көрген.
"Құлыным әйтеуір сен тірі қал" - деп
Секілді сәбиіне еміренген.

Кенеттен адам даусын ести салып,
Тығылды анасына құшақтай барып.
Қарлығып көп жылаумен даусы шықпай,
Дыбысы естіледі зорға талып.

Шамасы жас баланың жастан асқан.
Қара шаш құлағы мен көзін басқан.
Қимылы, қозғалысы баяулаған,
Қалжырап, әлі кетіп ішер астан.

Шешесі күн көзінде жатыр ашық,
Бүлінген, иістеніп дене сасып.
Сәбиі тірі анадай аймалайды,
Жау көріп бөтен жанды, тұра қашып.

Баланы жылап жатқан қолына алды.
Аузына сусын құйып, тамақ салды.
Басылды өксігі де, кемсеңі де
Біле алмай не қыларын ойға қалды.

Жапанда жалғыз тастап кете ала ма?
Арқалап ел-жұртына жете ала ма?

Әлі де елсіз, сусыз талай жер бар,
Бәрінен баса көктеп өте ала ма?

Қарады балаға бір, далаға бір,
Етеді қорыққандай дене дір-дір.
"Үлкенді, кішіні де жұтып жатыр,
Ішінен - деп ойлады - аштық құрғыр".

Елімнің ел болуы екі талай,
Жан сақтап, есін жиар енді қалай?
Білетін барлық істі ұлы Сталин,
Қалайша отыр екен хабар алмай?

Бойына сіңіп қалған бала жастан,
Данышпан көсем көріп елден асқан.
Өзіне бәрі солай көрінеді,
Ол білсе қырылмастай халық аштан.

Білмейді мұны істеткен өзі екенін,
Сенімді Голощекин көзі екенін.
Айтқаны ел қорғаны, данышпан деп,
Әсіре құр мадақтау сөз екенін.

V Көл жағасындағы жансыздар

Қыбырлап жылжи берді елге беттеп,
Арманы - жылдамырақ үйге жетпек.
Өзі де, жас бала да қаталаған,
Жанын жеп, тоқтамастан келеді өктеп.

Алдынан жарқыраған айдын көлді,
Қыратқа шыға келе көзі көрді.
Жеткізбес таяу жер де шаршағанда,
Сүртеді дамыл-дамыл аққан терді.

Белгісі шөлдеуінің сусын сұрап,
Мазалап ыңырсыды бала жылап.
Шалысып аяқтары әлсізденіп,
Жүре алмай бір-екі рет қалды құлап.

Көлге де жан ұшырып таяп қалды,
Баланы жылай берген қолына алды.
Жиекте сұлап жатқан екі-үш адам,
Бұларды ең алдымен көзі шалды.

Ойлады үшеуінде өлген ғой деп,
Қалжырап қол жағалап келген ғой деп.
Ілініп сұм ажалдың тырнағына,
Бәрі де жан тәсілім қылған ғой деп.

Өзін де, баланы да сусындатты,
Жан шіркін аз да болса сая тапты.
Таңдайы жібігенге сорлы бала,
Сорғандай емшек сүтін тиыш жатты.

Байқастап өліктерге таяу келді,
Екеуі ерлі-зайып көзі көрді.
Бой жеткен ортасында бір қыз жатыр,
Сол ғана сәл ыңырсып дыбыс берді.

Жүгірді ыдыс алып көлге қарай,
Бір жәрдем көрсетем - деп - бұған қалай?"
Аузына сусын құйып, су бүркіді,
Өмірін қорғамақ боп екі талай.

Сәлден соң бас көтеріп, көзін аштты,
Көрді де жат адамды жаман састы.
Біле алмай кім екенін бөтен жанның,
Ұялып әлсіз қолмен бетін басты.

Қуанды қызды көріп тамақ жеген,
"Қалды-ау - деп - өле жаздап бұ да неген".
Ойлайды қыз да ішінен: "мынау кім? - деп
Бір туған ағасындай өбектеген".

Әлденіп алған кезде есін жиып,
Көз сүзіп жан-жағына салды қиық.
Көргенде ата-анасын өліп жатқан,
Тоқтатып ала алмады жасын тиып.

Босады бар денесі өксіп жылап,
Әл кетіп талықсыды жасын бұлап.
Өкініп өлмей тірі қалғанына,
Зарлады бір құдайдан ажал сұрап:

"Соңғы дәм қолдарыңнан алдым неге!?
Мен құрғыр ауызыма салдым неге!?
Қосылып өздеріңмен бірге өлмей,
Қарайып арттарыңда қалдым неге!?"

Әлпештеп мәпелеген қайран анам,
Зар еңреп, қайғы жұтып қалды балаң.
Жан болып жетілер ме жетімегің?
Айрылған екеуіңнен күнім қаран.

Құдайым маған бейнет бермесін деп,
Дүниеде қайғы-қасырет көрмесін деп,
Аузыңнан аз дәмінді жырып беріп
Бір мені тілепсіндер өлмесін деп.

Енді мен қалай жүріп, қайда барам?
Пананы өздеріңдей қайдан табам!?
Ендігі тірлігімнің сәні бар ма?
Қалжырап мен отырмын қалмай шарам.

Бар еді бірге туған жалғыз апам,
Оны іздеп ғарып басым қайдан табам?
Білмеймін өлі екенін, тірі екенін
Келер ме сені іздеуге менің шамам?"

Күнрентті мұңын айтып құба белді.
Төбірентті толқындатып айдын көлді.
Сымпылдап үйрек ұшып, қаз қанқылдап,
Сылдырап көкше құрақ жауап берді.

Жайылып жерге түсіп қара шашы,
Қиылып мұңға батып қара қасы,
Арыған ақша бетін жуып кетті,
Төгілген екі көзден қанды жасы.

Кім қалды Сарыарқада жыламаған,
Қайғырып көздің жасын бұламаған?
Топалаң тиген қойдай ел жусауда
Бір адам емдеу жолын таба алмаған.

VI Иесіз үйлер

Келеді қыз артында ілбіп басып,
Қалжырап белес-белес қырдан асып.
Шалысып екі аяғы теңселеді,
Барар жер алдарында өлі қашық.

Дем алып дүркін-дүркін жылжи берді.
Бейнетін жас баланың Асан көрді.
Тігілген өзен судың жағасында,
Қаз қатар киіз үйге таяп келді.

Маңында малда, адам да көрінбейді,
Ит үріп, абалап кеп жүгірмейді.
Тым-тырс құлаққа ұрған танадай боп,
Тірі жан дыбыс берген білінбейді.

"Кім бар?" деп ортадағы үйге кірді,
Бір жауап болама деп құлақ түрді.
Үй іші құрған кілем, жиған төсек,
Дүние жайнап-ақ тұр неше түрлі.

Бір үйдің бар ма екен деп адамдары,
Жағалап іздесе де таба алмады.
Кіргенде есік ашып бесінші үйге
Көз салып жан-жағына аялдады.

Тұрса да құты қашып, кетіп сыны,
Секілді бәрі таныс, көзге жылы.
Баса ламай буындарын тітіреді,
Көрдім деп есіне алып қайдан мұны.

Қайырып жабық тұрған есікті ашты,
Көргенде үйдің ішін түрі қашты.
"Япырай өз үйім бе?" деген ой кеп,
Төріне дір-дір етіп қадам басты.

Жатқандай төсегінде бір-екі адам,
Өлі ме, тірі ме екен не қылған жан?
Көрпені жамылулы көтере алмай,
Қалып тұр есі кетіп, болып аң-таң.

Еңкейіп, батылданып таяп барды.
Көрпені бетін ашып, тартып қалды.
Таныды өліп жатқан ата-анасын,
Қасына құлап түсіп, есін танды.

Білмейді көп жатты ма, аз жатты ма?
Күн шығып, жаңадан кеп таң атты ма?
Басында Шолпан қыз бен жас бала отыр,
Зар жылап екі байғұс оятты ма?

Әпсетте бас көтеріп, есін жиды.
Көтеріп әр бір затты, қарады үйді.
Ойланып әлде неге тұра қалып,
Көзіне ұялаған жасын тыйды.

Ширығып, жігерленіп жиып күшін,
Ақтарып тағы шықты үйдің ішін.
Інісі ешбір жерде көрінбейді
Азаппен жетіп еді-ау бұлар үшін.

Байқады екеуі де таяуда өлген,
Тәндері сасып, шіріп бүлінбеген.
"Қайда екен жалғыз інім - деп ойлады -
Бір бенде табылар ма оны көрген?"

Далаға атып шықты сабыр қылмай,
Байыздап бір орында қарап тұрмай.
Ілезде барлық үйді қарап шықты,
Жылаған қыз, балаға мойын бұрмай.

Шеткі үйде түсі суық екеу отыр,
Көзінен шүңірейген адам шошыр.
Қарайды сығырайып қол қалқалап,
Секілді көрмейтіндей көзі соқыр.

Білдірді інісінің тірі екенін,
Әзірше өлмегеннің бірі екенін,
Жүргенін көрген екен өзен жақта,
Білмейді қалай. қайтып күнелткенін.

Бір жерде өлді ғой деп қылды қауіп,
Сүрінді басы айналып ауық-ауық.
Қалжырап су шетінде отыр екен,
Ауылдан жырақ жерден алды тауып.

Жас жігіт он жетіге биыл келген,
Асанның бар туысы соңына ерген.
Екі-үш жыл қашық жерде оқуда боп,
Туысын әзер тауып, жана көрген.

Жазда да үйге қайтып келе алмайтын,
Жер алыс, мезгілінде жете алмайтын.
Ел-жұртын, өскен жерін сағынса да,
Жайрандап жарқын келіп көре алмайтын.

Қалада қалар болса қайтпай елге,
Достары алып кетер таяу жерге.
Қосылып сауық құрып жүрер еді,
Құс атып, балық аулап өзен, көлде.

Көргенде достарының бау-бақшасын,
Құмартып көзі тоймай қызығатын.
"Орыстар еңбек сүйгіш халық-ау - деп -
Білетін мезгілін де тынығатын.

Қазақ та кәсіп бар ма малдан басқа,
Мал ғана - киер киім, ішер ас та.
Жұт болып, ақ сүйек боп қырылғанда,
Кедей боп шыға келер қара қасқа.

Болса егер біздерде де еккен егін,
Молшылық болар еді бәрі тегін.
Астығы орнын басып толтырмай ма
Білдірмей жоқшылықты, малдың кемін".

Осылай жүруші еді Асан ойлап,
Бәрін де елге келіп жолға қоймақ.
Бүгінде күйреп жатқан халқы мынау,
Сұм тағдыр аямастан бәрін жоймақ.

Отырды інісін кеп құшақтап сүйіп,
Дем алып өксігі мен жасын тыйып.
Көңліне күш беретін демеу болып.
Басылды жеңілденіп іште күйік.

Жер екен осы қоныс соңғы қонған.
Қаптаған белсендіге ауыл толған.
Малға да, адамға да қамшы үйіріп,
Алыпты соңғы малын тартып қолдан.

Сорлы жұрт жаяу қалған қайда бармақ!?
Малы жоқ ішер асты қайдан алмақ!?
Кетіпті үй-күйлерін тегіс тастап,
Әйтеуір қалмақ болып жанын қармап.

Кете алмай ауру-сырқау, кәрі қалған,
Тағдырды көрейік деп құдай салған.
Көбісі айдалада көзін жұмған,
Жете алмай ешбір жерге ойына алған.

Екеуі күн кешкіре келе жатты,
Бет алып тігулі үйлер ауыл жақты.
Шалынды ащы дауыс құлағына,
Естіліп таянғанда тіпті қатты.

Жүгірді Асан ұшып жан аямай.
"Дауыс - деп - ыңғайсыздау мынау қалай?"
Талықсып қыздың даусы тағы шықты,
Біреулер буындырып жатқан жандай.

Айғайлап кіріп келді "Мынау не?" - деп,
Жас лақтай бауыздаған баланы кеп.
Қыздың да қол аяғын буып қойған,
Оған да таяныпты пышағын кезеп.

Әуелі Асан сасып тұрып қалды.
Істерлік айла-тәсіл құрып қалды.
Бойына күш-қуатын жиып алып,
Екеуін қозғалдырмай ұрып қалды.

Қыбырлап орынынан тұра алмады,
Көз салып мойындарын бұра алмады.
Адамда ісі қара күш қалама,
Қарсылық біреуі де қыла алмады.

"Масқара адамды енді адам жеген,
Мұндайды қай қазақтың көзі көрген!?
Қорғаштап бірін-бірі сақтаушы еді
Қауіпті елең қылмай басқа тонген.

Аштық-ай, адамды енді аң қылдың ба!?
Көрсетіп масқараны бір тындың ба?
Жұрдай қып ар-намыстан отырмысың,
Жусатып қоя салмай құр қырдың да.

Ен жайлап мекендейтін жерім қайда?
Қаз, үйрек, аққу қонған көлім қайда?
Адыра қалғаның ба ақырында
Иесіз қайран мекен қалып жайға.

Қолынан аш-арықтың не келеді?
Еш адам ел екен деп елемеді.
Тып-типыл тұқым болмай жусан қалса,
Халық боп енді қалай теңеледі!?

Бір жола бұл өмірден көшкені ме!?
Із-түз жоқ орны қалмай өшкені ме!?
Қайда жүр ел бастаған көсемдерім
Бір жәрдем беру жолын шешпеді ме?"

Деп ойлап, басы айналып құлап түсті,
Адамда дерт бола ма ойдан күшті!?
Күйдіріп, алаулатып тұла бойын,
Бір жалын шарпып жатыр өртеп ішті.

VII. Қайғылы кездесу

Бозарып жер дүниенің өңі қашқан,
Шөпті де, өлікті де қырау басқан.
Суық күн тұла бойды бүрістіріп,
Адамға жау боп тиді жүрген аштан.

Аштықты ойлатпаудың бір амалы,
Лаулатып күші жетсе от жағады.
Қайнатып таба алғаны қара көже,
Отырып алқа-котан жылынады.

Алғаны зорға жинап мысық құйрық,
Құдайым аш адамға қылған бұйрық.
Қатықсыз көжесінің тұзы да жоқ,
Барады ішкен сайын тіл үйіріп.

Аударып қоныстарын туған елден,
Жері осы арман қылып іздеп келген.
Әйтеуір жан шығармай әл болсын деп,
Қарамық, бидай, тары - бәрін терген.

Мәз болып қуанада таба алғаны,
Қалжырап жүдей түсер құр қалғаны.
"Жұдырық жығылғанға" дегендейін
Көбісі жүрек жалғар нәр таппады.

Жылынып, аз болса да қорек алып,
Отырды бір топ адам қаужандасып.

Келгенін үстеріне білмей қалды
Асанды сәлем берген амандасып.

Бәрі де мүлгіп, қалғып отырған жан,
Діңкелеп, әлі құрып қалжыраған.
Арыған ақша беті, өңі солып,
Бойжеткен көзін тікті болып аң-таң.

"Япырау мынау келген Асан ба?" - деп,
Барады шүңірейген көзімен жеп.
Орнынан екі ұмтылып тұра алмады,
Анықтап көрейін деп таянып кеп.

Көзіне жыласа да жас келмеді,
Өткен күн сағым болып елестеді.
Күйдіріп, іші-баурын жалындатып,
Тек қана тұла бойын дерт кернеді.

Еске алды кезеңдерін бірге жүрген,
Қызықты думандатып бірге көрген.
"Бал жұтқан тіл үшімен қайран күндер
Дарига-ай - деп ойлады - кетті-ау мүлдем".

Ғашығын Асан көріп танымай тұр,
Кім жүдеп, кімдер бүгін арымай тұр!?
Аруда өң сақталып, тұр қалама!?
Нәр татып, ішер асқа жарымай тұр.

Ағасы амандасты мұны танып,
Хал-жайын сұрап алды әбден анық.
Жылады кемсеңдеп кеп сырын айтып,
"Жүрміз - деп - болар-болмас зорға шалып.

Тамақтан өткенінің бәрін жедік,
Ішінде адал, арам бар демедік.

**Қаужайтын енді бүгін тышқан бар ма!?
Бір тойған күніміз жоқ масақ теріп.**

**Қалжырап анау жатқан қарындасым,
Көтеріп ала алмайды жерден басын.
Қиналам көз алдымда сөнгеніне,
Шара жоқ қолдан келер, не қыласың!?**

**Аштық, дерт бойға сіңген қатар келіп,
Мендетіп, тұралатып алды жеңіп.
Денеге қуат берер тамақ бар ма!?
Барады әлі кетіп, күнде семіп".**

**Осылай мұңын айтып жауап қатты.
Бұл сөзді қарындасы тындап жатты.
Орнынан бас көтеріп тұра алмауы
Қиналтып, дерттендіріп жанға батты.**

**Ойланып ауыр күйін қатты налып,
Кенеттен көзін жұмып кетті талып.
Ағасы басын сүйеп пәйек болып,
Отырды жасын төгіп алдына алып.**

**Қасына Асан келді зорға танып,
"Япырай Гүлжан ба - деп - мынау анық?
Қалжырап, қу сүйек боп өңі қашып,
Аруақтай адам шошыр кеткен арып".**

**"Қош бол - деп - ыңырсыды - ағатайым,
Қылмаңыз өлсемдағы мені уайым.
Айрылып бар туыстан жұрдай болып
Барасыз жалғыз қалып, не қылайын!?"**

**Асан-ау, сен де, қош бол не айтайын,
Мінеки, көріп тұрсың менің жайым.**

Мақшарда қосылуға нәсіп болсын
Пана боп, аман сақтап бір құдайым".

Деді де иек қағып, көзін жұмды.
Жым-жырт боп дыбыс шықпай бәрі тынды.
Бүгінде дауыс қойып кім жылайды!?
Бетіне жасын төгіп қарап тұрды.

Сүйгені серт байласып, көңіл қосып,
Қанша жыл оқыса да мұны тосып,
Қанбақтай жел айдаған ерік болмай
Жері осы зорға жетіп, келген босып.

Орнаған қалың елге қара түнек,
Токтамай қоюланып барады үдеп.
Асанға қатты тиген соққы болып,
Жөнелді зорға жылжып, жаны жүдеп.

VIII. Боранды далада

Ақ боран тынбай соғып гуілдеген.
Бір қара көзге түсіп ілінбеген.
Соққан жел ішін тартып ышқынады,
Жүрегін жолаушының тілгілеген.

Мәз болып қуанады қан жұтқанға.
Өлікті қар астына коп тыққанға.
Құртса да талай жанды тояр емес,
Қатал жау мейірленіп жөн ұққан ба!?

Қаз-қатар жол бойында жатқан өлік,
Келеді үш жолаушы бәрін көріп.

Тепкілеп аяғымен қалың қарды,
Кетеді әлі келсе Асан көміп.

Жүргізбей оппы қарлар жолды басып,
Суық жел бет қаратпай ызғар шашып,
Жеткендей титығына жаяулардың,
Ұйтқиды қараттырмай көзін ашып.

Асанның бір қараны көзі шалды.
"Бұда бір бейшара-ау" - деп ойлап қалды
Таянып неде болса бармақ болып,
Бойына күш-қуатын жиып алды.

"Көтерем әлі кеткен жаяу шығар,
Жүрісі қалжау жанның баяу шығар.
Жақындап бағанадан бір келмейді.
Жығылып құлауға да таяу шығар".

Деп ойлап жақындады қарайғанға,
Қозғалып ұқсамайды тірі жанға.
Әйелдің кеуде жағы көрінеді,
Шаншылып белуардан батқан қарға.

Көрінді қыр мұрыны, қара қасы,
Жайылып желпілдеген ұзын шашы.
Секілді желге қарсы қарап тұрған,
Жалаңаш орамалсыз қара басы.

О, сұмдық қарақшы ғып қадап қойған
Біреу ғой мазақ қылып қарны тойған.
Жасырмай қар болса да бетін жауып,
Жұрдай боп адамдықтың бәрін жойған.

Кей сұмдар өлікті де қылған мазақ,
Аздай-ақ тірлігінде көрген азап.
Соншама қорлайтындай жазығы не?
Дүниеде болады екен нелер ғажап.

Тоқтаусыз қарды қуып жел үрлеген,
Қалың қар аяқ шалып жол бермеген.
Қайғылы қар күннің куасындай,
Қара шаш қара тудай желбіреген.

Адамның жібергендей жанын ұрып,
Назарын жолаушының алды бұрып.
Қасына үшеуі де таянып кеп,
Сілейіп естері ауып, қалды тұрып.

Адамды шаншып қойған айқын көріп,
Таныды қыз апасын қалған өліп.
Өзінен тұр пішіні аумай-ақ тұр,
Бітер ме екеуіне бірдей көрік!?

Анадан бірге туған егіз жандай,
Асан тұр қайран қалып қағын тандай.
Қарайды кезек-кезек салыстыра,
Ұқсастық таңғажайып біткен қандай!

Тулады туыскандық жүрек күшті,
Жандырып, алаулатып күйдірді ішті.
Еңіреп естен танып апатайлап
Құшақтап "қаракшыны" құлап түсті.

IX Түйнекті түйіндер

Денеге қайғы да, өтті суық та өтті.
Үшеуін аштық жеңіп тым жүдетті.
Әйтеуір айдалада үсіп қалмай,
Армандап көптен күткен жерге жетті.

Асанды алып ұрды ауру мендеп.
Қарайтын адам бар ма бағып, емдеп?

**Сырқаты күн-күн сайын салмақтанып,
Жигызбай есі-тұсын кетті дендеп.**

**Шақырып екі жасты қасына алды,
Мұңлы оймен тесіле кеп көзін салды.
Жөтелі тұншықтырып сөйлей алмай,
Қысылып біразырақ тұрып қалды:**

**"Дүниеден өттім жылап, қайғы тартып,
Күйдіріп тұла бойды алды шарпып.
Қырылып туған елің құрып жатса,
Неңдей дерт болар дейсің мұннан артық!?"**

**Бере алмай жәрдем қылып қолдың үшін,
Жүргенің қорлық екен жетпей күшің.
Қалайын екеуіңе сырымды айтып,
Азғана сая тапсын күйген ішім.**

**Ел едік еркін өсіп аңқылдаған,
Сайрандап сары даланы сампылдаған.
Келсе де қанша қонақ малын сойып,
Жиналып дастарханы тартылмаған.**

**Еншіміз еш уақытта бөлінбеген,
Бар дәмін күліп-ойнап бөліп жеген.
Ашық қол, ақ пейілді қайран халқым,
Жатырсың жапа шегіп не мінезден!?"**

**Қарсы алып, құшақ жайып келген жанды,
Алдына әкеп қойған қолда барды.
Дос көрген алысты да, жақынды да,
Қонақжай сорлы басы қайда қалды!?"**

**Сенделіп, есеңгіреп күні қаран,
Қоштасты бұл өмірмен талай адам.**

Ел болып есін жиар күн туар ма?
Мазам жоқ осыны ойлап көңлім алаң.

Бұрынғы "Ақтабаннан" мынау жаман,
Бүгінде есебі жоқ қырылған жан.
Күйзелсе онда жаудың жеткен жері,
Бұл күнде жер болмай тұр қалған аман.

Айтуға бұл сұмдықты тіл жетпейді,
Тек қана уландырып жанды жейді.
Халықты үн шығартпай типыл қылған,
Еш апат бұл апатқа тең келмейді.

Мен өзім өлгеніме өкінбеймін,
Қалсын деп қара басым қам жемеймін.
Жойылып бір жолата құрып кетпей,
Ел-жұрттан өсер ұрпақ қалса деймін".

Деді де талмаусырап көзін жұмды,
Айта алмай жалғастырып басқа сырды.
Болмайтын ешбір ұмыт көргендері,
Елестеп көз алдына келіп тұрды.

Желпілдеп "Қарақшының" қара шашы,
Көрінді туған айдай қара қасы.
"Ағатай, құтқаршы - деп - мынау өрттен"
Төгілді бұлақтай боп көзден жасы.

Қара шаш түтін болып лап-лап етті,
От болып күйдіреді екі бетті.
Алаулап мал да, адам да жанып жатыр,
Көрмеген Асан бұрын мұндай кепті.

Әлемді бір қалың өрт қаптап кетті,
Жандырып бар денесін шарпып өтті.

Байғұсты жанып тұрған құтқарам деп,
Жанына жанын қинап әзер жетті.

Құлады әлі кетіп, шаршап талып,
Шырылдап әйел байғұс жатыр жанып.
Өзі де бірге күйіп кете барды,
Шығам деп жәрдем қылып өрттен алып.

Бір кезде шүңірейіп екі көзі,
Адамды шошындырып айтқан сөзі,
Жетектеп Гүлжан артқа сүйретеді.
Күш бермей еш адамға жалғыз өзі.

Саудырап, қу сүйек боп қалған қаңқа,
Жұлқиды үңірейген көрге тарта.
Ұстаған қолдарынан от шығады,
Сүйекті сындырғандай сырқырата.

Қысылып шошынғаннан көзін ашты.
Денесі қызып-жанып жанталасты.
"Аман боп енді осылар қалса екен" - деп
Ішінен тілеп жатты екі жасты.

Бекер ме бүкіл елді өрт шалғаны?
Шарпылмай, жан, тән күймей кім қалмады!?
Қайғырып дүниеден Асан өтті
Ел болып көкейінде бар арманы.

Осылай көзін жұмды талай боздақ,
Тек қана мұңын шағып, зарын қозғап.
Айрылған енесінен ботадай боп.
Қан жұтып, жасын төгіп өтті боздап.

Ақша бет уылжыған ару да өлді.
Мейрімді аналарға қайғы төнді.

**Бұқтырған қорғалатып қояндай қып,
Амалсыз ажалға да халық көнді.**

**Жоқ шығар мұндай сұмдық халық көрген,
Үркердей адам қалды қалың елден.
Бірі де "Елім-ай" деп қоштаса алмай
Булығып соның бәрі үнсіз өлген.**

**Кеткен ел өз жұртына қайтып қонбас.
Ұрпақсыз өшкендердің орны толмас.
Қалмаған жұртта жұрнақ, артта тұяқ,
Күйзелген көптің күйін айтып болмас.**

**Қырылып қалмағанда сонша күйреп,
Кетпес ек кең далада мұнша сиреп.
Туысқа жат жерлерге ауып кеткен,
Тұрады жаның ашып, бұрып бүйрек.**

**Мешін жыл титықтатып түпке жетті,
Қазақтың сонан бастап сәні кетті.
Айрылып тілден, діннен, жақсы әдеттен,
Құрдымға түбі терең бұрды бетті.**

**Бұл күнде дүниеге тұрсам қарап,
Мұңлы ойға батып кетем нелер ғажап.
Күйігі босқындардың бойды алдырар
Әлемге тарыдай боп кеткен тарап.**

**Көп адам амалсыздан шетке кеткен,
Монғол, Қытай, Түркия - бәріне өткен.
Тағдырға налимында күнренемін,
Халықты қырып, жойып тентіреткен.**

**Естісем тітірентіп тұла бойды,
Зарлы әуен құлағымнан кетпей қойды.**

**Жырладым аруақтармен бірге жылап,
Ұйқысыз түн өткізіп, бөліп ойды.**

**Талайдың орны құрып, оттары өшкен,
Қайғының ең ауыры бастан кешкен.
Өтсе де жылдар зулап, ғасыр толып,
Шығар ма ұмыт болып өмірі естен.**

**Қазақты тұралатып құртып кеткен,
Емі жоқ дерт болды ғой түппе жеткен.
Сампылдап туған жерде самсап жүрсек,
Үніміз шықпас па еді біздің де өктем.**

**Уызбай - Бикеш
(Дастан)**

**Жерлердің әсем сұлу Арқадағы,
Атақты соның бірі - Қарқаралы.
Арудың сүтін емген жас балғындай,
Сол таудан кербез Нұра басталады.**

**Басына тал, құрақтан үкі тағып,
Естілер күміс суы сылдыр қағып.
Тойдырып мал мен жанды сусындатып
Жылжиды кең даламен жай ғана ағып.**

**Өзеннің ағып жатқан ұзақ жолы,
Әңгіме, Хиса, дастан, жырға толы.
Мал баққан жылқышы да, қойшылар да,
Отырар жырғып айтып бәрі соны.**

**Қазақтың өлең, жырға жаны құмар,
Түбінен жүрегінің қайнап шығар.
Ойларсың тау, тасы да өлең бе деп,
Бойынан бұлақ болып ағып тұрар.**

**Ақын да, батырлар да шыққан көптен,
Сөз тастап ұлағатты бәрі де өткен.
Істері кейінгіні сүйсіндіріп,
Әңгіме, аңыз болып бізге жеткен.**

**Жерлер бар Ботақара, Шешенқара,
Шертерлік тамаша сыр жеке дара.
Кертінді, Қолаң жайын тындасаңыз,
Жүрекке шымырлатып түсер жара.**

Жерді құртып қазақша аталатын,
Қойғызған Советтердің сүйген атын.
Кер заман қырсық болып басқа түскен,
Өшірген ердің жерге махаббатын.

Тұратын жанын қиып ел дегенде,
Елі өскен атамекен жер дегенде.
Шығатын қаны қайнап, намыс қысып
Жауына сүйемдей жер бермегенде.

Аталған түрлі-түрлі жердің аты
Тарих қып өткен күннің жазған хаты
Ұмытпай естерінде сақтасын деп
Тапсырған кейінгіге аманаты.

Жерлер бар Уызбай мен Бикеш деген,
Нұраға құйылатын шағын өзен.
Ел жайлап көшіп, қонып жүреді екен.
Байы кім? Кедейі кім? - білінбеген.

Ежелден қоныс болған құтты мекен,
Жастары асыр салып жүреді екен.
Жас құлын аз уақытта - ақ тайдай болып,
Егіздеп қойлары өсіп өреді екен.

Құлпырып жердің беті гүл жайнаған
Өзен-көл лықа толып, құс сайраған
Жайлауға асыға кеп, үйін тігіп
Құлын байлап, қаз-қатар желі тартқан.

Бәрі де мәз-мейрам боп, ойнап күліп
Сұрасып жағдайларын жатыр біліп,
Қыс бойы көріспеген тамыр-таныс
Қуанып сыр айтысар бірге жүріп.

Кейбірі ауылдары болып шалғай,
Сағынған бірін-бірі хабар алмай.
Адасқан үйірінен құлын тайдай
Шұрқырап мәз болады жаны қалмай.

Жайлауға келіп қону бір үлкен той,
Шаттанар бәрі мәз боп, көтеріп бой.
Құрметтеп бірін-бірі шақырады
Арналып ерулікке сойылған қой.

Бәрінен бұрынырақ келсе көшіп,
Қарсы алар кейінгіні кезектесіп
Әнгіме-дүкен құру бір ғанибет
Сусындап қымыз ішіп, етті жесіп

Жиылып жастар келіп кешке таман,
Ойнайды құрып алып алтыбақан.
Ән салып кезек-кезек тербеледі
Шатты әуен түнді түріп сорғалаған.

Қосылар жақсы әуенді бәрі қолдап,
Мұндайда өнері асқан жүйрік озбақ.
Бәсеке бәрін бірдей желіктіріп,
Жіберді әншілерді тегіс қозғап.

Айтысты бәрі де ұйып қалды тындап
Сүйсініп кім жақсы айтса тұр мақұлдап
Сүйкімді сөз де, ән де болса бірдей
Сол ғана мақтау алып, озып шықтық.

Ән шалқып тамылжыды, сорғалады,
Балқытын билеп алды ой-сананы,
Ұйытып, шымырлатып тұла бойды
Тындаған жай табады адам жаны.

Төбеден күлім қағып Ай қараған
Сән беріп төңірекке, нұр тараған
Үнінен әуілдектің жалыққандай
Әсем әнді көлдегі құс тындаған.

Күлдіріп әзіл айтып, даусын безеп.
Ән салды тербетіліп кезек-кезек,
Көркем қыз, сұлу жігіт көзді тартып,
Барады қызықтырып, өртеп өзек.

Бикеш пен Уызбайға кезек келіп,
Жөнелді баппен жылжып тербетіліп.
Айдынның қос аққуы секілденді
Маңайын сәндендіріп, көрік беріп.

Бикеш қыз еркелікпен еркін өскен,
Жігіт боп киінетін іркілместен
Қыз бола қалыпты - деп мынау бүгін
Өз ара кейбіруелер күнкілдескен.

Ешкімге әл бермейтін алысқанда,
Көкпар мен тақым тартып жарысқанда,
Иіліп жігіттерге қарамайтын
Бәрі таң Уызбаймен табысқанда.

Мақтау ап қыз жағынан Бикеш шықты,
Өнерлі қыздың терең сырын ұқты,
Жігіттен Уызбайға тең табылмай
Өнге де, өлеңге де болды мықты.

Көрініп қараңғыда жаққан шамдай,
Қарайды екеуіне қағып тандай.
Қосылса құдай қосқан жұп болар деп
Ойлайды жарасымды әсем қандай.

Жиналса түнде құрып алтыбақан,
Жарасып күндіз бәрі атқа шапқан.
Көкпары, қыз қуысу, тақым тартыс
Қызықты ойындар бұл көпке жаққан.

Қыздар көп ойнар аттың құлағында
Ондайлар жігіт көңілін бұрады да
Бүгінгі жастар ойны қыз қуысу
Бәрін де қызықтырып ұнады да

- Қыздардан атқа шабар кім бар десіп
Жігіттер алабұртты гүлдесіп,
Бикеш қыз ат ойнатып шыққан кезде
Көңілі көп адамның қалды өсіп.

Тұрғанда ду-ду етіп жұрт жиылып,
Ойнатып тор бестісін қамшы үйіріп,
Есет те екпіндетіп шыға келді
- Көрем - деп - осы қызды - тұр шүйіліп.

Бұл өзі жүр еді - деп - қолға түспей
Мәз болып қуанып тұр күліп іштей
Қарамай, мойын бұрмай жүруші еді
Айтқаны, әзіл сөзі бір үйлеспей.

Басқаға қанша айтса да кезек бермей
Есет тұр өзге адамға ешбір көнбей.
- Бұл қызды өзім қуып жетемін - деп
Айғай сап өз-өзінен тұр өзеурей.

- Ол қыздың жүруші еді ызасы етіп,
Кетеді мойын бұрмай құр жарқ етіп.
Арманым өмірімде болмас еді
Бір сүйсем ақша беттен қуып жетіп.

Ер жүрек жігіт еді беті қайтпас,
Сескеніп еш адамнан жалған айтпас,
Жұрт күлер аңқаулығы тағы да бар
Ақ көңіл берген уәде, серттен таймас.

Ашумен намыс қысып атқа мінді,
Сыбанып жаланаштап білек түрді.
Адамдай төбелеске дайындалған
Көргенде мұның түрін бәрі күлді.

Кенеттен қыз атына қамшы басты,
Құйғытып екеуі де белден асты.
- Қызығын енді мұның көреміз деп
У да-шу бәрі қуып араласты.

Қуғанмен қызды қанша жете алмапты,
Ауылға бетті түзеп, қайта шапты.
Тепелеп тор бестісін басқа, көзге
Есет ер жан-жағына қарамапты.

Келеді енді мұны Бикеш қуып,
Кер тарлан қалған екен таяп жуық.
Жігітке қамшы үйіріп келе жатыр
Алдына жау түскендей түсі суық.

Ақыры қыз кеп жетіп қамшы салды,
Қапыда тиген қамшы басты жарды.
Есет ер масқара боп келе жатыр
Жағып ап бет-аузына қызыл қанды.

Өмірде қорлық бар ма мұнан жаман,
Достары жерге қарар ұялғаннан.
- Өзіне өркөкірек сол керек - деп,
Дұшпаны "шоқ-шоқ" десіп табалаған.

Жиналып бірі қалмай бәрі келіп,
Халық жүр көңілденіп қызық көріп.
Ойнатып астындағы тай, құнанын
Бала көп үлкендермен жүрген еріп.

Мәз қылып бүкіл жұртты қызық думан,
- Жігітті көрсек - дейді - қызды құған.
Қыз жетіп жігітті ұрып келе жатты
Ол сорлап қара термен бетін жуған.

Келеді енді екеуі қатарласып,
Қанатқан жігіт бетін жазым басып.
"Мынау іс ұят болды"-ау деген оймен,
Кенеттен қыз қызарып, қалды сасып.

- Ағаттық бір іс болды менен кеткен,
Жоқ еді кек алардай менің өкпем.
Қамшыны сілтегенде білмей қалдым,
Басыңды жаратындай қалай жеткен.

- Істеген қасақана іс демеймін,
Мұныңды ауырсынып елемеймін.
Өзіңе наз ғып айтар тілегім сол,
Бетіңнен бір сүйгізбей кешірмеймін.

Ұялды қыз жігіттен бетін бұрып,
Жүргенде еш адамнан түспей құрық.
Жетпесе қыз жігітке сүйгізбейді,
Өуелден бұл сақталған мықты ғұрып.

Сүйткенше ел шетіне келіп қалды,
Екеуін жұрт шуласып ортаға алды.
- Тусаң ту осындай боп, көп жаса, - деп
Жаңғыртқан дауыс шықты бүкіл маңды.

Бикешті қошаметтеп үлкен-кіші,
Сүйсінді бөрінің де бұрып іші.
Дейді олар: ”Ер бала боп туғанында,
Жау жүрек болмас еді мұндай кісі.

Түсіріп ат үстінен алды жайлап,
Шуылдап қуанады бәрі айғайлап.
Жігіттің жүрегіне шок түсіріп,
Қызарған екі беті гүл-гүл жайнап.

Жүргендер жанаса алмай жақсы көріп,
Құттықтап мәз болып жүр таяу келіп,
Бұлардың ортасында Уызбай жоқ
Неткен жан - деп ойлады - дәті берік.

Көзімен Бикеш сүзіп бүкіл елді,
Жалтақтап жан-жағына қарай берді.
Күлімдеп ат үстінде қарап тұрған,
Кенеттен Уызбайды көзі көрді.

Тұрса да жақын келмей мұнан қашық,
Қуанған жан секілді көңіл тасып.
Жалт еткен көздерінен түсіністі
Алыстан сөйлеспей-ақ екі ғашық.

Қуаныш, ойын, күлкі болып шатты
Қызықты күндер зулап өтіп жатты.
Сүйретіп ұзын құрық қарына іліп,

Бір күні Бикеш шығып жылқы бақты.
Найзасын, садағын да жауға кезеп,
Жастары жылқы бағар кезек-кезек.
Жау шауып типыл қылып кететін де
Қалдырмай тігер тұяқ өртеп өзек.

Ата-ана қарсы келіп қақпай беттен,
Бикешті бұла қылып еркелеткен.
Жүрегі көп жігіттің өртенетін,
"Болар - деп - кімге нәсіп бұл бойжеткен".

Басы бос, әлі ешкіммен атаспаған,
Бойсұнып өзі ешкімге жанаспаған.
Келгендер бос әуре боп аламын деп,
Кететін іші күйіп көрген адам.

Жігіттің бірде-бірін ұнатпайды,
Бетіне ешбір жанды қаратпайды.
Бәрі де аң-таң болып, қызғанып жүр,
Беріліп сүйгеніне Уызбайды.

Сүйкімді мінезімен көпке жаққан,
Бәрінен құрбы-құрдас қолдау тапқан.
Ат жарыс, садақ тартыс бәрін істеп,
Бағысып түнде жылқы түспейді аттан.

Жаратып, баптап, күтіп мінген атын,
Белдесіп жігіттермен сайысатын.
Жігіттер қатар жүріп сырын білген
Келуге оған қарсы қаймығатын.

Үйретіп бұл өнерге құрбыларын,
Жүреді маңайына жинап бәрін.
Аударып жігіттерді аттарынан
Күлкі ғып келтіреді ойын сәнін.

Өр кеуде өзіне-өзі сенгендері
Шарт қойып шақырады: "Кел - деп - бері
Аударып ат үстінен жұлып алсам,
Кетемін бір жолата алып сені".

Қыз шықты бұл шартқа да әбден көніп,
Жұрт та мәз бұған қарап, тұрған төніп.
Палуан деп бөрі бірдей мақтап жүрген,
Ұстасты ат ойнатып Жақан келіп.

Ынғайлап қос қолтыққа созып қолды,
Көтеріп қызды алдына алмақ болды.
Қайтарып не қылса да жігіт бетін,
Қыз тұрды қайыспастан бөгеп жолды.

Қаншама ойнақтатып келсе де атты,
Мақсаты ойына алған болмай жатты.
"Таптың - деп - тегін олжа" мазақтаған,
Жаңына жігіттің де қатты батты.

Бірінің қызды жеңіп, бағы жанбай,
Жігіттер беті қайтып кетті талай.
Серт беріп іштерінен кіжінеді,
"Айттырмай қоймаймыз - деп - осыны алмай".

Айдалып жауға жем боп кетсе малы,
Қалады артында ел шығып жаны.
Қазақтың малсыз болса, күні қараң,
Мал ғана күнелткені, карағаны.

Көреді жиған малын жаннан артық,
Байлығы, бақыты сол жүрген шалқып.
Болады ішер тамақ, киер киім,
Жүретін көлігі сол жүгін артып.

Өзінің құдай берген несібесін,
Қалайша ұйқы көрмей күзетпесін.
Жүреді кезектесіп мал соңында,
Ескермей жауын-шашып, өрте-кешін.

Жылқыда көңілденіп жүрген адам,
Ерекше бүгінгі түн маужыраған.
Шалынып Уызбайдың құлағына
Естілді тамаша ән тамылжыған.

Әуенге ынта салып, қалды қатып,
Барады тұла бойын шымырлатып.
Бір уақыт есенгіреп есін жиды,
- Анық бұл Бикеш-ау - деп, - ойға батып.

Тұп-тура соның сүйіп айтар әні,
Ол айтса осы әннің де келер сәні.
Кететін естігеннің бойы балқып,
Сүйсініп жай табатын адам жаны.

Төбіреніп, таяу келіп тындап тұрды,
Айтылған әннен ұғып терең сырды.
Әсем ән түнде көкте қалықтады,
Оятты ұйқысынан ой мен қырды.

Жайлаған басқа жаққа көшіп елі,
Көрген жоқ қызға келіп көптен бері.
Балқытып тұла бойын алып кетті,
Табылып сағынышпен іздегені.

Бикештің тіпті ерекше бүгінгі әні
Құлақ сап елжіреп түр жігіт жаны.
Балқытып тұла бойын сүйсіндіріп,
Сондағы мынау енді тындағаны.

"Қалқаны көрмегелі көп күн болды,
Ауылы жырақ кетіп, алыс қонды,
Басына ойда жоқта не түсті деп
Көп ойлап, сарғаюмен өнім солды.

Арасы екі ауылдың қашықтады,
Уызбай бір көрініп, қатыспады.
Алданып әлдекімге қалды ма екен
Келуге неге мұнша асықпады?

Кеткен көш қайта айналып оралмайды,
Ауылым жақын барып қона алмайды.
Қырындап қырық жігіт келсе дағы
Бірі де Уызбайдай бола алмайды".

Көңліне қыз айтқанның бәрі ұнап,
Кетердей бой балқыды аттан құлап,
Бикешті сарғайтпай кеп көрейін деп
Сабыр қып тұра алмады енді шыдап.

Білісті амандақты құшақтасып,
Жолығып сағынышпен екі ғашық.
Аспанда көп жұлдызды куә қылып,
Отырды көңілдері шалқып тасып.

Жіберген қуанышқа әбден бөлеп,
Бүгінгі түннің тіпті жөлы бөлек.
Жастардың шаттығында шек болмады,
Көңілін күдіктенген алған демеп.

Атқызды күліп, ойнап қысқа таңды,
Атқанын таңның жылдам білмей қалды.
Таралып күн сәулесі келе жатыр
Құлпыртып нұрға бөлеп айналаны.

Кетуге бірін-бірі тұрды қимай,
Бірігіп кеткендей боп жүрек тулай.
Амалсыз құшақтарын жазып алды,
Келеді кең далаға енді сыймай.

Жай басып, қолтықтасып отқа барды,
Ынғайлап шылбыр, тізгін қолына алды.
Аттанып кетейін деп тұрғанында
Құйғытып біреу шауып келіп қалды.

Бұзылып кеткен мүлде түсі суып,
Кетердей таптап, жаншып келді жуық.
Терлеген астында аты ақ көбік боп,
Жүргендей жан таласып, қасқыр қуып.

Ашумен сөйлей алмай дірілдейді,
Дауысы жыртқыш аңдай гүрілдейді
Ұятсыз оңбағандар екеуінді
Түнімен жаңа тауып келдім - дейді.

Бұл келген ашу қысып Есет екен,
Буыпты бұзықтыққа белді бекем.
Айғайлап қамшы үйіріп, кіжініп тұр,
Артық сөз айтпаса да оған бөтен.

Ағызып, сорғалатып қызыл қанды,
Қамшымен аямастан тартып қалды.
Қамшысын Уызбай да қолына алып,
Атына жылдам ырғып мініп алды.

Уызбай тиіспейді сабыр сақтап,
Бұзықтық қылмайын - деп жолдан аттап.
Сөздері Бикешті де жеркендірді,
Былапыт сөздер айтып, тұрған боқтап.

- Не жаздым ашуланар сонша қатты,
Ұрғаның жанды ауыртып, тәнге батты.
Бетіңе қарсы келген жан емес ем,
Қызыл қан сорғалаған бетті жапты.

- Үндеме сендей итке осы керек,
Кім едің асып кеткен елден ерек?
Қызында біздің жақтың жұмысын не?
Қойғандай меншіктейсің қалың төлеп.

- Шыдай бер не қылсам да аузыңды ашпай,
Қарсы сөз айттың қалай қорқып саспай?
Аз болса сені тіпті жентектейін
Етейін бұл маңайға жоламастай.

Ұмтылды ұрмақ болып мұны тағы,
Қамшысын көтеріп ап қолындағы
Зорайтып өзін ер қып көрсетпекші
Қалсын деп қыз көзінше сынып сағы.

Жұлқысқан ат үстінде басталды айқас,
Шегініп екеуі де беттен қайтпас.
Түйіліп, қатуланып Бикеш тұрды,
Бұларға "араша" деп ешкім айтпас.

Қозғалмай қарап қалды сабыр сақтап,
Жаны ашып Уызбайды іштей жақтап.
Ойлады арашаға түсейін деп
Қыз сөзін елең қылмай, кетпес аттап.

Бір кезде түсті екеуі аттан ауып,
Аттары шыға келді қатар шауып.
Аянбай жанын салып жұлқысып жүр
Екі ердің біреуіне тонген қауіп.

Ұмтылды Бикеш барып атқа қарай,
Ұстады шылбырлардан келіп жанай.
Алысып аударыспақ ойнағанда
Бос атты жібермейтін ұстап талай.

Жетектеп екі атты да алып келді,
"Тоқтат - деп - төбелесті" белгі берді.
Тұрғанын қыздың келіп арашалап
Ерлердің құлағы естіп, көзі көрді.

Бетінен сүртіп тастпап тер мен қанды,
Екеуі қыз бетіне қарай қалды
Танданып: - Енді бізге не айтар - деп
Сөзіне сабыр сақтап, құлақ салды.

Жігіттер, алыстындар, жығыстындар,
Жан салып аянбастан жұлыстындар.
"Қол сынса, жең ішінде" деген бар ғой
Ендеше татуласып, ұғысындар.

Тұрғам жоқ бірді боқтап, бірді мақтап,
Біріңді кетпексіндер бірің таптап.
Күш болса бойларыңа сыймай жүрген
Аямас қойсандаршы жауға сақтап.

Жақсы адам бір-бірімен алыспайды,
Жауығып құр орынсыз шабыспайды.
Екі елдің екеуінде мырзасысың
Мырзаға ырылдасу жараспайды.

Не болды төбелесер жанды аямай,
Қағысып антұрғанның саяғындай.
Екеуің ел бастарлық ерлер едің
Қараисың жұрт бетіне енді қалай?

Жақсыға жақсы адамдар жат болмайды,
Ерлерді әр уақытта ер қолдайды.
Күйттеген қара басын адам болса,
Қосылып қатарға еніп еш оңбайды.

Дейді ғой "Ер шекіспей бекіспейді",
Жақсылар бір-бірінен кетіспейді,
Құшақтасып, серт байласып дос болындар
Қас болар сендерге не жетіспейді.

Екеуі тындап тұрып қыздың сөзін,
Қозғалмай карап қалды тігіп көзін.
Менгеріп бойды билеп әкеткендей,
"Ойға алса, дос бол" деген қыздың сөзін.

Уызбай жетіп барды құшақ жайып,
Есет те достасуды көрмеді айып.
Ойлады: "Жігітке зор ұят-ау - деп,
Қайрылмай қыз сөзіне кетсе тайып".

Жігіттер қыз сөзінен кетпей асып,
Дос болды серт байласып, құшақтасып.
Көргенге мәрттік мінез риза боп,
Шаттанып Бикеш көңлі тұрды тасып.

Атты да, киімді де айырбастап,
Шынайы достық жолын кетті бастап.
Үшеуі өлеңдетіп елге қайтты
Араздық, қызғаныштың бәрін тастап.

Жұлқысып көп шайқасқан қазақ, қалмақ,
Бір-бірін әлі жетсе, жүрген таптап,
Бүкіл ел сақайдай боп сай тұратын
Қару ап, тұлпарларын мінген баптап.

Өзінің туған елі, жерін сүйіп,
Сол үшін жүреді екен жаны күйіп.
Ешбірі ел намысын қорлатпаған,
Өлсе де құл болмапты басын иіп.

Жау келіп қазақтың кең даласына,
Жук түскен бүкіл қазақ баласына.
Болыпты жан түршігер қанды шайқас
Абылай хан боп тұрған шамасында.

Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы,
Алыстан қызықтырып көз тартады.
Егіздей қатар аққан Есіл, Нұра,
Ерекше шұрайлы жер Арқадағы.

Бәріне жау жасағы басып кіріп
Ойрандап кең өлкені салған бүлік
Абылай қалың қолмен жауға аттанған,
Шықсам деп талқан қылып, бәрін түріп.

Көп қалмақ бет түзеген Нұраны өрлеп,
Ойы бар бет қаратпай бәрін жеңбек.
Әзірше беті қайтпай өршеленген
Алдынан кім шықса да таптай бермек.

Жолында тұрған елді адам демей,
Келеді жаншып басып жермей теней.
Қан басқан екі көзін жыртқыш жандар,
Өзінен басқа адамды қойған көрмей.

Көп жанды қырып, жойып зар еңіреткен,
Тірісін сескендіріп тентіреткен.
Жау таяп келе жатқан хабар тиіп,
Шал-шауқан, бала-шаға босып кеткен.

Есет пен Уызбайлар аттан салып,
Ат жетер аралады елге барып.
Төнгенін елге қауіп білгендердің
Қорқақтап қалғаны жоқ үйде қалып.

Топ құрды екі жігіт елді бастап,
Бұлармен жүрді бірге Бикеш қостап.
Қолына бес қаруын тегіс алып,
Жеткізбей мақсатына жауды тоспақ.

Не қымбат өскен елден, туған жерден,
Қорлыққа жан төзер ме халық көрген.
Жауына басынды иіп, құл болғанша,
Одан да артық дейді майданда өлген.

Кіжініп жігіттер жүр ат ойнатып,
Машық боп найза сілтеп, садақ атып.
Күндіз-түн қарауылдап ат үстінде
Бірі де көрген емес үйде жатып.

Жеткізбей қалың елге жауды бөгеп,
Екпінін бассақ дейді біраз тежеп
Малынан жүрдай болып босқын келді
Шұбырып атты, жаяу бөлек-бөлек.

Көп жердің елі кетіп, жұрты қалды,
Қалайша сақтаймыз деп мал мен жанды.
Өрт шалып жаудың басып кірген жерін,
Жан төзбес айуандықпен жұрт тоналды.

Жау қаптап өршеленіп келе жатыр,
Бет қайтпас шеттерінен нойан батыр.
Ешкімге жаны ашитын түрлері жоқ,
Орнатқан ел басына заман ақыр.

Биікте күн келеді түске таяп,
Қозғалып көрінген жан некен саяқ.
Жаушылар жау жетті деп хабар берді,
Айқаспақ бірі қалмай жанын аяп.

Қан сорпа еңтігіп тұр астындағы ат,
Сансыз қол - дейді - толған бір ғаламат.
Қарсылас қауіп бар деп елемейді
Лек-лек боп келе жатыр жайбарақат.

Көрінді алдыңғы лек шығып белге,
Жететін тоқтамаса көшкен елге.
Оларды қаң қақсатып тонауы анық,
Қалдырмай қарсы шықса тірі пенде.

Алдында жау бар ма деп жерді шолған
Жаушысын қазақ қолы ұстап алған.
Тоқтайтын ат шалдырып түрлері бар
Күтпек боп басқаларын кейін қалған.

Жайласты-ау ат жіберіп деген кезде,
Атой сап қазақ қолы шықты лезде.
Қапыда қалғанына қалмақ састы
Өкінер бір іс болды көрер көзге.

Дегеннің қауіп, қатер бірін білмей,
Ешкімді келе жатқан көзіне ілмей.
Масайрап өз күшіне әбден сенген
Шыңдалған берік болып тас түйіндей.

Біразы атқа жетпей жаяу қалды,
Көп атты қазақ жағы айдап алды.
Қараңғы түскенінше айқас болып
Жусатып көп қалмақты қырып салды.

Ерлерге жігер беріп жаудан қайтпас,
Сәтті боп аяқталды бүгінгі айқас.
Жасқаншақ қорқақтары болды ғой деп
Қазақтың жігіттерін ешкім айтпас.

Ұйқысыз сақтықпенен өтті бір түн,
Белгісіз не күтіп тұр ертеңгі күн.
Бәрі де қайраттанған, жігерленген
Шайқастан таяр емес әлі де ешкім.

Таң атты, күн қызарып қан сияқты,
Қарады назар салып дұшпан жақты.
Кешегі майдан болған кең далаға
Қалың қол жер қайысып келіп қапты.

Жарқылдап күн көзімен сауыт, сайман,
Тасқындап айбынды күш қанат жайған.
Қалың қол тас түйін боп сайланып тұр
Бір түнде үлгерді екен келіп қайдан?

Білген соң дәл кешегі болған сырды,
Кектеніп біздің жаққа мойын бұрды.
Ойлары-не қылса да кек қайтару
Сап түзеп, келсең кел деп күтіп тұрды.

"Жан қалмас қорыққанмен" - дейді қазақ,
Оданда шайқасқан жөн болмай мазақ.
Жаушылар кеткеніне үшінші күн
Кешікпей хан қолы да келіп қалмақ.

Жиналып әр жерден қол келіп жатыр,
Кейсінің жалғыз өзі жүзге татыр.
Бәрінен көзге ерекше көрінеді
Жас қыран жалындаған Тілен-батыр.

Мәмбеттен шыққан қайсар Шүрек батыр,
Топ құрып жігітгерден өңшең батыл,
Ойнатып тұлпарларын астындағы
-Көрсет -деп - жау қайдалап келе жатыр.

Шеп құрып, қатар түзеп жау бекінді
Қазақтан әлдеқайда көп секілді.
Ортаға біреу шығып, ат ойнатып,
Шақырып жекпе-жекке көпке өтінді.

Тұлғасы шеккен нардай қара қалмақ,
Талайды қарсы шыққан жүрген жалмап.
Ажалдың жан түршігер нағыз өзі
Бетпе-бет мына дәуге қарсы бармақ.

Бәрінің алып жауды көзі шалды,
Батырлар бір-біріне қарай қалды.
Мынаған жеңемін деп бару қиын,
Түйіп ап шүберекке шыбын жанды.

Шыдамай намыс қысып Тілен батыр,
Сескенбей жекпе-жекке бара жатыр.
Тып- тыныш екі жақта бола қалды,
Бұл шайқас бітеді - деп - немен ақыр.

Қатерлі басталды айқас жан аямас
Намысты жібермеуге болып талас.
Тұлпарлар көкке шапшып тірескенде
Тамшылап тер төгілген қан аралас.

Шатырлап қағысқанда найза сынып,
Қынаптан қылыштарын алды жұлып.
Тамағын ашық тұрған көздей келіп.
Жіберді жылдамдатып қылыш ұрып.

Бұл түгіл бұдан зордан жүрген аман,
Дәу қалмақ менсінбей құр шалқақтаған.
Өзінен әлде қайда кем тұтып тұр,
Келер деп мұнан қауіп сақтанбаған.

Қалмақтың түсіргенде басын шауып,
Құлады бәйтеректей аттан ауып.
Асырып абыройын сүйсіндірді
Арылып ер басына түскен қауып.

Орнатып дұшпанына заман ақыр,
Айқастап шықты жеке Тілен-батыр
Рухы көтеріліп қазақтардың
Артынан бәрі атой сап келе жатыр.

Батырлар елдің мұңын, сырын ұққан.
Бірігіп жауға аянбай қарсы шыққан.
Өскен ел, туған жерін алтын бесік
Дұшпанға қалай бермек келген сырттап.

Жау келсе баса көктеп тартып шеру,
Емеспе жерді беру - жанды беру.
Таптатып ел, жұртыңды қойғанынша
Абзал ғой қанды төгіп майданда өлу.

Қарамай шықсадағы шыбын жаны,
Қалғанша айқаспақшы қасық қаны.
Шаң-тозаң бұлт боп басып күннің көзін
Аққан қан, шыңғырған ат майдан маңы.

Түс ауып, болып қалды ұлы бесін,
Бұл кезде жиып алды қалмақ есін.
Қазақтың біреуіне екі-үшеу кеп
Кешегі қайтармақшы кеткен өшін.

Ақ байрақ желпілдеген Уызбайда,
Бар жігіт бір өзінде күш те, айла
Ілінген ел көзіне ерлігімен
Дәл мұндай үміт ақтар жігіт қайда.

Кенеттен ту қисайды жерге түсіп,
Атының қалған екен жалын құшып.
Есет кеп түсірместен ұстай алды
Жан салып, топты жарып келген ұшып.

Шайқасты бастан аяқ байқап тұрған,
Ат қойды бір топ адам түсіп қырдан.
Жау жағы байқап қалып шыққан шанды
Келді деп қалың тың қол қауіп қылған.

Біреу жүр келе сала найза түйреп
Дұшпаннан біраз адам қалды күйреп.
Қыздырып қанды ұрысты қайта әкетті
Азайып қазақ қолы қалған сиреп.

Жабылып бірнешеуі бір адамға,
Қамалап жан-жағынан алды ортаға.
Жұлқынып бой берместен қимылдап жүр
Ұқсайды қайтпас жүрек мықты жанға.

Қалың жау шуылдасып қоршап алды,
Желкеден біреуі кеп найза салды.
Күшімен көк найзаның еңкейгенде
Басынан дулығасы түсіп қалды.

Қан жуып кеткен екен екі бетті,
Жайылып қалың шашы желп-желп етті
Көргенде қыз екенін ер деп жүрген
Таңғалып қалмақтардың есі кетті.

Болар деп кім ойлаған қыз да мұндай
Көргенде түсі қашып болды сұмдай.
Айқасса ел, жері үшін бәрі осылай
Ойлады - қоймас-ау деп бізді құртпай.

Қазақтар жауға тиіп от жасылдай,
Сескенбей аз болса да бір жасымай.
Маржан-қол даласына толған жауды
Құндызды өзенінен жүр асырмай.

Көбекпен тізе қосып Тілен батыр,
Дұшпанға түсіріп жүр заманақыр.
Соңынан ерген қолы тас түйіндей
Ер жүрек шеттерінен бәрі батыл.

Шаршаған жаралыны қолдап демеп
Дұшпанды еркінсітпей жүрді бөгеп
Ашылып жүрген жері жол болады
Ерекше өзгелерден жөні бөлек.

Қалмақтар қайраттанды тың қол келіп,
Ұмтылды күштеріне бәрі сеніп.
Барады қазақтарды ығыстырып
Алмақшы бет қаратпай жылдам жеңіп.

Қаншама айқасқанмен буып белді
Қазақтың аз қолына, қауіп төнді.
Бәрінің кеудесінде бір-ақ арман
Өлмекші қорғап жүріп ел мен жерді.

Ауырып жаны күйіп ел дегенде
Ойнақ сап туып өскен жер дегенде
Жер құшып бәрі бірдей қалар еді
Хан бастап қалың әскер келмегенде.

Кәрінді түйдектеліп жоннан асып,
Жер емес көп күттірер сонша қашық.
Көтеріп еңселерін қайта айқасты
Жігіттер қорғалақтап қалған жасып.

- Қас жауым қайдасың - деп - қалың қалмақ
Аттанған хан бастаған өңшең саңлақ
Қазақты қан қақсатып келе жатқан
Дұшпанның өз басына ойран салмақ.

Жауларын жермен жексен еткен талай,
Ерекше көзге түскен қарт Бөгембай,
Жәнібек, Баян, Сары, Байғозылар
Ұмтылған ашу қысып арыстандай.

Сенетін. сүйсінетін туған елі,
Шегінен жігіттері ердің ері,
Шегініп жаудан қайтар түрлері жоқ
Бәрі де жайнап тұрған көкжал бөрі.

Ат қойды қамшы басып, жұлдызша ағып,
Тиісті екпіндетіп дабыл қағып,
Ентелеп еркінсіген қалың дұшпан
Қалғандай зәресі ұшып, естен танып.

Айқасып талай жаумен бұдан бұрын,
Ұрыстың бастан кешкен нелер түрін,
Бәрі де қаһарына мінген ерлер
Қалдырмай жауды құмақ бірде-бірін.

Шегінбей айбаттанып қалың қалмақ
Ұрысты күшін жиып жанын қармап,
Жеңістің тазразысы қазаққа ауып,
Түскендей бастарына ауыр салмақ.

Қатты ұрыс күн батқанша қыза түсті,
Боялып қызыл қанға жердің үсті,
Шегінді екі жақта тыныстауға
Айқаспақ ертең тағы жинап күшті.

Қызарып қанданғандай мөлдір аспан,
Күн шығып төңірекке сәуле шашқан
Қарасы таяу жерде көрінбейді
Секілді бұл маңайдан қалмақ қашқан.

Ұрыста жаудан өлген соққы тиіп,
Ерлерді танып тегіс алды жиып,
Көргенде Бикеш қызды жұрт толқыды
- Жерге біз көлеміз - деп қалай қиып.

Жайылып будыраған қолаң шашы,
Қиылып ақ маңдайға түскен қасы.
Нұрланған екі беті тірі адамдай
Көргеннің тиылмаған көзден жасы.

Найзамен қанжар, қылыш жерді ойды
Екеуін Уызбаймен қатар қойды
- Кетсін - деп - мінген атын өзі мініп,
Есет кеп астындағы атын сойды.

Қазақтың асыл қызы елін сүйген
Құрбан қып шүберекке жанын түйген
Жерімді жау аяғы баспасын деп
Атой сап, жан пида деп жауға тиген.

Аңыз ғып есте сақтап туған елі,
Ұмытпай келе жатыр содан бері.
Уызбай, Бикеш болып аталады
Олардың мәңгі бірге жатқан жері.

Бұл өзі тамаша жер жанға жайлы,
Мал қаптап жайылады екі сайды.
Арнасы кени келе өзен болып,
Ертеден ел мекендеп қанат жайды.

Шүйгінге қаптап келіп ел қонатын,
Бұларға садақа қып мал соятын
Жанында жұрттың мәнгі сақталсын деп
Беріпті екеуіне жердің атын.

Халқы үшін құрбан қылып қара басын,
Жұртым деп жұта алмаған ішкен асын.
Қазақтың асыл қызын кім ұмытар
Жан берген қорғаймын деп ел намысын.

Кезенді қилы-қилы көрген талай
Бәрін де біліп тұрды хан Абылай
- Қайтарып жаудан кекті аламыз - деп
Жөнелді шеру тартып алға қарай.

Тіленді атандырды "Батыр-басы"
Сүйсінді бәрі қолдап кәрі-жасы
Қайтпайтың алған беттен өжет ердің
Қалатын жер жастанып қарсыласы.

Жауменен майдандасып жүргенінде
Қимылын хан ұнатты көргенінде
Жұлқынып жолбарыстай атылып жүр
Беттетпей қатты соққы бергенінде.

Құрметтеп кім болса да басын иіп,
Үйренген ерлік қылған ерді сүйіп
Жөнелді бір топ қолды өзі бастап
Тіленге жауды тежеу ерік тиіп.

Батырлар атқа мінді маң-маң басып,
Жүргені көрінбейді қорқып сасып.
Тазартын Арқа бойын жауды қумақ
Дұшпанды тұрақтатпай кеткен қашып.

VIII.

Нұраның жағасында биік төбе
Талай ел, талай жұртты көрген көне
Қастерлі Жауыр-тау деп аталады
Жай ғана кәп төбенің бірі деме.

Осының жау бекіпті етегінде,
Құр қашып бір шайқаспай кетеді ме?
Ашынған арқасына соққы тиіп,
Күші әлі шайқасуға жетеді де.

Жау жүрек ерлер бастап беті қайтпас
Қан аққан жан аямас басталды айқас
Бұлт болып көтерілді шаң мен тозаң
Ғаламат қырғын болды адам айтпас.

Ерлерді ашындырып намыс буын
Жаудан бір сескенбеді түсі суық.
Алысып арыстандай жан аямай
Дұшпанды талқан қылып шықты қуып.

Жиналып батыр, билер өз қасына,
Абылай шықты биік тау басына.
Сүйсініп тұрды бәрі қолды керіп,
Ұқсаған жауға тиіп көк жасылға.

Айқасып ел, жері үшін жан аямай
Мерт болды қазақтан да ерлер талай
Қалмақтар жанталасып, қаша ұрыс сап
Шегініп бара жатыр жанын қармай.

Ала ту көкте биік желбіреді,
Қалмақтың қалың қолы селдіреді
Дұшпанның ел мен жерді таптап келген
Басына ажал бұлтын төндіреді.

Батырлар хан бастаған белді буып
Шайқасып талай жаумен жүрді жуық
Арқаның қасиетті жерлерінен
Қалдырмай біреуін де шықты қуып.

Байғозы, Сары, Баян, Тілен батыр
Орнатты дұшпанына заманақыр
Үмтылып тас түйін боп қазақ қолы
Кіріскен ел қорғауға бәрі батыл.

Тұратын майда қоңыр самалы есіп,
Сарыарқа жан тербеткен алтын бесік
Шайқаспай жау қолына қалай бермек
Халқына жайлы қоныс болған несіп.

Шаттықпен туған жерін қайта жайлап,
Ел жүрді көк шалғынға бие байлап
Жазылып жаудан қалған жаралары
Ұл-қызы бойын түзеп, өсті жайнап.

Халықтың көңілденіп көңілі өсіп,
Масайрап кең өлкед жүрді көшіп.
Мал бағып, бала өсіріп масайрасып,
Жерінде өмір сүрді алтын бесік.

Арманы кәрі жастың орындалып,
Қуаныш, қызық көрді бүкіл халық.
Жаулардан қорғап қалған кең далада
Еліміз еркін жүрді сайран салып.

Бірақ та ел тағдырын терең ойлап,
Хан жүрді ауыр ойға терең бойлап.
Талқандап қалмақ қолын женгенменен
Батыстан шыққан жауды қалай жоймақ.

Қауіптің қатерлісі батысқа ауып,
Түнерді кара бұлт боп көкті жауып.
Дал болды ұйқы көрмей хан Абылай,
Қалайша құтылам деп жолын тауып.

Көрінді жаудың беті тіпті қиын,
Салынар жоқ секілді бұған тыйым
Қиналтып, өзек өртеп жанды жейді
Тағдырдың күтпеп еді мұндай "сыйын".

Ойлайды "не болар - деп - кейінгі ұрпак,
Тор салып, қазақ жерін алса шырмап,
Мойнына бұлқындырмай бұғау түссе,
Сорлы елім қайда барып, қайда тұрмақ.

Бұл сұмдық ұйықтағанда түсіне еніп,
Қауіпті болжап білді тұрған төніп.
- Құл болып кетеді-ау - деп қынжылады
Амалсыз дегеніне бәрі көніп.

Еркіндік кетеді-ау деп көпке бармай,
Түнеріп ойға қалды хан Абылай
Теп-тегіс жолын жайпап келе жатыр
Бұл тажал бәрін жұтып аждаһадай.

Осылай халқын ойлап хан қайғырды,
Жан шошып, тиыш таппай аласұрды.
Ханды да, халықты да қапа қылған
Қайтерсің қайрымы жоқ сұм тағдарды.

Қалтқысыз елі, жерін жаны сүйіп,
Алысқан жан пида ғып жауға тиіп,
Қазақтың ұл, қызының аруағына
Сөзімді аяқтаймын басымды иіп.

МАЗМҰНЫ.

ТОЛҒАУЛАР

Қуан қазақ азаттық алғаныңа!	5
Жайсаң жан туралы толғау.	22
Қарттың тілегі	28
Ашынғаннан шығады ашы даусым	33

ӨЛЕНДЕР

Нұра самалы	37
Бала көздің жанары	40
Көл қайғысы	41
Көбетей тойы	42
Түркістан - түркілер төркіні	44
Сенгеніміз Нүрсұлтан	46
Әке мен Бала	48
Сот алдында.	51
Шын досқа неге көз салмайсың?	53
Не болды сәулем білмеймін	54
Ұнатамын	55
Шаттанамын	
Оқушы ойы	56
Ауыл таңы	57
Құштарлық	60
Болмасын соғыс	
Көк терек	64
Аққулы көлде	65
Ей, адамзат!	66
Сауыншы қыз	67
Қойшыға	69
Бағбанға	70
Туған жерім	71
Қойшы тілегі	72
Соға бер жүрек талмашы	73

Көштің алды	73
Тілімнің ұшырарсың киесіне	76
Үш арыс	79
Абдолла	80
Кәрім	80
Сәйділ	82
Баянды бақыт қонсын қазағыма	83
Желтоқсан лебі	86

АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

	89
Табынамын Абайға	
Мағжан	91
Қайғырамын қан жұтып	93
Ғалымның арманы	95
Өссін қазақ өркендеп қанат жайып	98
Алаштың аханы	101
Тіледі елдің бірлігін	104
Сәкен тойында	106
Асыл азамат	109
Әулиедей пір тұтамын қадірлеп	111

ДАСТАНДАР

Мешкей мешін	115
Уызбай - Бикеш	144

Осы кітапты шығаруға көмек көрсеткен аудан әкімінің орынбасары Әдиша Есмағанбетоваға, Көбетей ЖШС-ң басшысы Сәбит Қалденовке, Көбетей ауылының әкімі Еділ Тұрановқа зор ризашылықпен алғыс айтамын.

**Формат 60 x 80/16
Қаріп түрі Baltica. Офсеттік қағаз.
Таралымы 500 дана
Тапсырыс № 3568. Бағасы келісімді.**